

СЕРІК  
САҒЫНТАЙ

ҚҰС  
ҚАЙТАРУ

Серік САҒЫНТАЙ

# ҚҰС ҚАЙТАРУ

Өлеңдер

**АУҒАНЫМ**

*Баспа үйі*

Алматы

2015

ӨОЖ 821.512.122 –1  
КБЖ 84 (5 қаз) –~~8~~  
С 14

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

С 14 **САҒЫНТАЙ СЕРІК**  
**ҚҰС ҚАЙТАРУ: өлеңдер/Серік Сағынтай**  
– Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2015. – 190 бет.

ISBN 978-601-03-0357-7

Ақын Серік Сағынтайдың бұл жинағына табиғат, туған жер, Отан туралы сыршыл да нәзік иірімдерге толы айшықты өлең-жырлары еніп отыр.

ӨОЖ 821.512.122 –1  
КБЖ 84 (5 қаз) – 5

ISBN 978-601-03-0357-7

© Сағынтай С., 2015  
© «Айғаным» баспа үйі, 2015

## ҚҰС ҚАЙТАРУ

(Ә.Б-ға)

Құстар қайтып барады Құс жолында,  
Құштар көңіл дір қаққан қыс торында,  
Көшпелі жұрт көшпейді енді ешқашан,  
Мызғып жатар мыңжылдық қыстағында.

Ей, аққулар!  
Көктегі көшпелі ме ең?!  
Елші ме едің Дештінің ескі елінен,  
Кеудемдегі теңіздің мұзын сындыр,  
Гөккулеген көктемнің ескегімен.

Ей, сиқыршы құс!  
Егесі ежелгі елдің,  
Елесі ежелгі елдің!  
Балбал болып беткейде безерген кім?  
Соның аққан көз жасын көрем ылғи,  
Ариасынан алқынған өзендердің.

Құс жолына бір көшім тіреледі,  
(Сүрлеуіне орнапты құм өзегі).  
Балбал тастың жасынан бастау алып,  
Тамырымда тудайды Ғүн өзені!

Жүрегімде тербелген Сақтың көлі –  
Алтын адам шомылған аққу көлі!  
Жанарыма көшірдім – таптым да оны:  
Сарқылды ма...  
Тілініп қаққа айналған –  
Пешене боп басылып Ғақтың мөрі.

Уа, аққулар!  
Төңірдің ерке құсы,  
Біздік тағдыр – тарихтың өртегісі!  
Өзенімді сарқылтқан шөл-сағыныш,  
Өзегімді келеді өртегісі!

Өзенімді...  
Мүз күрсап, қыс қамаған,  
Қыс қамаған қытымыр қыстақ аман.  
Жетім жартас – тарихтың ескерткіші,  
Базар таржап, кикулы құс тараған.

Бастан талай заманның өтті ауыры,  
Ішке түсіп кеткендей от-дәуірі.  
...Аттан ауып қалған соң көшпелілер,  
Құстан ғана үмітті Көк Төңірі!..



## УА, ДАРИҒА...

Жас дәуреннің көктемі-ай дүркіреген,  
Көкірегің – көк аспан күркіреген!  
Сыңғыр-сыңғыр сырғасы жүректі өртеп,  
Қырға шығып барады сылқым өзен.

Ойда қалған осылып мың қызығы,  
Түн қызуы – жымыңдар жұлдыз үні.  
Көк шалғынға түскен де сіңіп кеткен,  
Тауһардан оқа салған бір жүзігі.

Көрген түстей бұлыңғыр – өткен қызық,  
Өзенде өмір барады еппен жүзіп.  
Шоқтай қарып, тесе ме жүрегіңді,  
Бүлдіргенге айналып кеткен жүзік?

Бүлдіргенді кім терді, кім термеді?!  
Сылқым сұлу өзенді қыр тербеді.  
Аққан жидек – көрген түс, қайран жастық,  
Күмбірлі күйсандықтай сыр пернелі.

Сыңғыр-сыңғыр сырғалы сұлу өзен,  
Бұлдыр-бұлдыр жас дәурен – ұлы кезең.  
Бүлдіргендей жүректе тынып олең,  
Арналысып шығамын түніменен...



## ЖАУЫРЫНШЫ

Жаныма мен туганнан серік болған,  
Тұсыма қайда көшсем, келіп қонған.  
Бір елес қыр соңымнан қалмай қойды  
Ерте-кеш елегізтіп ерікті алған.

Артыма алаңдатпай асықтырып,  
Келеміз ел адақтап...  
Қанып, қуып.  
Жетіп ап құлағыма сыбырлайды  
Арқама алақанын басып тұрып.

Сол ылғи түсімде де, өңімде де,  
Мазамды ала береді менің неге?!  
От болып жауырымнан лапылдайды,  
Қаламын ілесе алмай өмірге не.

Сыздайды жауырымнан, жауырымнан,  
Жақыннан естігендей қауіп үнін.  
Сүйегім сайрап берді қолын ұғып  
Дерт-дәуірдің көріпкел тәуібінің.

Жетіп кеп елмен, кейде оңашалы,  
Жаныма жақындатпай арашаны.  
Күбірлеп жөн арқама қолын қойып,  
Ол менің сүйегіммен бал ашады!

Сөйлейді ол ызаланып, азаптанып,  
Арқамды ашытады тозақ қарып.  
Бір күні аспанға үш деп қинайды ғой  
Тұсына жауырымның қанат тағып.

Мен сонда ұша алам ба, ұша алам ба?..  
Қара жер қуат бермес күш аларға.  
Ей, дүние, менде қандай кегің бар ед,  
Шідерлеп қол-аяқты тұсағанда?!



## **БҮЛТТАР** *(экспромт)*

Бүлттар ауып барады қаңбақтардай,  
Немесе атам қуған қалмақтардай.  
Ағыл-тегіл көз жасын көрсетпеуге,  
Тас төбемнен әрі аунап аулақ барғай.

Бүлттар ұшып барады күндерімдей,  
Зырылдаған, зулаған дүрмегімдей.  
Немесе Ескендірдің көп қосынын  
Жайпаған үнділердің пілдеріндей.

Бүлттар көшті төбемнен – сен көшкендей,  
Немесе жаз жайлаудан ел көшкендей.  
Бұла жүрек бұлқынад бір көшті аңсап,  
Тоқтатамын, тыямын мен дес бермей.

Бүлттар, бүлттар... бұйдасын шұбыртады,  
Бізді жерге байлаған гүмыр қамы.  
Көктем-күзде беймәлім көшті аңсағыш,  
Көшпелінің мен едім бір ұрнағы.

Бүлттар, бүлттар, бұйратың сүйікті тым,  
(Аспан сүйген асқақтау биік бітім).  
Керуеніңе мен қосқан боз тайлақ деп,  
Ошағымнан ұшырдым сұйық түтін.

Бүлттар, бүлттар...



## ХАЛЫҚ ӘНІ

Қонғаны ауылымның қоңыр бел-ді,  
Бел асып қоңырайған өмір келді.  
Көктемде гүл өргенде сырлы сайдан,  
Мен-дағы нөсер болып төгілгем-ді.

Бірге өскен кішкентайдан гүл-қарындас,  
Болған ек сырға берік, жырда – мұңдас.  
Мен көрдім кейін сенің жанарыңда,  
Үзілмей мөлт-мөлт етіп тұнғанын жас.

Ені жоқ, таңбасы жоқ өтті-ау өмір,  
Түршігіп талай ендік топқа небір.  
Гүлге емес, күлге қонған көбелектей,  
Өрт құшып, түсіп кеткен отқа көңіл!

Бел асып кетті жастық – қызыл түлкі,  
Кімде екен тағдырымның құзыр-кілті?!  
Кешегі табандағы көлеңкемнің,  
Жүректен сұлап түскен ұзын тұрқы...

Гүл өрген сырлы сайдан көктем ұмыт,  
Сыр кетті қанжығада бөктеріліп.  
Адасып, алты қырдан әрі асқанбыз,  
Түкемсал түлкішекті текке қуып.

Енді кеп мына өмірді ұққандайсың –  
Сабағын сабалақ қар жыққан баусың!  
Жетер ме құдағына қалқатайдың,  
Астынан алты қырдың шыққан даусың?..



## ТЕҢІЗ, ӨЛЕҢ, СОСЫН... МЕН


Теңіздің тебіренген толқыны – жыр,  
Өлеңнің жүректе өшпес өрті – ғұмыр.  
Кеш түсе ақ айдыңға шақырады,  
Сынық Ай, сыңғырлаған шолпылы нұр.

Өлеңнің жүректе өшпес өрті – ләззат,  
Өртімен өзектесер серті ғажап.  
Айдарын ақ толқынның аймалаған,  
Сүт емген сынық Айдан жел тына қап.

Бұла түн баса құшып ымырт өртің,  
Жұлдызға жұптастырған ғұмыр көркің.  
Кеудеме керім жыр боп көшуші еді  
Маңдайынан Ай сүйген құлын толқын.

Сол күймен толқып қазір шайқалам-дүр,  
Аспанның асқақ әнін айтар ем бір.  
Балқаштың суыны\* ғой суырылған,  
Кеудемді дүбірлеткен айтөбел жыр.  
Кеудемді дүбірлеткен айтөбел жыр...

\* Суын – қазақ ертегілеріндегі теңіз жылқысы.



## ҚАРАША, ЖЕЛТОҚСАНМЕН...

Алдымда қалың тұман...  
Соқыр жандай,  
Ілбігем бір үміттің отын барлай.  
Кезікті қасат қарлы қыр баурынан,  
Күзекте ықтырмамен отырған «бай».

Күзеуде ықтырмамен отырған бай,  
Өмірін ойлап өксіп, оныңандай.  
Ерте емес кеш барарға жері де жоқ,  
Жер түгіл тақым сүйер тоқым қалмай,  
Күзекте ықтырмамен отырған бай...

«Қараша, желтоқсан мен - сол бір-екі ай...»  
Шаңырақ, Қазгородок, сорлы Бақай...  
Ескі өлең, ежелгі мұң, егілген ел,  
Қазақтың өзгермеген помына сай.

Қазақтың өзгермеген ғұмыр көші,  
Азат күн, түрілгенмен түн іргесі.  
Өгіз аяң өмірді күту үшін,  
Өзге әлемнің белгілі кідіrmесі.

Өзге өмірге кетті де дана һакім,  
Қазақтың жазған жан жоқ жарақатын.  
Сағаттың шықылдағын ермек етіп,  
Заманның алам дей ме ел марапатын?!

Қай-қайда қуған қыял жалғанға жат,  
Қайғы ойлап, қам жегенмен арман – мазақ.  
Күзетте қалғып кеткен қарауылдай,  
Күзекте ықтырмамен қалған қазақ.

«Қараша, желтоқсан мен - сол бір-екі ай...»



## СОҚЫР АККОРДЕОНШЫ

Шығыстың жырланатын газалында –  
Ерекше нұр шалқыған ажарында,  
Тұрады соқыр жігіт сырнай тартып,  
Қарагандының орталық базарында.

Тұрады соқыр жігіт сырнай керіп,  
Жатқандай жанарында гүл – қайғы өніп.  
Лыксиды базар-толқын жағаны ұрып,  
Жабысып балағынан былғай беріп.

Өзінше өкінген боп тағдырына,  
Ортақ қып базар бөлген қалдығына,  
Өтеді жүргінші жұрт тыын тастап,  
Бұтына қысып алар қалбырына.

Дидары түлей түздің ортеңідей,  
Ырғағы өксік күшқан келте өмірдей,  
Теңселіп тұрар сонда соқыр жігіт,  
Қайықтың жел жұлқыған желкеніңдей.

Жылайды аккордеон таңнан кешке,  
(Есебі – соқыр тайлақ талған көште).  
Концертін тыңдап тұрам жақын барып,  
Көз ашпаған кезімді алғанда еске.

Көңіл мас, көз жұмулы – жас дәуренің,  
Сазға елтіп, басын білмей басқа әуренің.  
Жүректің жырын ғана тыңдай алар,  
Ей, бауыр, есінде ме мастау кезің?!




Ей, бауыр!  
Тәлкек туса тағдырыңда,  
Түйткіл боп Төңіріңнің жарлығыңда:

Шашум бар тойыңның сылдырлайды-ау,  
Тағдырдың итаяқтай қалбырыңда!

Сыңсиды соқыр, сырнай – егіз әуен,  
Лықсиды көбік көзді теңіз өлем!  
Көңілдің көзін ашып өмір сүйген,  
Соқырды көзәйнекпен мен ұғар ем!

Сырнайлы сырын жырдың ұққымыз кеп,  
Сезімге сергелденшіл тұтқын іздеп,  
Келеміз күйкі өмірден мезі болып,  
Жанарды жұмып өте шыққымыз кеп!

Түнектей – өксікке өмір өзі ұласса,  
Саз болып сыңсыр жырдан сезім асса.  
Былғанған бізді көріп жеркенеді-ау,  
Бір күні соқыр жігіт көзін ашса!  
Бір күні соқыр жігіт көзін ашса...



## КІСІКІК

Бала күнді еске аламын жиі мен,  
Сол кезден-ақ мұңлы кісікиік ем.  
Күн астында күреңітіп жүретім,  
Кеудемдегі кәрі қобыз күйімен.

Балдәуреннің бақ-армандай бал күні  
өте шығып,  
жүректі ой тарпыды.  
Көкірекке сызын сыйлап кетіпті  
Бізді өргізген құралайдың салқыны.

Біз жөңкілген құба дала қырында  
Қызық қалды алмастырмас гұмырға.  
Жастық дәурен үзіп қалды күдерін  
Тұлғамыз да айналғалы тұғырға.

Киік кетті, кісімсіген мен қалдым,  
Күйім кетті,  
Қобыз қалды шалған мұң.  
Бала кезді сағынумен келемін  
Жарым жолын жүрмей жатып жалғанның..

Сапар мынау сағым қуып, салыққан.  
Бөкен емес, бөрі алдыңнан жолыққан.  
Көкжиекке сіңген киік – сырласым,  
Одан өзге жоқ әлі ешкім мені ұққан!..



## БҰҒЫЛЫҒА БАРҒАНДА

Тарылғанда тірлігіңнің тынысы,  
Жарылғанда дүниенің бұрышы  
Күңіренген күндеріңнің бейнесі –  
Мөңіреген Бұғылының бұғысы.

Мұқалғанда мұратыңның құрышы,  
Тақалғанда тауқыметтің қылышы,  
Жердің жүзін дүбірлетіп жетердей,  
Бұғылының біз көрмеген бұғысы.

Өрден аспай өзендердің ағысы,  
Жаңғырықпен талқан болған тау іші.  
Таудан қашып, түнге сіңіп жоғалған,  
Бұғылының бұғысы,  
Тағылының тағысы.

Қара жердің қалыңдаған қыртысы,  
Өзгергенде өңіріңнің түр-түсі.  
Қалаға еніп қарақшы боп кеткендей,  
Мына таудың қалың қарсақ-түлкісі.

Аласарып келе жатыр биігім,  
Шала шалып, бықсып жатыр киізім.  
Бірақ, соған қарамай...  
қарағайдай мүйізім,  
Менің қайран, қарағайдай мүйізім!

Мінезінен аңғарылар тау төсі,  
Бұғы көрдім салбыраған әукесі.  
Аға көрдім туган жерін сағынар,  
Дала жақта қалып қойған жарты есі.



Дала жақта қалып қойған гүмьры,  
Мен едім ғой көшпелінің бір ұлы!  
Сыңқылдаған домбырамның сынығы –  
Лайланбаған көңілімнің тұнығы.

Лайланбаған өмірімнің – тұғыры,  
Байланбаған – өмірімнің шығыры...  
Сен не дейсің, мені көріп, бұ күні,  
Мен не дейін сені көріп, Бұғылы?!



## ЖАЗУ

*Әлем кітапқа кіруге ұмтылып тұрады.  
II. Малларме.*

Кеудемді көмкергем арманмен,  
Ақтарсам бола ма қажеті?  
Есімде мектепте, балдәурен,  
Содан соң...  
Қабырға газеті.

Айына бір рет шығатын,  
Тиражы болса да бір дана.  
Ел жоқта жайлап кеп тұратын  
Өз-өзін оқуға бір бала.

Өлеңге ғашықпын.  
Шын!  
Неге?  
Ол десе қалмайды ес менде.  
Шатпақтап жазушы ем бірдеңе,  
Алтыншы класқа көшкенде.

Әлі де жадымда, жадымда  
Төмпиган момақан қоңыр ұл.  
Балалық айналған сағымға,  
Көңілде сағыныш шөлі күр.

Есте жоқ балалық өлеңі,  
Өлең көп, онбеген ісім көп.  
Сол ұл тек түсіме енеді,  
Қағаздан қатырған мүсін боп.



Мүсінге карауға жасқанам,  
Санамды сарнауық күй жайлап,  
Кеудесін кірлетіп тастаған,  
Жалғанның жазуы шимайлап.

Шимайдан тазартқым келеді,  
Келеді қағазға жан бергім.  
Мүсін тек өртеніп өледі,  
Сол түсті бір емес сан көрдім.

Күлді ұстап көзіме сенбеймін –  
Со мүсін, со газет, со бала,  
Ел жоқта шерленіп жерлеймін,  
Кітаптан қаланған молаға.

Кеудемді көмкерем арманмен,  
Өртенем түсімді түсінбей.  
Жалғасып кетемін жалғанмен  
Өзім сол қатырма мүсіндей...



## АЛТУАЙТ

Нартымен өртей салып мұң-қапаны,  
Тұсынан Алтуайттың Күн батады.  
Ымыртта күнбатыстан көшкен сәуле,  
Маған бар көне шерді жырлатады.

Тұсынан Алтуайттың батады Күн,  
Шалғайын алау шарпып шапанының.  
Сәуленің түнге сіңген сілемімен,  
Ай жаққа ұшып бара жатады үнім.

Алтуайт – аты жұмбақ жоталы қыр,  
Баурынан күнде боздар боталы нұр.  
О-дағы көкке ұмсынып қатып қалған,  
Басына бермеген соң она гүмұр.

Ол ғашық көктегі Айға, мен де ғашық,  
Күн семер соны сезіп, белден асып.  
Қол жетпес қияларға көңіл сермеп,  
Екеуміз қалғанбыз ғой жерде жасып.

Алтуайт.  
Аты жұмбақ, заты жұмбақ,  
(Атыңда аяулы өнге жақын ырғақ).  
Ақыры Айға жетпес арманыңмен,  
Сен шөгіп келесің-ау ақырындап.

Сен сіңіп кетесің-ау жерге мүлде,  
Келместей, оралмастай енді өмірге!  
Мен де ұшып, Айды құшып жоғалармын,  
Тұсыңнан тағы бір Күн сөнгенінде.  
Алтуайт...



Мен жолдамын, өмір бойы жолдамын,  
 Тораптанған тоқсан тарау толғамым.  
 Қалың сайтан ұшырғысы келеді,  
 Періштенің нығыма қонғанын.

Мен жолдамын – қайда барам адасып,  
 Шаң күдіктен шел оранған қарашық.  
 Қарсы алдымнан кезіккен сан дәруіштен,  
 Мылқау болдым жол сұрамай жақ ашып.

Мылқау болдым, айтпай оған жөнімді,  
 Сақ-сақ күлгем сайтан кессе жолымды.  
 Гүлге көмгем Тәңір озар төрімді,  
 Пірге бермен қолымды...

Мен тордамын, өмір бойы тордамын,  
 Торға айналған тоқсан түрлі толғамым.  
 Өмір күйік болған сайын тіл ащы,  
 Өнер биік болған сайын сор қалың!..

## ҚАЗАҚ

Қайдасың, мырза көңіл, мәрт күндерім?!  
Серт қылып ат күйрығын шарт түйгенім.  
Егесіп екі кештің арасында,  
Сүргінге сүрең салып тарттым дедім.

Кіреуке кірбиң кілкіп кірпігімде,  
Қосып бір күмай Күнді түлкі іңірге.  
Түтігіп тебінгімді тер шірітіп,  
Күңіреніп күнде жорттым Күн түбінде.

Жыра-жар, тұма бастау, құба қырлан,  
Сағым боп сарнай көштім сылаң ұрған.  
Қонақтап Қорқыт-тағдыр тар маңдайға,  
Жын қуып жылыстадым жұмағымнан.

Қырқып бір қос қанатын қарға түнін,  
Тайпалмай, тайғақ кешіп таңды атырдым.  
Сере де сере мұзбен шөл қандырып,  
Қар қарлып, құсаланып қан қақырдым.

Күрсінді ол осыны айтып ақырғы рет,  
Содан соң соқпай қалды батыр жүрек.  
Түрткілеп ердің тәнін арғымақ тұр,  
Жапанға ымырт-тарих жатыр түнеп.

Тартпа бос, тебінгі сау, терлік аман,  
Тек енді тіл қатпайды шерлі бабам.  
Күңіреніп Күн түбінде мен де қалдым,  
Ей, жалған, не істе дейсің енді маған?!



## СЕКСЕУІА (микропоэма)

...Күнәға кешірім жоқ ешқашанда,  
Тірлікті қайта бастан бастасаң да.  
Кемдікүн қызық дәурен өте шығар,  
Кешігіп кешу айтып қоштасарға.

Сол күнді қапияда жетсе білмей,  
Өксікке айналады көксеуің кей.  
Кеудейді көкіректі күйінішін,  
Ішіңе біткен бір түп сексеуілдей.

Түбірі сексеуілдің кіндігінде,  
Тамыры – қылған күнә тірлігінде.  
Тынарсың ел көшіне қосыла алмай,  
Қуарып, құр елітіп мың дүбірге.

Сексеуіл – шағылда өскен жан бауырым,  
Жасынан жанып келген қандауырым.  
О-дағы көшкен елмен бірге жөнep,  
Бастаған әр шаһарда зар дәуірін.

Қалада – тас көшелі, шағылсыз жар,  
Табаның тасқа тиіп, жаның сыздар.  
Қаңбақша қалың казак жөнкіледі,  
Көндірген тәртібіне тамырсыздар.

Тас қала, тасты жарған қарағай жоқ,  
Тау да жоқ, тау көтерер Толағай жоқ.  
Ақсақал ақыл айтар, баладай боп,  
Бала да бассыз өсер шалағай боп.



Құм да жоқ, топырақ жоқ тамыр басар,  
Тас жолдан сая таппай сағым қашар.  
Қазаққа жаны жақын сексеуіл де,  
Бауырға бауыр басып қауымдасар.

Қайтеді ол құм таппаса байланарға,  
(Тағдыры тура бізбен сай болар ма?!)  
Қазақтың кеудесіне түсіп кетер,  
Бір күні тойдан шаршап жайрағанда.

Сексеуіл сүйіп өскен күнді, жерді.  
Тағдырдай тасқа жазған тірлігі енді.  
Найқалып нән қалада көшіп жүріп,  
Табады талай ұлды құм жігерлі.

Табады талай жанды мұңы есілген,  
Көшеден, кинозалдан... күресіннен.  
Ішіне бітеу бітіп жанын қинар,  
Тірлігін тәмәм қылып күле сүрген.

Зар бұта тамыр жаяр жас тәнінде,  
Енерсің елден кетіп, басқа өмірге.  
Елітпей еш сезімге, жасқа, гүлге,  
Азыққа аттанарсың аш қабірге.

Сыр да жоқ, сымбат та жоқ, тілек те жоқ,  
Телміріп санаңдағы түнекке көп.  
Сексеуіл кепкен бұта сықырлайды,  
Одан тек құтқарады жүректегі от.

Одан тек құтқарады жүрек қана,  
Жүректе лапылдайтын бір от дара.  
Өртеніп өзегіңе жалын бітсе,  
Болады санаңдағы түнек те ада.



Шоғындай сексеуілдің қайран жастық,  
Маздамай, өз басыңа байланбас құт.  
Біз неге қалаға кеп қаңтарылдык,  
Біз неге қырдан қаштық, сайдан қаштық?!

Біз неге ұмытамыз ел аңызын?  
Бұтағы сексеуілдің салады ызың.  
Біз неге бас тартамыз бар тарихтан,  
Біз неге тыңдамаймыз ар арызын?

Біз неге жат боламыз құм-шағылға,  
Тұтқын боп түнектегі тұмса мұңға?  
Бұтағы сексеуілдің – екі қолым,  
Аңырап аза жатыр күрсағымда.

Аңырап дала жатыр, қала жатыр.  
Жақындап қалғаны ма заманақыр?  
Теседі жүрегінді сор сексеуіл,  
От болып өртенесің қара да түр.

...Қазақтың ескен жыры, көшкен құмы,  
Таппаса тірлігіңнен еш белгіні.  
Басталар бұл далада алапат өрт,  
Сексеуіл жүрегінді тескен күні!



## ЕСКІ ЖҮРТТА

Біздің ел қонған боз дала мынау,  
бөздей боп тозып кеткен бе-ей?!  
Боз самал соқса, қозғалады қау  
мұңлы бір әуен өпкендей.



Жол жатыр, өне, қайыс таспадай.  
Соңғы көш өткен бұл жермен.  
Қабырғам оған қайыспас қалай,  
шөп-шөлкем жауып үлгерген.

Бұлтты да кеше қалың бұл аспан  
жалбыр тон киген шұрқ-тесік.  
Бұлағым, өне, салынды басқан,  
қолыммен алдым құрт көсіп.

Шатырлы боз үй орыны қапты,  
Мен өсіп едім бұл үйде.  
Тірілер көшіп, қорымы қапты,  
Не істейін уақыт-дүлейге?!

Боз орда сайын бір-бір антенна  
әуеге басын шұлғитын.  
Батырып қызыл Күнді бар ферма,  
ғаламды тыңдап мүлгітін.

Жанымды бір мұң үңгиді жұртта,  
Сұңгимін көзім жасына.  
Молалар ғана мүлгиді ымыртта  
бір-бір Ай қадап басына...



Арман-ай!..  
 Аспанда ашпақ Ай,  
 Арымды араймен аптағай.  
 Алаштың ақсерлі айнасы,  
 Атыңнан айналдым, Ақтоғай!!!

Қажысам қарбалас қаладан,  
 Қияңа қыранша қарағам.  
 Қастерлі қонысым құт қонған,  
 Қарекем қазығын қадаған.

Толқыған тоқырап тұнығы,  
 Тарқаған, төгілген тұлымы,  
 Тектілік – Тәңірден тұмары,  
 Төр Тұран – топырақ-тұғыры!

Оғыздай он орам ордалым,  
 Ордаңа отаудай орнадым.  
 Ошақтың орнындай ойылған,  
 Ойымды ораған орманың.

Ғасырлық ғаламат ғажабы,  
 Ғашықтық ғағиғақ-ғазалы.  
 Ғибрәтлі, ғиззатлү ғұмырың  
 Ғапыл ғой Ғираты, Ғажамы.

Ар, Арман – Ақтоғай атты арай,  
 Асқақтап, арыннан аттамай,  
 Арканың айдарлы алабы,  
 Атыңнан айналдым, Ақтоғай!

Изендей іілген ибалым,  
 Иемнен иеленген иланым,  
 Иығыма инабат игерткен,  
 Игілік идірген иманым!!  
 Атыңнан айналдым, Ақтоғай!!!

## ҮШТАҒАН

Сезімім үр жас болғанмен,  
Ойымның кәрі кескіні,  
Толассыз топан толғаммен,  
Жалғанның өтер бес күні.

Аптаның да өтер бес күні,  
Сенбі, жексенбі – сергелден.  
Ойымның кәрі кескіні,  
Сол ескі таныс – ел көрген.

Сол ескі таныс, ескі иін,  
Сезімге сенем несіне?!  
Бес күннің құны – бес тиын,  
Жалғандым жалған көшіне...



## 1943. 29 ҚЫРКҮЙЕК.

(поэма)

...Еуропа – қарт зарлық, көрі құрлық,  
Зәуазат-жұртын жаһаннам зары қылғып,  
От тілімен аспанын айпар қылып,  
Оқ тілімен ысылдай шайтан күліп.  
Ыңыранып, ыңырсып топырағы,  
Күңіреніп, күңірсіп атырабы,  
Қара түні жай түсіп қақырады,  
Дала тіні тітіреп аһ ұрады.  
Ай дидары алапес – шатынады,  
Қан жүкқан қап-қара еді жапырағы.  
Қан жүтқан...  
Ағады өзен ыңыранып,  
Әредік Айға қарап ұлып алып,  
Қалың сарбаз бөрідей көкшулан-дүр,  
Отқа оранып өткен-ді от судан бұл.

...Қалтылдақ сал,  
қалың оқ,  
қайнаған су,  
Толқыны үстін ақ ажал жайлаған су –  
Днепр қабағына жау бекініп,  
Батыс беттен шығысқа нәубет үріп  
қара қаншық тәрізді қан тілеген,  
Жер-жаһанды қанқұйлы салтыменен  
жауламаққа жауыздық антыменен,  
Орман мылтық,  
зеңбірек,  
танкіменен –  
Ажал лоқсып қансүрек ұңғылардан,  
Суға қарай оқ бүркіп тұрды жардан.



Зар жұтқан дала жатты ажал аңқып,  
Шер жұтқан ұлы өзенде аза қалқып,  
Ырғасқан екі дню арасында,  
Тыйылмас қанды жүрек жарасындай,  
Ағады Днипро жал-жал болып,  
Барады Мартбек жанын салға оңгеріп.

О, Днепр, ұлы өзен, ұлан өзен,  
Жал толқын боп жан даусы шығады ерен.  
Күрсінгенде күллі әлем күңіреніп,  
Жауыздықтың жалы боп күдірейіп,  
оқ ұшқанда ең алғаш бір шыңғырып,  
толқыған-ды жаһанды күрсіндіріп.  
(Қызылкүрен кара су қан кемерлі,  
Кім біледі дәл мұндай зарлы өзенді!)

...Қалтылдақ сал,  
Жаңбырша жауған жебе,  
Жұлынған бас,  
бассыз тән,  
Қан-қан көбе.  
Қозыжауырын жебе емес, бірақ, оқтар –  
Түскен жерін көр қылар снарядтар.  
Қалтылдақ сал жарамас еш панаға,  
Көбе де жоқ, баста тек каска ғана  
қан аралас суменен айғыздылған.  
Күңіренген кез еді байғыз-жалған.

Қан-қара түн,  
Жұлдыздың жылтылы өшкен,  
Жердің қаралы үрейін бұлт үлескен.  
Сан-сан қолдың демімен түн қабарған,  
Сан-сан ұшқын атылған мың жанардан.  
Қос қабақта анталап орыс-неміс,  
Таразыға тартылған өріс-қоныс.  
Өксік демін өкпеге қамап дала,



Ың-жың, ыза –  
үксайды тозаққа да.

Ыс-ыс етіп жыландай зулаған оқ,  
Қара түнді кескілеп, тураған оқ.  
Қарс айырып даланың көкірегін,  
Құлап-ұшқан бомбалар өкіре мың.  
Ойдақ-сойдақ жер үсті қопарылып,  
Аждаһалар арбасқан жотада ұлып.  
Арыл-гүріл тау темір жар кемірген,  
Біртұтас боп бергі өмір арғы өмірмен.  
Адам жаны кеудеден ұшқанша асық,  
Ұша барып, бұлттарды құшқанша асық.  
Тек өлермен намыс пен өр пешене,  
Күлден қаулап шығатын өртесе де,  
Нұрдан туып, ұмтылған нұрлы аспанға.  
Екі өмірдің арасы жымдасқанда,  
Екі жақтың найзасы андағайлап,  
шарпысқанда;  
жас жанын салға байлап;  
Ажал құсы ұшқанда қалбағайлап,  
Алға ұмтылған аруақтап алғадай бақ!

Қалтылдақ сал,  
Қара түн,  
Зіл пулемет,  
Аман өтсе өзеннен зіркілдемек.

Аман өтсе...  
Өмір мен өлім сыны...  
Құйын-перен ажалдың жел ұршығы  
үйіргенде басынан зор күрәсің,  
Ер бабалар танытқан нардың күшін,  
Ақ білек,  
Ту,  
Ақ найза,



сірі адырна,  
Жебе үні...  
әлі жау құлағында.  
Дабылымен әлемді дірілдеткен  
Бабалар-ай, баһадүр бұрынғы өткен.  
Уа, аруак!  
Аруақ, жебегей деп,  
Сүңгіп кетті ер Мартбек телегейге.

Ауаны сызды сырғақ соқталаған,  
Сырғақпен араласа оқ бораған.  
Тілгілеп қара түнді жарғанаттай,  
саулаған снарядтар жарқабақтан.  
Аспанның атылғандай шер жүрегі,  
Дүмп-дүмп еткен немістің зеңбірегі.  
Бір күрсініп, қара жер аунай кетіп,  
Қылыш қиған коллодан аумай кетіп,  
құлап бара жатқан-ды көр түнекке;  
Сонда ердің айналып өрті кекке,  
Зау биікке намысын көтергендей –  
Көрі өзен күрк-күрк жөтелгендей,  
Бұрқ-сарқ етіп ашуын сапырды да,  
Алға атылды Мартбек ақырды да!

Алға атылды жебесі өр даланың,  
Адырнадан аңырап шер-нала мың.

Жайқын су, жалпақ өзен Днепр-ді,  
Бейбіт күнде ел өте алмай жүретін-ді.  
Кім көтерер қиямет гажап сынын –  
Тоғыз жүз метр арналы тозақ суын!  
Әзірейіл күркіреп төнген түні;  
Суға кетіп талай ер өлген түні;  
Табыттай қара түнмен қорғанып тек,  
Кешіп өте шыққан-ды ер Мартбек!  
Оттан аман, қандыауыз судан өткен

Ер жаудырды жауына оқ пулеметтен...  
Сәлден соң-ақ соңынан түнді жарып,  
«Уралап» ұран атқа мінді барып.

Тән талыққан,  
Серт – семсер,  
Жара қатты.  
Жан жарасы өзен боп қанап ақты,  
Ер жұлдызын көрлі аспан дара жақты,  
Түн аударды жонынан нар азапты,  
Ойдақ-сойдақ талқан боп дала жатты.  
Бір нұр келіп өпкенде бар алапты –  
Өлекседей сүлдесін сүйреп үрей,  
Арланнан ыққан қалың шибөрідей,  
Бұталардың сағалап көлеңкесін –  
Еуропаның езілген иен өлкесін,  
Түнектен құтқарғанда таң абатты –  
Қалың неміс шегініп бара жатты...

### **PS.**

...Еуропа – ару еді аңыздағы,  
Зевс-бұқа күйреткен жан ұжмағын.  
Қарт құрлыққа айналып, шартарабын  
Айғыздаған керзі етік нәл табаны.  
Ол соғыстың тілімен мың өксіді,  
Шемен болып шөккенде жүрек сыры.  
Сол жүректен аққанда талай өзен,  
Кешіп өткен баһадүр бабам ерен.  
Еділ батыр, Бату хан жалдаған су,  
Қара кемер ернеуін қандаған су.  
Шығыс жақтан аққанда мың-мың қосын,  
Батыс беттен серпіген түннің көшін –  
Дәстүрі екен бабалар салып кеткен,  
Ер үлгісін көрген ел Мартбектен.



Дариялар – ғаламның қан тамыры,  
Жайқын суды кешетін Арқа ұлы  
туған талай – суға енген оттан келін,  
Атпен...  
Салмен...  
Кемемен соққан берік –  
Өзендерден –  
Ғарыштың теңізіне,  
Басын тігіп Мартбектің ер ізіне,  
Тартып туған тамырын Сақтан келіп,  
Ғарышқа ұшқан ғаламат Тоқтар болып!

Еуропада...  
егілген атырапта,  
Сарша тамыз, қыркүйек, ақырапта,  
Салға мінген – қонғандай батыр атқа,  
Ізі жатыр –  
қоп-қоңыр топырақта,  
Қан ұйыған саржағал жанырақта,  
Ұлы ұрыс майданда,  
түн өтінде...  
Днепрде..!



Жаным, менің жүрегімнің дертін үк,  
Серілерге серік едім серті нык.  
Бес күнімді ескі, мұнды күй тербеп,  
Адырнадан атылғанмын серпіліп.  
Жаным, менің жүрегімнің дертін үк!

Көкіректе жатқанымен көл тұнып,  
Ұсына алмай жүрміз қауға толтырып.  
Ескі күйді естуімді доғардым,  
Бес күнімді бес күн жұмыс өлтіріп.  
Жаным, менің жүрегімнің дертін үк!

Керім күндер кете берер кертіліп,  
Қуғаныңмен жете алмассың ентігіп.  
Бал айында бақиға ұшқан арудың,  
Бақытындай барады өмір жөңкіліп.  
Жаным, менің жүрегімнің дертін үк!

Тамашада топқа түстің жең түріп,  
Оңашада өзіңді өзің өлтіріп.  
Арманыңа жете алмасам өлерсің,  
Айға атылған арыстандай мертігіп.  
Жаным, менің жүрегімнің дертін үк!

Ұшқан күні қияметте жел тұрып,  
Көз алдыңа күллі өмірді келтіріп –  
Айдалада жортып бара жатады,  
Аппақ түнде Айға ұлыған бөлтірік...  
Жаным, менің жүрегімнің дертін үк!

## ЖЕЗҚАЗҒАН. ҚОЛА ДӘУІРІ.

Қара жердің қарт төніне үңілдім,  
Көктегі Күн әулиеге сыйындым.

Жер астында көне қола дәуірі,  
Күн астында өркениет дауылы.  
Қайла-заман үңгіл ойып қоң етін,  
Сары даланың сыздап тұр-ау бауыры.

Жер астында Күн көрікті кеніші,  
Жер бетінде күнделікті керісі.  
Аяр заман біз өкшемен піскілеп,  
Қара жердің жұқарғандай терісі.

Көл түбінде тұнып қалса қоқсығы,  
Күн түбінде «Степлагтың» өксігі.  
Тотияйын татып кеткен шер-тағдыр,  
Шемен болып қатып кеткен көп сыры.

Ақ аспанның айлағындай боз далам,  
Қойлыбайдың қобызындай боздаған.  
Күннен де ыстық мыс қазаным өрт-өзек,  
Саф алтынға алмастырмас Жез қалам!

Топырағында қола дәуірі қызуы,  
Ауасында өркениет құзыры.  
Күнікей күн көне жұрттан көшерде,  
Мыс та болса тастап кеткен жүзігі.

Көкірегіме көктің нұры құйылып,  
Өзегіме жердің нәрі жиылып.  
Жезді қала, аттанғанмын сапарға,  
Кеңгір атам аруағына сыйынып!..



## ДОМБЫРАМ СЫНҒАН

Сырласым едің, сен, кешір мені,  
Сен, кешір мені, сыңарым.  
Сынық көңілдің пернесіндегі,  
Сыңсу-сыңқыл боп тынамын.

Аспанның бұйра бұлтының қалың  
бұйраттарынан өрі аунап.  
Мен шерткен күйдің сылқым ыргағын,  
Ай жаққа өкеткен жел айдап.

Ай жаққа ауған бар күйім менің,  
Лебімен түнгі үкінің.  
Әйбат түндердің әлдиін керім,  
Бұзбайды зілді зікірім.

Бар күйім менің Ай жаққа ауған,  
Үкінің мұңлы лебімен.  
Кеудемді әркез сайратқан арман,  
Бірге жөнеген сенімен.

Бірге болмайды менімен мүлде,  
Күй де, мұң да енді тым жырақ.  
Мешінге айналам меніреу күйде,  
Меніреу күйде түнжырап.

Тынамын солай түнжырап мәңгі,  
Өкпемде өшіп бұла дем.  
Тек Айлы түнде мұңлы бақтарды,  
Жүреді кезіп бір әуен.  
Сен, кешір мені...



## КҮН МЕН ТҮН

Дүниенің бір шетінде сен жүрсің,  
Дүниенің бір шетінде мен жүрмін.  
Мені көріп сүйсінердей ел бір күн,  
Сені көріп күрсінердей тең құрбың.  
Жастық қалды, жанарында мөлдір мұң...

Дүниенің бір бөлігін Күн сүйді,  
Түн негін Айға сүйеп сыңсиды.  
Күнді сүйіп жарты ғалам тыншиды,  
Түн түршігін, шық боп жасы ыршиды.

Дүниенің бір шетінде таң күліп,  
Түн көшеді көкжиекті қан қылып.  
Жаңа күнмен жанарда нұр жаңғырып,  
Қара түнде қалар мұның мәңгіріп,  
Сені көрмей кетемін бе мәңгілік?!

Дүние ме – Күніміз бен түніміз?!  
Бір Иеге сыйынумен тіріміз.  
Ей, қу жалған, төбесі – нұр, тіні – мұз,  
Біз бөтенбіз бірімізге біріміз.  
Бірақ, бізді ғашықтар деп біліңіз!..



## ҚАЛАДАҒЫ КЕНТАВР

Ырғақта тербетілген бала бүркіт  
сынды боп, алағызып, алабұртып,  
бесікте жатқан күнім еске түсіп,  
жанардан жас ытқиды жан ауыртып.

Сол кезде-ақ шимайлы еді бала маңдай,  
Қыртысты еді Қара жер – жан анамдай.  
Құба дала, мен де бір қарагерін,  
Қатқақта күн-түн жортқан тағаланбай...

Жас күнді кейін қалай, неге ұмыттым?!  
Құр өттім терте басын кеміріп мың.  
Далам-ау, теңіз сынды тебіреніп,  
Түсіме неге енбейсің, тегі мықтым!

Жауындай жас жанымды ұрған үдеп,  
Санамды сансыз сағым шырмады көп.  
Түн ауа ақ кеудеме көшті кеше,  
Соби үіл, саз бесік ырғағы кеп.

Сол ырғақ көкіректен сең көшіріп,  
Тағасыз тас тұяғым өрге тігіп.  
Күн бата қалғып келем қала жақтан,  
Аяңшыл автобуста тербетіліп.

Қыртысын қар қымтаған қара жердің,  
Қатқағын талай кешкем қалалы елдің.  
(Түсімде келеді ылғи дала көргім).  
Кеудеме ырғақ салған жүректі ертіп,  
Қай жаққа апарасың, қарагер-күн?!



Сезім жоқ,  
 Жүрек тастай,  
 Ақыл ауған...  
 Аспаным жалыққандай қақыраудан.  
 Дастаным төгілгенмен таңдайымнан,  
 Қасқа ізім көрінбейді маңдайымнан.  
 Жосалы баса киген тұман-тұмақ,  
 Босады Тоқырауын бір арқырап.  
 Қалқыған дариямның айдынында,  
 Шалқыған Қарекемнің айрығында,  
 Өлең боп өмірге енгем шыр-пыр етіп,  
 Өзен боп өңірді өргем күркіретіп.  
 Азан сап гүр-гүр тасып қырға шығып,  
 Қазанда кетемін бе құмға сіңіп?!  
 Жылдарым Жыландының жыланындай  
 жылыстап жанға бақты мұра қылмай –  
 сырғып күр жоқ бола ма өте шығып,  
 Тірлікті елден көшіп жеке сүріп  
 түсіндім...  
 жаңылысып аракідік.  
 Түсіме жүреді ылғи дала кіріп.  
 Қалқайып шыққаннан-ақ қараша үйден  
 Марқайып даламды естен тана сүйгем.  
 Ұмыт боп туа күштар сол аңсарым,  
 Қуып кеп адастырған сонар-сарым.  
 Ғұмырым боранындай Тектүрмастың,  
 Ұлыдым...  
 Адастым да...  
 Көп қырды астым...  
 Тарқамай қойды-ау өлі менің шерім –  
 Қалқам-ай, қайда ауылы Шерукенің?..

## XX ҒАСЫРДЫҢ ҮРЕЙЛІ ТҮСІ

*«Ұйықтап жатсам түсімде...»*  
**Сәкен.**

Ақ қызылға айналды, көк қараға,  
Дүр сілкінді күм жұтқан Бетпақ ана.  
Бай кедейге айналды, патша құлға,  
Ат-матымен құл қонды таққа жаңа.

Құдайсыздар жоқ қылды Тәңіріні,  
Банды болды байлардың әмір ұлы.  
Орақ пенен балғаға кетті айналып,  
Патшаның екібасты самұрығы!

Орыстың екібасты самұрығы –  
Қазақтың екі ғасыр зары-мұңы.  
Төңкеріс күнкөрісті шейіт қылып,  
Сарайлардан естілді қабір үні!

Орақ-балға құрышты илеп беред,  
Ұл әкеге қылышты түйреп кенет.  
Қара айғыр – паровоз кісінеген,  
Анненковтың вагонын сүйреп келед!

Қызыл ту ма, қызыл қан, қызыл от па,  
Тозақ па әлде, бұл заман ұжымақ па?  
Тау ішінде өн салған сері Сәкен  
Ақ боз ат па, мінгені қызыл ат па?!

Ақ әлемге түсті ме түн құрығы,  
Қызыл Күннің естілер шынғыруы?!  
Сәкен кешті гүмырды өзегі өрт боп,  
Жанын тербеп жалғанның мың қылығы.



Бесік пе, әлде майдан ба Сары Арқасы,  
Сән алқасы, күй менен ән ортасы.  
«Тербеді» оны Анненков вагонында,  
Тербемей ме Омбының тарантасы?!

Жаны нәзік Арқаның сал-серісін,  
Мылтық беріп қинады төңкерісің!  
Сөкен от боп лаулады, заулады да,  
Сұм жалғанның күнәсін өртеу үшін!

Арқаның Бетпақ деген даласында,  
Ор, Аба, Есіл, Нұра сағасында,  
Айырылды аққуынан қайран сері,  
Жалынбай жанын ұғар жанашырға.

Заманда қызыл қуып, ақ қамалған,  
Патшаны талапай ғып тақтан алған.  
Сөкен деген тұмары еді қазағымның,  
Мойнынан сырғып түсіп, отқа оранған!

Терек сынып тереңнен тамыр тартқан,  
Заман мынау шәйірін шамырқантқан!  
Қазақ әлі келеді еңіреумен,  
Жоғалтып ап тұмарын Тәңір таққан!

...Елден құты кеткенде, көлден құсы,  
Моласыз рух-елес пе өлген кісі!  
Үйқылы-ою қазақты шошытады,  
Жиырмасыншы ғасырдың көрген түсі!



## БІР АРУДЫҢ АТЫНАН

Көктемнің желегі желбіреп  
күлгенде қалаға келген ем.  
Ол мені күтпеді келді деп,  
Өз балаң едім гой мен деген.

Аң-таң боп қараймын сәуірге,  
Қар да жоқ, гүл де жоқ – тым сұрғылт.  
Жылу жоқ қарт жердің төнінде,  
Суынып кеткендей мұнсыз жұрт.

Шығынып кеткендей бәрінен,  
Көңілісіз көктемге көнген ел.  
Үйлердің терезе-лерінен,  
Қарайды қайырымсыз пенделер.

Қарайды қадалып сан жанар,  
Ымыртта найқалған ыргакқа.  
Суықтан бүріскен қарғалар,  
Үшты өне, топталып күн жаққа.

Қанатын сілкілеп қара түн,  
Күн бетін түмшалап жапқанда.  
Жалынға шарпытып қанатын,  
Өртеніп құлады топ қарға.

Осы да қызықты гүмыр ма –  
Ел неге жаймады кең құшақ?  
Құстар да құштар ед жылуға,  
Кетті өне, өртеніп мен құсап.



## ЕРЕЙМЕНТАУ

Жаһаннан жұртқа жайлы жұмақ іздеп,  
Асандай абыз кезген құла түз көп.  
Ержүрек ерлер ізін жалғамаққа,  
Елжіреп Ерейменге тұрамыз кеп.

Сағымға сан ілдіріп сұр жібесін,  
Көшпелі ел тірегенде Күнге көшін,  
Дәуірдің басып өтіп мың белесін,  
Елеңдеп Ерейменге бір келесің!

Еңсегей ер елінің Ереймені,  
Ел сенер мерейімнің Ереймені!  
Еңкеймес байрағымсың төбемдегі,  
Алқынған алтын бусың жебемдегі!  
Құрышты шығыршықсың көбемдегі!

Төріңді дүрілдетіп тұлпар дүбір,  
Көгіңді тіліп өтіп сұңқар ғұмыр.  
Тасыңа таңба салып шырқаулы жыр,  
Басыңнан бұлың-бұлың бұлт ауды бір.

Тұлпарға тұяқ ерсе құлшынатын,  
Туады талай мұңшыл, сыршыл ақын.  
Асына Сағынайдың келмесе де,  
Басыңа бүркіт ұстап бір шығатын!

Жалғаннан нелер сырбаз, сылқым да өткен,  
Зікірін бақсы-өмірдің зіркілдеткен.  
Алашқа сауын айтқан арда елім-ай,  
Сабасын саумал жырдың күрпілдеткен.

Сертіңе сұғынар көз көбейгенде,  
Өз ұлың телмірмесін өгейлерге.  
Еңсесі ерлерімнің түспесін деп,  
Өр елім, қарайлай жүр Ерейменге!..



*«...Жиында ұн жоқ, Түйенің ар жағына Қодармен тең қып асқан Қамқа, түйе тұрысымен бір сәтте үзіліп кетті. Оны бәрі көріп тұр. Қодар бір жиырылып, бір созылып, тез өле алмады... Түйені тұрғызып бірталай ұстап тұрғанда, жиын әлі ұн қатпады. Екі жанның өлім азабын өз үстіне арқалап тұрған түйе де үнсіз».*

**Мұхтар Әуезов. Абай жолы.**

...Мен қысты күтем.  
Сағынам апшақ қарды,  
Жердің тәні қымтанар ақ мақпалды.

Күннің нұры тайғанап қыр-қыраттан,  
Ақтаң боран ақ ұлна бүрқыратқан.  
Анау қырдың астында Қодар аулы,  
Көктем-күздің күнөһар жұрты жатқан.

Қысты күтем, пәктікке құмар байғұс,  
Аязды аңсап алқынып тына алмайды іш.  
Үш-ақ мезгіл мен үшін мына тірлік:  
Қамқа – көктем,  
Қодар – күз,  
Құнанбай – қыс.

Қамқа – көктем,  
Қодар – күз,  
Қыс – Қүнекем,  
Ақ боран бөз қымтаған істі «бөтен».  
Жапырағын жұлдырған жәбірлі күз  
Көктемді аңсап бейуақта ұшты ма екен?!  
(Мен неге осы қысты күтем?!)

Тағдыр қатал – пендені сынар тезі,  
Жазмыш – Тәңірі тақсырдың сыңар көзі.  
Күз-көктемнің күнәсін нарға асатын –  
Қар басатын, табиғат тынар кезі.

Даланы – қар, қымтайды қабірді мұз,  
Қиналады өле алмай жәбірлі күз.  
Ақ бораннан пәктікті өзер тауып,  
Тоңып тұрып ойлаймыз сабырды біз.

Тоңып тұрып көктемді сағынамыз,  
(Қар көмер кез тобықты – мәлім аңыз).  
Қамқа-көктем қамығып қауышса да,  
Күтіп тұрады мұңданып тағы да күз.

Тағы да күз – күнәңді түлетер күш,  
Жүйке, жүрек, жүзінді жүдетер-міс.  
Үш-ақ мезгіл мен үшін мына тірлік:  
Қамқа – көктем,  
Қодар – күз,  
Күнекем – қыс...



Қыр басында Ай қалғыды,  
Сары жалқын жайған нұры.  
Қара түн кеп қамықтырған,  
Жұбатады ол қай зарлыны?!

Қыр басында бөрі ұлыды,  
(О да – өксікті өмір үні).  
Зар-запыран шер толғауды  
күңіреңтті жел үлі.

Қыр басында жел жылайды –  
Әнге қосып солғын Айды.  
Қара түннен қарғып шығып,  
Жұмарлайды Жерді қайғы.

Қыр басында Ай бар ару,  
(Бөрінің жел жайған өнін).  
Сары нұрды – жарығымды,  
Мен елес боп айналамын.

Қыр басында сес түнейді,  
Түнекті жел кескілейді.  
Мен ғана оны түсінемін,  
Ешкім мұны естімейді.

...Таң атқанда, түн қашуда,  
Түн жамылған сырды ашуға,  
Сарғайып бір гүл тұрады,  
Қалғып кеткен қыр басында.  
Қыр басында...

## ҚЫЗЫЛ КӨШЕН. ҚАСЫМ ҚУДЫҒЫ.

Ой – жасық, рух – төменшік, сес – бұғыңқы,  
Көзімде көлгірсумен өшті күлкі.  
Түрленді қазакемнің құбыласы,  
Кімге енді мұра болмақ Дешті жұрты?

Ой – сырдаң, рухым – жүдеу, сес – бұғыңқы,  
Жалғанның бастан талай көшті бұлты.  
Қасымның рухын іздеп келдім саған,  
Аманжол қорасының ескі жұрты.

Болғанмен үзірлі орда, құзырлы, есен,  
Көрмедік қалың елден Қызыр, көсем.  
Рухымды сенен іздеп табамын ба,  
Аққора, Сарыобалы, Қызыл Көшен?!

...Бұйра тау, көделі бел, тастақ адыр,  
Бауырында бұйра таудың тас қора-дүр,  
Жайтаңдап құлыншақтай ертелі-кеш,  
Асыр сап, адыр асып жас бала жүр.

Жайтаңдар сол құлыншақ бала Қасым,  
Жайнатқан түн-дәуірдің самаласын.  
Қосылған осы жерден дүр-дүбірге,  
Белгілеп бөйге өмірдің мөре басын.

Сырлы өзен сұлу қыздың бұрымындай,  
Сынтастың – аспан ашық – тұнығындай.  
Белесте самал сағым ойнақ салған,  
Қасымның бөсірелі құлынындай.



Ақтайлақ әм Қазанғап – сырнайлы өзен,  
Жотадан орамалын бұлғайды өлең.  
Басынан Ақбиіктің көзін тігіп,  
Тұлпарын күтеді ел жыр бәйгеден.

Сол жота, сырнайлы өзен, сағымды бел,  
Кешегі құлын Қасым шауып жүрер.  
Жанымда дауа болар жырыңды күй,  
Арыма ақ орамал өніңді бер.

Рухыма саф ауанды рауа қылып,  
Жүректе енді жыр боп жанады үміт,  
Басымның мың пәлесін шайып кеткен,  
Қасымның шөлін басқан кара құдық.

Түрленіп кеткенімен ғасыр өңі,  
Сол қалпы өзгермепті Қасым елі.  
Санама сары даланың самалы еніп,  
Бүйраты бауырына басып еді.

Сес беріп сары даланың асу-өрі,  
Рухымды асқақтатқан Қасым елі.  
Үйілген ескі жұртта қыналы тас,  
Иірген бала Қасым асық еді.

Жыр-бәйге менің-дағы бәсім еді,  
Жанымда жас дәуреннің һас іреңі.  
Бәйгеге баптап дәйім қосып келем,  
Ағамнан қалған өлең-бәсірені...



## ТАҚУА

Фәниден таппай бөтуа,  
Бақиға кеткен сан сұрақ.  
Соларды жазсам хатыма,  
Моладан қайта аршып ап.

Құбыла бетке жантайған,  
Құраншыл ерді танап бір.  
Күні өшіп, Айы шалқайған,  
Күнөһар заман қақап тұр.

Жаназа-жырын сарнатып,  
Мүрид жүр мұңымды ұққан боп.  
Ұртына май мен қан қатып,  
Қазақ түр битін сыққан боп.

Ажалдың иісін мұңкітіп,  
Мүңкір де нәңкүр жайсаң дүр.  
Шекесін шатақ шылқытып,  
Әзәзіл көкем ән сап жүр.

Аспанға зәузат сыймайды,  
Жердегі жүрек – қансүрек.  
Періште мені қинайды,  
Махаббатымнан алшы деп.

Қайтейін ондай сезімді?!  
Есті алар жүрек қансырап.  
Жұмдырмас сосын көзімді,  
Табытта жатқан сан сұрақ..



## ЫСТАМБУЛ. «ТҮРКІСТАН» РЕСТОРАНЫ

Ыстамбұлда...

Тынған шақ жаз дүбірі,  
Күрең күздің ырғалған назды жыры.  
Қаздың үнін әкелген құлағыма,  
Есет шайқы сыңсытқан саздың\* үні.

Шектерінен шетін бір шер төгіліп,  
Арман-әнін Айға айтқан ертегі ғып.  
Көмкеріліп кеудемде көркем үміт,  
Күздің кеші барады тоңкеріліп.

Сазға елітіп сыңсыған Сервет\* сері,  
Оны да енді шайқының жеңбек шері.  
Шербет сөлін жүрекке шер ғып құйған,  
Өлең неткен өзімшіл өрмекші еді!

Өрмегінде шырқырап шыбын-ғұмыр,  
Жырмен дұға оқимын күбір-күбір.  
Ғұмырлы жыр жазам деп, мұңға батып,  
Ізсіз-түзсіз ілескен іңірге іңір.

(«Түркістанда»

Ырғалған Ыстамбұлда,  
Есет қардаш жырынан ұшқан нұрға  
Шомылады жанымның жазирасы,  
Мекен болмас ол енді мыстан мұңға!)

Өрмек дей ме, өмірді өрмек дей ме –  
Өрге қарай ұмтылып пенде өтпей ме!  
Саздың үнін сағынған сәттерімде,  
Қаздан сәлем жолдармын Сервет-бейге...

\* Саз – түріктің шекті аспабы

\* Сервет – Сервет Қабақлы – Ыстамбұл Жазушылар одағының хатшысы



Өлім – кара силуэт,  
 Өмір – қызыл қылует.  
 Көңіл – қоңыр күй сынды,  
 Төгіл, өлең күдірет!

Қара сұлба – көлеңкем,  
 Қызыл тұма иен өлкем.  
 Қоңыр күйге жан орап,  
 Көкке сәлем жөнелтем,

Көкке сәлем, қабірден,  
 Күй көктеткен сабырмен.  
 Жапырақпен қол жайдым,  
 Өмір сүйдім тамырмен!

Көлеңкеге ынтық кім –  
 Түндей қара тыртық бұл,  
 Сол жараны қанатып,  
 Қызыл қанмен шылқыттым!

Қызыл күннен нұр күттім,  
 Түнді күймен үркіттім!  
 Құндақтаулы сабырға,  
 Атылмаған мылтықпын!

Өлім – мұңлы силуэт,  
 Өмір – мұңлы қылует.  
 Төгіл, қоңыр күй болып,  
 Тәңір тектес күдірет!!!

## СІЗ БЕН БІЗ

Тағы бір жаз жалт етіп көзден ұшты,  
Күзден көріп күрсіндік өзгерісті.  
Жапырағы жұлынған жадау талдай  
Жалғай алмай біз жүрміз сөз бен істі.

Тағы еске алам күз келіп, көктемімді,  
Мен өткізгім келмейді текке өмірді –  
Жадау талдың жел жыртқан жүрегіндей,  
Жалғай алмай ертең мен өткенімді.

Тағы кірді шаһарға күз ентелеп,  
Бүрісуге әзірміз біз ертерек.  
Тамырына нәр жетпей суық жерден,  
Жапырағын жай ғана үзер терек.

Сөзіміздей желге ұшқан жетпей елге,  
Жапырақтар жайраған көкте-жерде.  
Өткен күн мен ісінде нәр болмаса,  
Мына өмірге бола ма өкпелеуге?!

Мына өмірге бола ма кіжінуге?!  
(Көк жүзінде тырна-мұң тізілуде).  
Кейін көктер бүршікке орын беріп,  
Жазған жапырақ жабырқау үзілуде.

Тағы да күз... томсарып, түр ойланып,  
Бұлт қоштасар жазымен жылай налып.  
Мен-ақ үнсіз кетер ем өмір бойы –  
Жастық қайта оралса жыл айналып...



## «ШӨЛШИ» ӨЗЕНІ

Аспаннан Ай емініп шілді өзенге,  
Көңілді көкке қиял сүйрегенде.  
Бұлдырап Бегазының жоталары,  
Ұқсайды көш түзеген күймелі елге.

Ай нұрын сіміргенде Шөлши өзен,  
Бұлықсып суға басып бел сүйеген.  
Сүйеді ол сылдырлаған су қылығын,  
Сүй десе, өмірді өстіп мен сүйер ем!

Шөлшидің күм күшқанда құлын тәнін,  
Кім білген өмір өңін құбылтарын?!  
Шоқ шидің арасынан арна тапшай,  
Кісінер асау көңіл-бурыл тайым.

Бегазы – белден асқан қона көшім,  
Өмірдің өңгерді ме өнегесін?!  
Мүлгіді Тоқырауын түнде сыңсып,  
Жоғалтып Шөлши атты немересін.

Табаны күмайт қырдың гүрілдеген,  
Мен-дағы күмды кештім бурылменен.  
Жұртымның жасын жұтқан шөл-сағыныш,  
Сезімді дәметтің бе бүгін менен?!

Айлы түн.  
Тұнық өзен боздасын жөй,  
Басынан барады өмір сөзді асырмай.  
Құмығып күмға сінді қанша өзенім,  
Мелшиген менің сараң көз жасымдай...



## ПАРАНЖЫ

*«Сен менің өзімді көрсең,  
Тұрысым осы менің.  
Ал мендегі алапат сезімді көрсеңШошыр едің...»  
Төлеген Айбергенов.*

Мен білмеймін тағдыр сынды сараңды,  
Дәру бермес тырнай салып жараңды.  
Жүрегіміз бәдәуидің қызындай,  
Жүзін жапқан паранжы.

Жүрегімде паранжы бар – кім көрсін?!  
(Тілдерсің).  
Сүм жалғанға сыр бергісі келмес жан,  
Жүрегіне перде салып үлгерсін.

Ақтарылып, салғам талай бүлікті,  
Кім ұқты?!  
Қызғаншақ ел жүзін көрсе маза бермей қояр деп  
Жүрегіме өзім салғам құлыпты!

Жүрегіме тартқам шілтері пердені,  
Түсінеді ел нені?  
Қатыгездеу, қайырымсыз қоғамның,  
Бола алмаспын ермегі!

Сені көрдім...  
Сертім кенет бұзылды,  
Қиял қайда, құлпым қайда құзырлы?!  
Паранжыны тастай салып ұмтылуға шақ қалам,  
Жаныңа кеп көргім келіп Ай дидарлы жүзіңді...



## ТОҚСАНЫНШЫ ЖЫЛДАР. “ТАСҚОРА” СЫРАХАНАСЫ.

Түнжырап түн келгенде тас қалаға,  
Оянып шырт ұйқыдан қасқа Нала,  
Мұңдылау жас ақынның кейпіне еніп,  
Кіретін елмен бірге “Тасқораға”.

Сосын ол мұн ақтарар жүрегінен,  
Жұқтырған жүрегіне түн елінен.  
Налаға даласүйгіш шер қосылып,  
Төгілер қапалы жыр түменімен.

“Тасқора” мекен болған серілерге,  
Серіге серіктесер перілерге.  
Кірерде сусап келген небір ер де,  
Шығарда шақ қалады егілерге.

Қазақтың жыры осында, әні осында,  
Бал сыра жазар жанның жарасын да.  
Жас ақын мұңайып бір отыратын,  
Арқаның арландары арасында.

Арландар азу білеп аракідік,  
Көкбөрі көктегі Айға қарап ұлып.  
Тарқайды тамашадан талып-шаршап,  
Бәрінің жүрегіне нала жұғып.

“Тасқора” сұлу сырға баспана боп,  
Талайдың жүрегіне тастаған от.  
Сол кездің арландары аға қазір,  
Қала мен нала басқа.  
“Тасқора” жоқ...



## ӘН АҢСАУ

Сағағы домбырамның бебеу қаққан,  
Даланы сағындырар селеу жапқан.  
Қақырап қайғы кетіп көкіректен,  
Шер болып төгіледі-ау шемен қатқан.

Сағағы домбырамның зар күйлеген,  
Зарымды зарықанның заршы илеген.  
Далада ескен самал күй сыңсытып,  
Кісінеп, тыпыршып жер тарпи берем.

Шанағы домбырамның дүбір аңсап,  
Пернеде пері билеп, құмыр ән сап.  
Алашты Айбозым деп айналар ма ек,  
Біз-дағы бабалардың үні болсақ!

Пернеде пері-уайым, іңкәр-ғұмыр,  
Кермеде тыпыршыған тұлпар дүбір.  
Көмбеге жетпей қалған Құлагердей,  
Кеудеде өшті талай шырқаулы жыр.

Ән бөлек бүгін баптар, тоба бөтен,  
«Дүние, қарап тұрсаң, шолақ екен!»  
Кемпірбайға қош айтып ұшқан үйрек,  
Қай ұлдың кеудесіне қонар екен?

Жар айтар көшімізге өнердегі,  
Қайтатын өшіміз де өлеңдегі.  
Бір ұл туып Қайраттай, Ақылбайдай,  
Бір ән тауып Алашқа берер ме еді!  
Бір ән салып Алашқа берер ме еді!..



## ҰЛЫТАУ

Көнеден қозғалғанда мың керуен,  
Қалың көш жолға түскен Түркі елінен.  
Тұранды көктей өткен көш дүбірі,  
Кеудеме қобыз үнді мұң теліген.

Сол күйден төгілгенде қайырма көп,  
Байрақтан бөрі ұлуы байырғы әдет.  
Қобыздың қылын таққан қастерлім деп,  
Дала мен жүрегімде айырма жоқ!

Дала мен жүрегімнен жыр аңқыған,  
Қыранша Күнге қарар ұлы анты – ұран!  
Ұлытау, Ұлы дала, Ұлы халық,  
Ежелден егіз ұғым – Қыран, Тұран!

Тұранның байрақ байлар Ұлытауы –  
Тұранның төр даласы, ұлы тәні!  
Қыранның канат қағар тұғыры мен  
Ұланның ұранға ұштар жыры тағы!

Қобызбен Қойлыбайды күніренткен,  
Арылып жыры дерттен, гұмыры өрттен.  
Сөреден ытырынған арғымақтай,  
Көнеден Ұлытаудың үні жеткен!

Сол үнмен сөйлеп бердім, киелі елім,  
Қойлыбай қобызының тиегі едім.  
Өзегі өртке толған өлең өріп,  
Ұлытау – ұлт ұжданы сүйенерім!

Ұлытау, Ұлы дала, Ұлы халық,  
Көнеден көші жеткен ыңыранып.  
Тағы бір жолға түсіп біз барамыз,  
Бағытты саған карап біліп алып.  
Ұлытау, Ұлы дала, Ұлы халық!..



## АРҚАР

Маң далада арқар түр маңыраған,  
Маңыраған тым жақын әні маған.  
Жадылаған сананы сағымға еріп,  
Өтіп барам адамдай танымаған.

Маң, далалық арқардың мүсіні бұл,  
Тас тұғырдың толассыз тұсы дүбір.  
Мен арқар боп маңырап жыр төгер ем,  
Маңдайыма жазбаса кісі гүмыр!

Жапырақтан ою сап қошқар мүйіз,  
Аңыраған араны – басталды күз.  
Ақ боз үйдің туралған туырлығы –  
Жазылмайтын жарама басқан киіз.

Жазылмайтын жараға киіз басқан,  
Ем дарымай, қан саулар тыйылмастан.  
Кісікиік боп кеттік қалаға еніп,  
Тағы тағдыр маңдайға бұйырмастан.

Жаңылдық па сыңар жол соқпақтардан,  
Қақтан қашып көнеге көп қақталған,  
Қайран менің, Сарыарқам, арқарлары  
Тас мүсін боп – жүрегі тоқтап қалған!

...Арман асқақ, болғанмен мақсат биік,  
Өз сорымыз – тағдырдан татсақ күйік.  
Күңіреніп күй болып кетер ме екен,  
Арқадағы ақырғы ақсақ киік...



## БАЛАЛЫҚТЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Естен кетпес Жамшы деген нұрлы ауыл,  
Балалық шақ...  
Жүректе аққан жылға-жыр.  
Ол кездері асық ойнап жүретін,  
Алдыңызда ақынмын деп тұрған ұл.

Асық ату – балалықтың тірлігі,  
Мені бірақ ойнатпады бір күні:  
Алматыдан көшіп келген музыкант,  
Карл Маркс көшесінің тұрғыны!

– Тоқта, - деді.  
– Атпа, - деді, - асықты,  
(Тоқты достың алдында сәл жасытты).  
– Мүйізденіп кетсе қолың, күй түгіл,  
Ұстай алмай қаласың ғой қасықты!

Күй шертем деп өршеленген өркешті ұл,  
(Өршеленген, көңілім-ай, өрті өшкір!)  
Мен болмасам, домбырасыз қалардай,  
Мектептегі оркестр!

«Ақылымды саған ғана тауысамын,  
Күй тартпассың, қатып қалса саусағың.  
Машық кетіп, қатып кетер буының,  
Асық емес, ғашық болсын аңсарың».

Деді-дағы кілт бұрылып кетті өзі,  
Көңілімнің есте сол бір шоқ кезі.  
Көкірегіме жебе сынды қадалған,  
Көзәйнектен сығалаған оқ көзі.

Асық қалды шашыла,  
Небір ойлар үйірілген басыма.



Топ баланың жақындамай қасына,  
Үйге тарттым асыға.

Кез емес еді мұғалімнен қорыққан,  
Көңіл қалай торыққан?!  
Менің Жұман ағам болып сол күні,  
Балалықтың соңғы сәті жолыққан.

О, арманым!  
Сол күндерге еріп кет!  
Кім айтады мені бала Серік деп?!  
Бір күндері көзөйнек те тағындым,  
Ұстазыма еліктеп!

Көркем өнер – көркем өмір бола ма?  
Өртене бер!  
Өлкеме жыр тола ма?  
Өмірінде асық ойнады ма екен,  
Маған ұстаз – сол аға?

Балалықтың соңғы сәті – тәтті едің,  
Ертесіне-ақ шимайланған дәптерім.  
Қыздарға арнап өлең жазғам, ұмыт боп,  
Асық ойнап ұтылатын сәттерім!

Талай ұттым...  
Ұтылдым да өмірден,  
Сол дәуренім неге өшпейді көңілден?  
Он жасында балалықпен қоштасқан,  
Маған ұстаз бола алмас кім көрінген!

Күйші де емес, әнші де емес, кім болдым?  
Он үшімде өлең жазып үлгердім!  
Саған ғашық болып жүрмін мен әлі,  
Асық атып жүрген күн.  
Асық атып, басы қатып жүрген күн!..



## БҰҚПА ӨЗЕНІ

(Р.Н.-ға)

Шулы шаһар астымен тынып ағып,  
Толки алмай, ыңырсып, ыңыранып.  
Жатыр Бұқпа көктемде көсілместен,  
Тас қаланың баурына бұғып алып.

Толқынымен толқыны табыса алмай,  
Кемел жұрттың көшімен жарыса алмай.  
Жатыр Бұқпа бұқпантай бір күй кешіп,  
Кеудесін құрт кеулеген көрі шалдай.

Жатыр Бұқпа лайланып, жаны ышқынып,  
Тас қаланың табанын ағыс қылып.  
Бұл қаланың ойнамас балалары,  
Қағаз қайық суға сап, жарыстырып.

Жатыр Бұқпа тағдырға көніп, арып,  
Өкпесін өркениет тоңы қарып.  
Түсіне енеді әркез кабактарда  
Кепкен мүжық кемірет өлі балық.

Жатыр Бұқпа толқыны жарға ұрынбай,  
Зар кешіп запы болған зарлығымды-ай!  
Қалаға тап-таза боп енген бұл да  
Менің дәл он бес жасар тағдырымдай.

Жатыр Бұқпа...



## АҒЫБАЙ БАТЫР МҮСІНІ

Алқынып арманымның арналарым,  
Балқашқа көп боп еді бармағалы –  
Алаңда атойлаған Агекемнің,  
Ұранын жырға теліп салмағалы!

Бір батыр күркіретсе сол ұранды,  
Тастар ем қоңыр тірлік, қоңыр өнді!  
Қаламды қанға малып жыр төпелеп,  
Ақ найза қолыма алсам қоңыраулы.

Ақ найза қолына алса қоңыраулы,  
Талайдың болар ма еді өмірі арлы?!  
Жазулы тағдыр сынды қазақ үшін,  
Қазулы Агекемнің жолы қалды!

Мүсін боп кім қалады бұл заманнан –  
(Мүйіз бе бәсіреміз құлжалардан?!)  
Батырдың тұлпарының тұяғында –  
Жүректе жер тарпымай тұрған арман!

Кіріптар кеміс жандай кісі үйіне,  
Телмірмей темір дәуір түсігіне,  
Ақынның көзіменен қарайықшы,  
Батырдың мүлгімейтін мүсініне!

Жар бол деп Жаратқан Іпақ Жасағанға,  
Шақ қалып жанарына жас аларға,  
Жүрегі Сарыарқаның дүрсілдейді,  
Тұл тарих тастан мүсін қашағанда!

Төрк қып шерге салған шуды басы,  
Жүрегін өртеп ойдың улы жасы –  
Агекең қатып қалған тасқа айналып,  
Асқақтап асқар таудай дулығасы.



Ол талай үнсіз іштей ақырды көп,  
Дүрсілдеп тұнық түнде батыр жүрек.  
Найзаның ұшына кеп серттей тұнған,  
Кене үшін қайтпай қалған ақырғы кек!

Найзаның кара жерге ұшын малса,  
Кек қайтар, бастан бақты ұшырғанша.  
Бір тауын Сарыарқаның Тәңір қашап,  
Хан Кене жүрегіне мүсін қойса!

Хан Кене... жүрегіне түк байланған,  
Ер Науан... ел көзінде шыққа айналған.  
Ағыбай – ардагері Алашымның,  
Қазақтың боз байрағын жықпай қалған!

Рух керек езден ерді басым етер,  
Қашалмас тарлан таудың тасы бекер.  
Батырды пақыр сынды бейнелесе,  
Шебердің...  
Өнердің де басы кетер!


Тас батыр тұнжырайды елге қарап,  
(Ел солай есіней ме жерге қарап?!)  
Байлығын басқыншылар басып қалып,  
Сүңгісін сүңгітердей көлге қадап!

Жаулары жапырылып жай атқанда,  
Ұран ғып ойына сап аятты Алла.  
Дүр-базар елге қарап елеңдейді,  
Бір мазар күңгір-күңгір Тайатқанда.

Аруағын аталардың асыра алмай,  
Жасыңнан жайқын дария тасығандай.  
Қонарып кең даланы біз жатырмыз,  
Түбінде Хан Кененің басы бардай!



Күңіренбей күрең дала, күрсінбек құр,  
Өткенін өксіп тұрып білсін деп бір –  
Төкашар тас мүсіннің кеудесінде,  
Жүрегі һас батырдың дүрсілдеп тұр!



## САЯБАҚТА


Маусым туып жасанды жер,  
Қара тасқа қашалды зер.  
Таңды құшып толқып жатыр,  
Саябақта жасанды көл.

Гүл қонды көл жанарына,  
Тасқа түсті қара қына,  
Қара қыздың атын жазды ұл,  
Көлдің бетон қабағына.

Нұр деп сүйсін таңды жаға,  
Гүл деп құшсын жарды бала  
Жасанды көл – соған куә,  
Ол – жазылмас мәңгі жара.

Күрсінеді көрі қала,  
Күнә қысып, қамыға ма?  
Маусым өтті, айналада  
Бәрі ескі – бәрі жаңа.

Жүреkte өшті асау жігер,  
Қара түнге қашалды зер.  
Ескі қала, ескі – жаңа,  
Ескі жара – жасанды көл...



## ҚЫЗЫЛТАС

*Қайдауыл-Шерукенің көне жұртын мекендеген Қызылтас атты ауыл бар еді. Өткен ғасырдың 80-жылдары елі екіге айырылып, кеңестік жоспармен жойылып тынды. Мен сол ауылда өмірге қадам басқан едім...*

Сағынып гүл көктемін қоста күткен.  
Алысып алты ай қыста қас-қауіппен.  
Жалғанда Қызылтастай ауыл бар ма,  
Қынадай тамыр тартып, тасқа біткен!

Жалғанда Қызылтастай жоқ енді ауыл,  
Қайғыңа қатып кетсе көнер бауыр.  
Түңлігі ол ауылдың желпілдемес,  
Басынан өтсе-дағы нелер дауыл!

Сарғайып сағыныштан кете ме күз?  
Жеткізбес бір арманға жетелеңіз.  
Қызылтас жоқ, орнында екі ауыл бар,  
Егізқойтас секілді – тете, егіз

Егізқойтас секілді елде қалған,  
Маған егіз боп кеткен шер мен арман!  
Қызылтас – ол Сұңғаттың салған әні,  
Көмейінде лықсымай көл қамалған!

Бауыр қатып кеткен соң без-кеселден,  
Жүрек қана жылиды сөзге сенген.  
Қызылтас – ол мен шығар қалаға ауып,  
Өгейсініп, өмірін өзгеше өрген.



Жалғағанмен жалғанда өзекті өңеш,  
Менің ауылым Жалаңаш, Кежек те емес!  
Қызылтас – ол жүзінен Жер шарының,  
Жүзіп жүріп жоғалған кезекті елес.

Қара көзде қамалған түнекке ұйқас,  
Қараулықпен жанымды жүдетті айқас.  
Кеудеме еніп кеткенсің дүрс-дүрс етіп,  
О, Қызылтас!  
Қып-қызыл жүректей тас!..



**ӨМІР**  
(С.А.-ға)

Бұл өмірді суреттеуге келген едім мен –  
Періште едім бесігінде тербеле күлген,  
Пеңде болдым құтыла алмас өрмек-өмірден,  
Жерге қондым – Шыңғысхандай көрге көмілген!

Бұл өмірді бейнелеуге келген едім мен –  
Пері болдым, парқы төмен пендеге күлген,  
Сері болдым сергелдеңде сенделе жүрген,  
Шері болдым Жошы хандай шерге жегілген!

Бұл өмірді құрметтеуге келген едім мен –  
Жыр іздейтін желбіреген жел желегімнен,  
Түсім артық түңілдірер кермек-өңімнен,  
Махамбетпін – айырылған ең керегімнен!

Бұл өмірді өрнектеуге келген едім мен –  
Түнегіңді серпілтуге сермеле білгем,  
Жүрегімді дерт қысады дербене-мұңмен,  
Тәттімбетпін – тебіренісі пернеде күлген!

Бұл өмірде өксімеуге келген едім мен –  
Шерленемін – елім үшін емделемін мен!  
Тербелемін тұңғыықтай термелеріммен,  
Мен – Бұқармын, есі кеткен елге берілген!



Бұл өмірді жырлау үшін келген едім мен –  
Бір-ақ тамшы зәмзәм таттым шөлдеп өмірден,  
Елді сүйіп көрге салған көлденеңімнен,  
Біржан салмын – көзден ұшқан көк дөненіммен!

Бұл өмірді сүю үшін келген едім мен –  
Күю үшін – сүю үшін сендегі еріннен!  
Жүрегіме қапияда шер-жебе кірген  
Төлегенмін құтылмаған келген өлімнен!

Жүрегімді жуу үшін келген едім мен,  
Бұл өмірді сүю үшін келген едім мен...



## АСҚАР ТӨЛЕУХАНОВҚА ХАТ

Хал қалай, ақын болмай қалған жігіт,  
Әлі өлең жазасың ба арман қуып –  
Әлі де келесің бе кезек күтіп,  
Балқаштың баспаларын таңғалдырып?!

Хал қалай, жазбай кеткен жас қаламгер,  
Кеуденде күркірей ме асқақ өндер?!  
Ешкімнің жайлауына айналған жоқ,  
Екеуіміз қатар жүріп аспаған бел.

Екеуіміз қатар жортар құба тұз көп,  
Екеуіміз қатар шертер жыр-аңыз көп!  
Жаланда жалғызсырап жабыққанда,  
Өзіңді көкжиектен тұрам іздеп.

Сен жоқсың!  
Жүрегімді жасқады мұң,  
(Соңымда қалды менің басқа кімім?)  
Базардың шарбағына байлап кеткен,  
Сен де бір – кісінеген қасқа құлын.

Шоғындай жамыраған аспанының –  
Жолында жазылмаған дастаны мың,  
Сені ойлап түн ұйқымды төртке бөлем,  
Өлеңді өле сүйген Асқар інім?!

Өлеңді өле сүйген Асқар бала,  
Өнерің өрілді гой басқа арнада.  
Өмірді біле тұрып жазбай кеткен,  
Бар ма екен енді сенен асқан дана!

Күн кешсең Күн астында күле шалқып,  
Үздіккен үмітіңнің үлесі артып.  
Өмірді түсінем деп күшенгеннен,  
Өлеңді жазбай кету – мың есе артық!



## ВРУБЕЛЬДІҢ БІР КАРТИНАСЫ

(Р.К.-ға)

...Заманды ойлап, анаңды, балаңды ойға ап,  
Жанға серік жазу мен қаламды ойлап,  
Күн ашықта адасып жүрген шақта  
Бірімізді-біріміз таба алмай қап.

Қарап тұрып қапылып, адасып қап,  
Сорың сыңсып, бәйек боп бал ашып бақ,  
Топ ішінде жүргенде жалғызсырап,  
Жүрегіңе жазылмас жара шықпақ!

Сол қызыл гүл кеудеңде бүр жарғанда,  
Көкірегің дерттеніп нұрланғанда  
Еш адаммен тілдеспей күн кешесің:  
«Ойлы жанға қызық жоқ бұл жалғанда...»

Бір досыңды... тағы да бір досыңды  
Жоғалтасың – күншілді, күндесінді.  
Түрме сыңды ойыңның тұтқынында,  
Қайдан ғана үйрендің күн кешуді?!

Таң асырып, түн көшкен мәңгі із шұбап,  
Ілінеді желкеңе жаңғыз сұрақ.  
Жаңғыз-жалғыз жандардың ортасында,  
Көппен бірге отырсың жалғызсырап...



## ШАРАСЫЗДЫҚ

Бұлтсыз күнде бұлыңғыр тартса аспаным,  
Мұңына ортақ жыр сыйлағаным басқаның.  
Өзімнен емес, өзгеден іздеп бақытты,  
Өлімнен емес, өмірден қорқа бастадым!

Таңдарда талып, ұйқысыз түнде мәңгіріп,  
Тұсымнан өтіп бара жатады мәңгілік!  
Басымнан ұшып бара жатады сан қиял,  
Қасымнан қашып, тірлікке мені қалдырып.

Отырмын міне, тағы да жалғыз, түн қатып,  
Қап-қара ойға шым батып.  
Озып барады бар бәйге менің басымнан,  
Қу жалған маған еріксіз қолды бұлғатып.

Шырқап барады аспанға аппақ кемелер,  
(Ондағы жүрттың жағдайы жоқ-ау мені елер).  
Қара тақырдан босатар емес бойымды,  
Ойымды тесе тереңге сіңген шегелер.

Жанымды жеген сезімдей жегі-жебірлер,  
Лузымды ашсам үздікпей үнім, жел үрлер.  
Әмір боп көкпен жеткенде көктем жарықтық,  
Тамыр боп кетер тәрізді осы темірлер!

Алыстап сонша армандай аңсар аспаным,  
Мәңгіліктерге мәңгіріп назар тастадым.  
Сезімнен емес, төзімнен тауып рахатты,  
Өлімнен емес, өмірден қорқа бастадым...



## АБЫЛ МЕН ҚАБЫЛ ОҚИҒАСЫ. ҚАЗІРГІ НУСҚА.

Тәңір бізге неге қарға жіберді –  
Ұлысынан үзгені ме күдерді?  
Қыран күткен, ұран күткен жұратқа,  
Құзғын-тағдыр қайырылып сан түнерді.

Ей, тозақтан ұшып келген қос қарға,  
Тәңір бізге әдейі әкеп қосқан ба?  
Қара түннің қағанағын қақ жарып,  
Бозарып сан оянып ем боз таңда.

Қиялдарым қия кезсе құсқа еріп,  
Қайғым жатты тамыр тартып, іште өніп.  
Абыл-Қабыл.  
Екі қарға,  
Ескі әуен.  
Заманалар ауысқанда түске еніп.

Қара түнде жүрегімді от көмді,  
Абыл-Қабыл...  
(Өткен күнде жоқ белгі)  
Екі қарға бірін-бірі өлтіріп,  
Екібасты қарақұс боп кеткен-ді!

Екібасты қарақұс па, қарға ма?  
(Бәрі қайтып барады ғой Аллаға!)  
Күн түбінде қыран келед саңқылдап,  
Талып-қажып жеткем талай таңға да.

Көршің сүйген екібасты қарақұс,  
Үш жүз жылдық тағдырымыз тарамыс!  
Байрағымда қыран қанат сермесе,  
Өңіндегі қайғылардың бәрі алыс.



Тәңір бізге неге берген қарғаны,  
Алашымның аққу еді арманы?!  
Қыран еді, Тұран еді киеміз,  
Жарнама мен түс боп кетті қалғаны.

Жанарымнан саулағанда жаңбыр-жыр,  
Таңда жырлап оятады сан бұлбұл.  
Үш ғасырдай түсіңе енген шошытып,  
Құлдық сана – қарға түстес тағдыр бұл...



Көзінде күлкі жоқ төгілген,  
 Кездейсоқ кезіккен маған –  
 Өзінің қай күні өмірден  
 Өтерін білетін адам.

Фәниге шыр етіп келгені,  
 Жадынан ешқашан өшпей.  
 Бекіген кезінде-ақ еңбегі,  
 Мұңданған мерейі өспей.

Жанары жалқын нұр сүймеген,  
 Мұнарды сүйетін сыңды.  
 Өмірге басын ол имеген,  
 Өлімге ійетін сыңды!

Өзінің қай күні жалғаннан  
 Жоқ болар сәтін шын сезіп –  
 Келеді бас тартып арманнан,  
 Келеді жұртынан безіп.

Қағынан жерініп келеді,  
 Құлан, не жез киік, бөкен.  
 Жалғыз деп ойлап ем мен оны  
 Қатары тым мол-ақ екен.

Көп екен тобыры расында,  
 Бәрінің көңілі күпті.  
 Бейтаныс деп едім басында,  
 Бәрі де таныс боп шықты.



Басында келіп ед бір өзі,  
Қоршаған жанымды мыңдап.  
Жан-жақтан қаумалап бүреді,  
Қатарға қосыл деп ымдап.

Қосылдым алмай-ақ жағамнан,  
Мен де бір бөдауи бөдік,  
Сырғыды өткенім санамнан,  
Санамнан сансыз ой маңып.

...Келеді бәріне тоба ғып,  
жай ғана күрсініп алып.  
Жалғаннан қай күні жоғалып  
Кетерін білетін халық...



## ЖАМШЫҒА БАРҒАНДА...

Жанымның жасанғанда жыр желегі,  
Жүректің басталады дүрбелеңі.  
Жамшыға жалын атып келіп тұрмын,  
Мен келмей бұл ауылға, кім келеді?

Жанымның жүйіткігенде жүлгелері,  
Жүректі жылы-жылы жыр комеді.  
Жамшыда қалып қойған балалықтың,  
Жанымда жазулы тұр мың дерегі!

Жылдардың жылытқанда сырлы өлеңі,  
Көңлімнің шайылады кірлегені.  
Жамшыда бозбала боп сезім кешкем,  
Сол күнді енді маған кім береді?

Сол күнім солғын тартпай түрленеді,  
Әкетсе қайтер алыс күнге мені?!  
Етегі сол қыздың да бүрмелі еді,  
Есімін ұмытып тілім күрмеледі...

Жырымның жайқалғанда гүл бөбегі,  
Жамшының шайқалады нұр кемері.  
Қалада қамалып қап қайраңдаймыз,  
Ақырған атамандай түрмедегі.

Түршігіп, түрлі ортада түрленді үнім,  
Құдай біледі, басқа өмір сүргем бұрын!  
Жамшының өзенімен кетіпті ағып,  
Асхатпен асық атып жүрген күнім!..



**ЖАМШЫҒА БАРҒАНДА.  
ЕКІНШІ ӨЛЕҢ  
(Қ,С-ға)**

Қуан аға, жадыңызда жүр ме екен,  
Жамшы деген жанға жақын бір мекен?

Төрешоқы – төбемізден төніп тұр,  
Ол барлығын көріп тұр.  
Өте шыққан балалық шақ секілді,  
Құмға сіңіп бара жатыр елік қыр....

Түнге сіңіп бара жатыр сан жұлдыз,  
(Біз де сондай тағдырмыз).  
Жамшы жақта анда-санда жауатын,  
Бұлтқа ілесіп көшіп жүрген жаңбырмыз.

Қуан ағам өнге қосқан өлке бұл.  
Өзі де ән боп шалқып тұрған ерке нұр.  
Осы ауылдың көшесіндей қып-қысқа,  
Неге, неге келте өмір?!

Қауаз әкем салып кеткен жол мына,  
Егіз таспа – екі шекті домбыра  
Секілді боп бір күй шертіп жатады.  
Күй болмаса, не толады орнына?!

Жамшы жатыр – жастығымның көзі боп,  
Қайран, менің бала күнім, сезімі – от!  
Ерте кеткен Көріғалы әкем секілді,  
...Жұрты жатыр, өзі жоқ!



## БҰРЫҢДЫҚ ХАН

«Тас тұнжырдай тілін жұтқан,  
Тас балбалдай гүмырды ұққан».  
Қара жартас сынығындай,  
Бура мінген Бұрындық хан.

Бура мінген Бұрындық хан,  
Күн көргенде ел туырлықтан,  
Қайратымен қамал бұзып,  
Қас дұшпанның туын жыққан.

Қара нарға қонған алып,  
Қыл арқанын толғап алып,  
Жер теңселтіп шапқанында,  
Жай атқандай зор қара бұлт.

Құлағында көр күбірі,  
Қалың елдің сорлы күні.  
Қазақ үшін қайысқан ең,  
Қара еменнің шорлы діңі.

Сертін сүйген қара қылдың,  
Адырнасы садағымның.  
Сені қақтан кім арылтар,  
Қанға бөккен қара күрзім?!

Босатқанша тәнді құлдық  
Сан тізерлеп, сан жығылды!  
Бір заманда оралады-ау,  
Бура мінген хан Бұрындық!



## ОН ЖЕТІ...

Жас дәурен – көктен түскен шуақ еді,  
Гүл мен жыр, ақ бұлт түстес бу әлемі.  
Мен сені сағынам да, күрсінемін,  
Он жетінші көктемім куәгері!

Он жетінші көктемнің кейіпкері,  
Сол баяғы тап-таза кейіптегі...  
Қарсы алдыма көктем боп тұрады кеп,  
Мені де сүйеді ғой, өйткені!

Одан бері жылысқан он жеті жыл,  
Он жеті қыр...  
Өнімді көр де түніл!  
Көктем ғана сол қалпы өзгермеген,  
Өзім де өзге боп кеткем өңге түгіл!

Он жеті жас – бозбала кешкен гүмыр,  
Одан бергі кеудеден көшкен дүбір.  
Маңдайыма қос қатар әжім түсті,  
Жас дәуренге қойылған қос белгі бұл!

Қос әжім бар, жүрекке шөккен мұз бар,  
Тоңған емен өкпемді өпкенде ызғар.  
Сендер ғана өмірді шын сүйетін,  
Он жетіден енді асқан көктем қыздар...



## ҰРЫҢҚАЙ ТАУЫ

Ей, казак, есінде ме, ежелгі жыр,  
Жыр сынды жылап аққан өзен гүмыр?  
Iргеге Ораң, Қайдай' дұшпан ел кеп,  
Сүр жебе адырнада кезеулі-дүр.

Аса алмай атам асқан кезеңді бұл,  
Бейнесі бес күн жалған безерді бір.  
Арқаның айлауытын жалын жұтып,  
Қыр қалды қылаң мініп кезер Қызыр.

Тауына қосын тігіп Ұрыңқайдың,  
Қалың жау жігін ашты құрылтайдың.  
Ұшына ақ найзаның жан жалынып,  
Тұсына кеткен кезі еді тұрымтайдың.

Ақсайға мұнар тұнып мызғымастан,  
Тау боздап, жел өкіріп, тұз жыласқан.  
Ораң, Қай – қос жыланның есімі екен,  
Өрқайсы айдаһардың жүз құлаштан.

Қан жұтып батады күн әр сөнгенде,  
Қан тілеп, атады таң қан шеңгелдеп.  
Қазаққа бір ұл тумай запы шекті,  
Дұшпанға қарсы шабар келсең кел деп.

Ораң, Қай қаскөй елдің мың-мың қосы,  
Арқада салған дейді қырғынды осы.  
Саф алтын Күнді жұтып аждаһалар,  
Жер бетін қымтаған кеп түннің көші.

Қырық жыл жапырылмай төр жайлауы,  
Жүрекке ат басындай шер байлады.  
Түнекте бір ұл туып сол заманда,  
Туа сап мәлім бопты елге айбары.



Үш жаста жанарымен жыланды арбап,  
Бес жаста соңына қол құралған нақ.  
Он жаста елін бастап Ораң, Қайға,  
Қанатын серменті екен қыран қомдап.

Ақ найза қадалғанда түн налаға,  
Қас дұшпан кезіккендей зілзалаға.  
Қара өзен қан мелдектеп кері ағыпты,  
Болмапты ондай қырғын бұл далада.

Саржаның адырнасы ұлып кектен,  
Қу жебе тиген жерін жұлып кеткен.  
Жыланның бірі ұшып көкке сіңіп,  
Біреуі қара жерге кіріп кеткен.


Ұрыңқай содан қалған таудың аты,  
Елімнің зардан ада зау мұраты.  
Жонындай айдаһардың жерге сіңген  
Арқаның даласының тау-қыраты.

Сөге алмай қара жердің қабырғасын,  
Қалың ел найза білеп, аңырғасын.  
Әлгі ұл көкке атқан қу жебесін,  
Мөңіретіп ала өгіздей адырнасын.

Нұр төгіп Сарыарқаның арай-таңы,  
Ұмытылған ежелгі жау Ораң-Қайы.  
Аспанға тік атылған әлгі жебе,  
Жерге әлі түспеген деп ел айтады.

Болған жай мың жыл бұрын дүрбелең, мұң,  
Есіне әркез түсіп жүрген елдің.  
Сол жебе төбесіне қадалады-ау,  
«Сырты абыз, іші жылан» бір дөденің...

\* Ораң, Қай – ежелгі Түркі, сармат дәуіріндегі жылан тотемді көшпелі тайпалар.



## ҚАЙЫРШЫ

*Базарда қолында шырылдап жылаған нәрестесі бар қайыршы келіншекті көрдім. Ол өзін аяй тұссін деп, елге байқатпай, анда-санда баласын шымшып жылатып қояды...*

Мен кеше көрдім сүп-суық өңін тірліктің,  
Безеріп беті, көзінің нұры суалып,  
Қарайды маған.  
О, оның сұсы сұмдық тым.  
Мен күлем оны ыза ғып.

Қарайды ол.  
Жансыз жанары көрдей ызғарлы,  
Аяздың аңқып зәһары.  
Ол менің тұнық тіршілігімді қызғанды,  
Жанына қамсыз жайбарақаттығым батады.

Күндейді сосын, теріс айналып қыстығып,  
Кеудесін ауыр зіл басып, мені жек көре.  
Күрсіне жаздап, ішімнен үнсіз ышқынып,  
Жылыстай берем тымырсық қамап өкпеме.

Сосын мен оны алмастан мүлде есіме,  
Жыл кешіп кетем, жүректен жырдың оты ұшып.  
Әй, бірақ кімді мұқаттым?  
Неге? Несіне?  
Несіне күлдім жетісіп!

Мендегі сезім ат басын қайта бұрады,  
Артымда қалған өмірге базар-былапыт.  
Қайыршы тірлік «ая» деп күтіп тұрады,  
Сәбиін шымшып жылатып...



## ТАСАРАЛ. НӘУКЕН АҒА.

Исе Тарғыл таудың тас анары,  
Балқаштың жүрегінен жас ағады,  
Ақ жолы дариядан басталатын,  
Ақжолтай Ағыбайдың Тасаралы!

Көк теңіз аймалаған көне белін,  
Арман-ай, атан болса шөгерең.  
Боз жантақ құшып жатқан төбелерің,  
Жұмыртқасы тәрізді бөдененің.

Күңіреніп көшкен елдің нар атаны,  
Көнеге көңіл көзін қаратады.  
Торғындай топырағыңның дара табы –  
Ып-ыстық әжелердің алақаны.

Қауышып шөл-сағыныш көл ниетпен,  
Күн заулар желкен тігіп көкжиектен,  
Көк теңіз толқынының сылқым биін,  
Нәукеннің әніне сап мөлдіреткен.

Ән төксе жүрегінен нар Наурызбай,  
Балқырсың көлге аяғын малған күздай.  
Қып-қызыл қызғалдақтар толықсыса,  
Бұл жалған – бүрін жаңа жарған қыздай.

Күндер-ай көңіл хошын көлмен демдер,  
Тасарал – жер жүрегі тербелген жер.  
Нәукеннің әніменен әлдиленген,  
Көк көлдің жүрегіне жерленгендер.



Елді көрдім,  
 Ен жайлаған ескі жұрт, белді көрдім.  
 Елесіндей ескінің ерке күндер,  
 Боз селеу боп желбіреп белгі бердің.

Жерді көрдім,  
 Жерге талай жасырып, шерді көмдім.  
 Өзіңді ойлап сағынып, елжірермін –  
 Жердің жүзін шарлайтын сол бірер күн.

Көкті көрдім,  
 Көкте жанған ошақтан отты көрдім.  
 Жерде жүріп жерініп күн кешсем де,  
 Күн түбіне бір күні кеп түнермін!

Шоқты көрдім,  
 Шоқтан да ыстық өртенген от-жігерлім,  
 Өмірімнен өзіне орын тапқан,  
 Көңіліммен сен үшін көк тірермін.

Гүлді көрдім,  
 Гүлге талай түншыға сүңгігенмін.  
 Ғұмырымды жап-жарық нұр құшады,  
 Тұнығындай Ай жүзген түнгі көлдің.

Күнді көрдім,  
 Күн көрмесем – жүректі тілгілер мұң.  
 Дәл ұшпаққа жетерде бір жымисаң,  
 «Ғарыш жаққа кетерде бір күлермін!»

Кімді көрдім?!

Уа, қайсар ақын, Махамбет Өтемісұлы!  
 Қыранның әркез болар деп, мекені – шыңы  
 айтады, оның ажалы және шыңда деп.  
 (Солай ма тағдыр-таразы, жарасым, гадет?!)  
 Жадында жұрттың болған жай бай Нарындағы,  
 Қасірет тұнған қатал күн майда құмдағы.  
 Былғанып Жайық боғымен қарашекпеннің,  
 Қаройды қалың қазақтың наласы өпкен күн.  
 Екі мың сомға басыңды кесіп берген ел  
 Екі ғасыры өткен соң есіп, төрге өпер.  
 Сен елім деп ең!  
 Елің сол ажалға берген –  
 Жылан боп шақты айыр тіл, сазарған өңмен.  
 Ерлікті жарып өлтірген ана-күрсақтан,  
 Ақ патша берген қылышпен қара күл шапқан.  
 Бассыз қалды ел!  
 Бас болмас жиылса да құл,  
 Құм Нарын кетті дауылдап құйын соға бір.  
 Көшпелі тарих далада өшкені бұл да,  
 Көшірмесі тек қалыпты көшпелі құмда,  
 Ерлік, рух деген жадымнан өшкен ұғымда...  
 Уа, қайсар ақын, Махамбет, айдынды ерім!  
 Өзіңмен бірге кетіпті айбын, жігерім.  
 Шыңда еді рухы қазақтың көкке шаншылған,  
 Семсері сертпен шыңдалып, кекке шарпылған.  
 Мекені – шыңнан құлап өлер мәрт қыран сынды,  
 Сен мерт боп кеттің.  
 Дүшпанға тартты басыңды.  
 Бассыз ел – құл да, сусыған майда құм сынды,  
 Өткен күн сонау қайғыға бай Нарын сынды.  
 Қос ғасыр өтті ел мен жұрт “уралағалы”,  
 Ақ Жайық та әлі сол күндей тулап ағады –  
 Есіне салып жұртының майда күндерін...  
 Махамбет ақын, рухым, байрағым менің!



## КӨКТЕМДІ САҒЫНУ

*«Көктем, мен сені сүймейтін болдым...»*

**Бағдат Мұбарәқұлы.**

Арылғалы қанша жыл бір әдеттен –  
Сезім суып кеткен-ді сірә, көптен.  
Күздігүні кеудемді әуреледі,  
Қыз ғұмыры секілді бұла көктем.

Қыз ғұмыры тәрізді көктем, шырақ,  
Мені сырттан жүрген бе көптен сынап?!  
Бір күні кеп сыздатты жүрегімді,  
Назды мұң да соңынан жеткен шұбап.

Назира мұң, назды күн, назым жаңбыр,  
Жақұт төгіп жаныма жазылған жыр.  
Жұпарымен демімді жиілетті,  
Алқа қылып мойнына тағынған гүл.

Ұмытқалы неше жыл ғашық жырын,  
Иыққа сап тірліктің тасып жүгін.  
Махаббатсыз өткердім бір ғасырды,  
Жалған сынды сол өткен ғасыр бүгін.

Жалған екен өткен сол жүз жылдығым,  
Үмітімнің үздігіп үздім жібін.  
Қыз ғұмырлы көктеммен табыстырған,  
Мен сүйемін күлтелі күздің күнін!

Күздей күңгірт елесіңіз елге біздер,  
Көктемгі күн – көңілде сөнген іздер.  
Күзді сүйіп, көктемді сағынатын,  
Бағдат өтірік айтады, сенбеңіздер!..



## ТҮНГІ КӨЛ СУРЕТІ

Кербез көлдің аяздай түнгі лебі,  
Жым-жырт түнде жырқылдап жын күледі.  
Жағалауда тоңады құм қалтырап,  
Жел сүйресе, күрсініп қырға ұмтылад.  
Жарқабақтар мүлгиді сыз қамалап,  
Көлдің ернін құрсаулы мұзға балап.  
Жағаны іздеп қаңғыған толқындар да  
Көзін жұмып қалғыған, көл тынғанда.  
Кемелер тұр сұстанып түнге өкпелі,  
Қайықтарға су сіңіп дірдектеді.  
Қалш-қалш етіп құм байгүс тыр жалаңаш,  
Әлденеге жырқылдап жын ғана мас.  
Қала жақта болған-ау күні бойы,  
Түнде оңаша қыдырмақ – мұның ойы.  
Әлде, серік тапты ма, кім біледі?!  
(Бір білсе оны, түңғиық түн біледі).  
Қайта-қайта шулатып қамыстарды,  
Батпақ шашты, көл болса намыстанды –  
Түнеріп ап лақтырды толқындарын,  
Жел де өзгертті он-оңай сол түнгі өнін.  
Құм байгүс та долданып шашын жұлды,  
Қала жаққа қамыстар басын бұрды.  
Жайын шоршып, көл бетін айпар қылды,  
Санын шымшып, шарылдап шайтан күлді.  
Қала жақтан үн шықса басқа бөтен,  
Гитарамен өн айтқан жастар екен.

Шу көбейіп күрсінді өр кемелер,  
Дақпыртын іліп алып жел жөнелер.  
Қаладағы қаптаған шуылдақтың,  
Әдеті гой қызып ап көлге келер...



Мен бұлтпын үнсіз сырғыған  
Адамзат шөлінің үстімен,  
Абылдың көрінің үстімен.  
Қабылдың күнәсін шыжғырған  
Тәңірдің шоғының үстімен.

Мен бұлтпын тұтасқан зілмауыр,  
Қорғасын қайғы бар кеудемде,  
Шемен бар сірескен шерменде.  
Соңымнан ілесіп сұр дауыл,  
Дертіме бір дауа бермеуде.

Мен – бұлтпын!  
Жай тілсе жонымды  
қападан түнерген түтігіп,  
күркіреп, долданған құтырып.  
Тірлікте таба алмай жоғымды,  
Түнекке барамын жұтылып.

Мен – бұлтпын...  
Жанымды ұғар кім,  
теңселіп қашанғы шыдармын!  
Төгем бір көзімнің көл жасын,  
Суырылар кеудемнен қорғасын.  
Уындай шер кетіп жыланның,  
Өксіп бір өкіріп жылармын:  
Нұр төгіп пенделер шөліне,  
гүл өріп Абылдың көріне,  
сейілер тұтасқан мың күнәм.  
...Мен бұлтпын үнсіз сырғыған!

Сен мені жек көргеннен не шығады?!  
Сағынып жиі аларсың есіңе әлі.  
Кактустай отыз жылда бір-ақ гүлдер,  
Ессіз жан ер қадірін кеш ұғады.

Сен менен түңілгейсің.  
Мен түңілгем.  
Өшпес тек өкініштің өрті бірден.  
Елесім түн баласы есік қағып,  
Өтерсің өзіңді-өзің өлтірумен.

Сен менен жерінгейсің.  
Мен жеріндім.  
(Тынын санадың-ау теңге-өмірдің).  
Алдамшы ғұмырыңа қорек етер  
Қалдығы жетер осы көргеніңнің.

Сен мені ғайбаттай бер – нем кетеді,  
Өз сөзің өз кеуденді шерлі етеді.  
Жүректе кеш бүрлеген сезіміңнің  
Бесігін елес қана тербетеді.

Сол елес – мендік рухтан жаралған нұр,  
Сен емес, бесігі үшін алаңдап жүр.  
Кеудеңе көктен жұлдыз жарық салсын,  
Қош боп тұр, сабағы ерте ағарған гүл!..

## ТОҚЫРАУЫН БАЛҚАШҚА ҚҮЙМАДЫ

Тұнық басы – Қайдауыл-Шеруке-ді,  
Тымық демін күм-қырман шөл іркеді.  
Тоқырауын неше жыл тасымай кеп,  
Биыл сойқан салад деп ел үркеді.

Қара күз.  
Боз селеу қар бөккесін сарбалақ қыр,  
Қалғиды енді аспанды аңдап ап бір.  
Алты ай қыстан аман-сау өтеміз бе,  
Қаңтар түгіл қазанда қар борап тұр?

- Апырай, ә?!  
– Мал қандай, жем-шөп қандай?  
Ауыл қалды сенделіп сең сокқандай.  
Қара аспаннан қаһарлы қыс төнді кеп,  
Қақ маңдайдан қарсы ұрар қолшоқпардай.
- Оу, қайтеміз?!  
– Көнеміз, амалдаймыз...  
– Пай-пай, шіркін, салар ма ед сонарға айғыз!  
Ауыл тағы дуылдап қысқа кірді,  
Ұясына қалды тек қона алмай күз.

Қарлы боран қаңтарда атқа мініп,  
Ақпанда аспан жерге ақтарылып.  
Алты ай қыс аю-ауыл ұйқыға енді,  
Түсінде гүл көктем мен баққа кіріп.

Қиял ғой гүл-гүл бақша,  
Тоқырауын тон киіп мүлгіп жатса.  
Біздің ауыл Сібірден аумап қалад,  
Бұғымүйіз қарағаш дір-дір қақса.



Әй, бірақ, бәрі өткінші,  
Көреміз марка күнді  
деді ауыл.  
Боран сосын қаңтарылды.  
Нұр-наурыз келді бір күн жымың қағып,  
Ұмыт деп қаһарланған қаңтарыңды.

Күн сүйді сосын келіп байтақ белді,  
Ел тұрды есіне алып қайта өткенді.  
Көк өзен күркіреп бір күрсінді де,  
Арнасында алапат шайқап берді.

Боз аспан бояуы оңған сынайлы боп,  
Сел көшіп, сұрғылт ағын құрайды үдеп.  
– Әй, биыл күрт ерісе мына дала,  
Көк өзен Балқаш барад, құдай білед.

Ел шертті көп «шіркінді», көп «қайранды»,  
Бұғымүйіз талдарға көк байланды.  
Жерде сең, көкте бұлт сенделгенмен,  
Жігерлі өзен қарт көлге жетпей қалды.

Өмір гой, не істейін енді!  
Боз нұр көміп барады төскей-белді.  
Сенің маған жетпейтін сәлеміңдей,  
Тоқырауын қайтадан көшпейді, өлді...



## БІЗДІҢ ҚАЗАҚ

Кеше:

Маңдайында пешене бар жазылған,  
Дүниені тітіреткен даңқымен.  
Көрден аттап жан-жағында қазылған,  
Адал өлген антымен.

Бүгін:

Бұрынғыдан өзгешелеу қазіргі өн –  
Зар кешеді зау биіктің зарпымен.  
Жүрегінде «Алла» деп жазылған,  
Кириллица қарпімен...



## МӘЛІКСАЙ. МӘДИ МОЛАСЫ БАСЫНДАҒЫ ОЙ

Мына ауаға тұнып қалған сықылды  
Мәди-жырдың мәрт, төкаппар бітімі.  
Қына, тасқа сіңіп қалған сықылды  
Жасановтың мылтығының түтіні.

Қарағайдың шайыры боп шыққандай,  
Қақабайдың қарау-қасіреттері,  
Қылқанына жас қайғы боп жүкқандай,  
Қази қыздың жамал-жасыл көктемі.

Құстарының қиқуына көшкендей,  
Қояндының жәрмеңкесі тарқаған.  
Құштар үні Тәтті-күй боп ескендей,  
Арқалансаң, күйді тыңдап, арқалан!

Мөддірлікті биік тұтар мәрттігі  
Шайтанкөлдiң шарасында шүпілдеп.  
Зеңгір көктен саулап тұрған нарт-нұры  
Жайсаң ердiң жүрегiнде лүпілдеп.

Қоңыр самал тербеткендей аңызды,  
Төрге өткендей жерден өріп бар киен.  
Қоңыр кеште күбірлеген тәрізді  
Жириенсақал әулием!..

Қарқаралы – көшірмесі жұмақтың,  
Адамзаттың ең ежелгі мекені.  
Саған жетсем көкірегімнен құлап мұң,  
Көне тарих көз алдымнан өтеді.



Өтер өмір, көшер бастан шіркін күн,  
Сенен табар тәубе-тірек бұ қазақ.  
Қарқаралы – қара орманы рухымның,  
Қасиетіңе мың мәртебе мінәжәт!

...Мына ауада тұнып қалған сықылды  
Мәди үні – ұлт ұраны, ұлт үні.  
Мына дөңде шіріп қалған сықылды  
Жасановтың мылтығы!..



## КӨНЕ ЖЫРДЫҢ СІЛЕМІ

“Қарқара бөрік кигенім,  
Қайыңсап садақ игенім.  
Қай жерде отыр жәудіреп,  
Қарақат көзді сүйгенім?”

Сере де сере, сере қар,  
Көк көлге киер кобе қар.  
Әуеден сәуе көрерсің,  
Жан жарым жансыз дегейсің,  
Көзіңе жас берер көне зар.  
Сен аман жүрші көкем-ай,  
Төңірден өмір жеткесін,  
Әуелі құрбан мені алар...”

– деп зарлап ағам өтті бұл өмірден,  
Көк түйменің үзілді бірі өңірден.  
Жас ақпай жанарымнан, қан шүмектеп,  
Мамыра маза кетті жүрегімнен.

Қарқара бөрік қалды тер аңқыған,  
Құбылага құлады ел артынан.  
Саздауытқа қар жауып, қайың семді,  
Қара жерді шөкелеп неге алқынам?!

Ажалдыға дарымас ғұмыр мәңгі,  
Төңір өзі қиған соң шыбын жанды.  
Атың аунап түк қалып жарытпады,  
Нардан ауып жөнекей жүгің қалды.

Қош енді, қош аман бол, құба дала,  
Көгіңнен бұлт, төріңнен мұнар ада.  
Көк көлге көтерілді көңіл жүрдек,  
Көшуді һақ жазыпты сыбағама.



Көшкенде айтатыным көне жыр-ды,  
Тастадым ғасыр киген көбе-мұңды.  
Көлменен шөл тоғысқан қалаға кеп,  
Көне жыр көркемдеген өлеңімді:

“Қарқара бөрік кигенім,  
Қайыңсап садақ игенім.  
Кеудемнен ұшар қай күні,  
Көкала өлең-үйрегім?!”



## ҚАЗАҚСТАН...

Әлдімен жанымды тербететін,  
Жүрегінен сел болып шер кететін.  
Сен басқасың мен үшін, Қазақ елі,  
Қазақия – о, менің Мемлекетім!

Қазақстан!  
Қастерлі қағанатым,  
Саған ғашық жердегі төмәм ақын.  
Сен басқасың, мына ел сен емессің,  
Сен емессің өсекке жамалатын.

Сен басқасың...  
Мына ел көшірмеңдей,  
Сылап-сипап бақшада өсіргендей,  
Есін көрмей отырмын осы жұрттың,  
Осы жұрттың отырмын көшін көрмей.

Ол елімнің басқа еді басты арманы,  
Аспанда – әні, асқақ-тын асқарлары.  
Күн түбіне тірелген керуені,  
Мөлдір еді ақ қайнар бастаулары.

Ол елімнің өзге еді өріс-төрі,  
Ұлы – батыр, қыздары періште еді.  
Жоқ қылды да бір дұшпан сол елімді,  
Жұртын жермен-жексен ғып тегістеді.

Ал мына ел – сол өрттен қалған орман,  
Жетегінде өгіздің арба болған.  
Немесе Ер Төстіктің әкесіндей,  
Сорқудықтың басына сорға қонған.



Қазақстан, мен үшін сен басқасың,  
Сен басқасың, көзімді шел баспасың.  
Сені көрем деген ел күн-түн жортып,  
Түзге түнеп, басына ер жастасың.

Ал қаладан, тымырсық тар қаладан,  
Қабырғаға жармасқан жарнамадан,  
Басқа бір ел сөйлеп түр өзге тілде,  
Сені тани алмай түр арда балаң.

Танымадым, кеттім бе шеттеп көптең?!  
Жыртығыңды жапнай түр көктеп көктем.  
Қазақ елі жаралып ықылымда,  
Жиырмасыншы ғасырда жоқ боп кеткен...

## АУЫЛ КЕШІ

Күрсінеді қарт емен қажып-шіріп,  
Сылаңдайды сұлу қыз нәзік шыбық.  
Қайың қыздар қысқартып көйлектерін,  
Бар төңірек көреді көреді бой жеткенін.  
Кемпір талдар пыш-пыштап бетін жыртып,  
Өсек-желден жапырақ секірді үркіп.  
Аңызак жел, шаң-күдік, сөз бораған,  
Сұлулыққа мін таққан, көз қадаған.  
Қайың қыздар етегін жел көтеред,  
Жаны ашыған жалғыз-ақ жеңге-терек  
жел өтінен қорғайды ығына алып.  
Емен шалдар есінеп, ыңыранып,  
Әйелдердің қызықтап ерегесін,  
Әлдилейді қараағаш-немересін.  
Шылым шегіп қарағай бозбалалар,  
Шал-шауқанға ұнамай сөзге қалар.  
Аңызак жел күн ұзақ сәл тынбайды,  
Кемпір талдар жел соғып жалшылдайды.  
Қайың қыздар қосылмай еш қатарға,  
Қолтықтасып қыдырар кеш батарда,  
Жақындауға қымсынып қарағайлар,  
Амандасып бұрылар анадайдан.  
Сыңқ-сыңқ күліп қайыңдар сыбдырласып,  
Қырға шығар қырындап бір-бір басып.  
Ымырт түспей үй жаққа қайту да мін,  
Қарағайлар күтеді Ай туғанын.  
Ай да туды, демалды шаршап ғалам,  
Таулар жақтан жетті, өне, өн сап самал,  
Қыз-бозбала жақындап алшақтаған,  
Күшақтасып қос-қостан билеп кетті,  
Асқақ әуен сезімін күйлеп төкті.

Сол бір кеште көңілге түрлі күй кеп,  
Шаттығыңды шаш, баурым, мұңды жи деп,  
Табиғаттың өзі кеп қолқа салып,  
Бар Ақтоғай мас болып жүрді билеп...



## ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ ОҚЫЛАТЫН ӨЛЕҢ

Қараман шал –  
Елеңдеп ертелі-кеш даланы аңсар.  
Қаладағы халыққа жаны ауырған  
Жағадағы балықтай шалажансар.

Қара көкем,  
Жарасып жақын болдық алабөтен.  
Сіздің көңіл теңіз гой тебіренген,  
Біздің пейіл шабытты шағала екен.


Мына қала,  
Күмды күша қалғыған құба дала.  
Талай сырын өмірдің сізге ұсынған,  
Соны айту тиген-ау сыбағаға.

Маған дәйім шертесіз соның көбін,  
Қопарылмай тереңге көмілгенін.  
Жан-дүниеніз – даланың дарқандығын,  
Әңгіменіз аңқытар қоңыр желін.

Мұны ұғып жатқан жоқ ешкім бірақ,  
Көкке сіңіп барады көш бұлдырап.  
Шіренген дүр елемей қара шалды,  
Біреулер жүр менсінбей төсті ұрғылап.

Қарекем-ай,  
Қараменде, Сана би, Әнет, Абай,  
Бабаларым бастаған көшке ердік,  
Алдымызда асу түр және талай.

Қараман сал,  
Ертелі-кеш елеңдеп даланы аңсар...




## ФӘНИ-ҚҰС

Мен бе...  
Сен бе...  
ОЛ ма әлде кінәлі –  
Неге оттан түгін иісі шығады?  
Жан өртіне су себетін жан таппай,  
Сарқылғанда дүниенің бұлағы –  
Қап-қара боп тұтылған күн төрізді,  
Өртенем де кетем ылғи...  
Аңызды  
есіме алам фәни-құсты, фәниді,  
Өзегімді өрт-өкініш қариды.  
О, отты жыр, өзегімді қари түс,  
Менің атым – Фәни-құс!  
Елдің бәрі ақын ғой деп ұғатын,  
Қос қанатым өрт жалын боп шығатын...

Жарымы күл, жартысы от денемнің,  
Бірақ, оған сенер кім?!  
Бақи жаққа күнде барып қайтатын,  
Өле алмайтын өзегі өрт өлеңмін!  
Лап еткенмін шайтан шашқан шараптан,  
Өзін өртеп, өзімді өртеп...  
Сан оттан  
түгін иісті күл жұғыпты жаным,  
Шайтан шәрі тозақтан  
«...Оттан туған»  
Өн-бойымды құрсар күш,  
Басым кейде күлсалғыш.  
Жанып-сөніп, шерді өртеген жүрегім,  
Жартысы – күл, жарымы – нұр...



Жыр. Өлім  
Екеуінің ортасында сеңделген,  
Жыр тірілтіп, шер көмген.  
Бір бұлаққа келем әлі шөлдеумен...  
Жүз өртеніп, тоқсан тоғыз сөнгенмен.  
Күлге толып баратқандай өр кеудем.  
Лап еткізіп жер-жаһанды жарығым  
Мен тұтанған күні неге налыдың,  
Мен сөнетін күнді неге жорыдың,  
От пен бірге күл жаратқан Тәңірім?!.



**КӨШ**  
*(Баллада)*

Әнеу жылы...  
(Жас жиырмадан сол төмен),  
Маған көп сыр шертуші еді қарт әжем,  
Соның көбі жадымда әлі жаттаулы,  
Өйткені, мол құпиясы бар терен.

«Әлі есімде, есі шығып ел тозған,  
Несібесін табады жұрт колхоздан.  
1941-ші жыл-тұғын,  
Зұлмат соғыс бейбіт күнге көр қазған.

Зұлмат соғыс бейбіт күннің басын ап,  
Тоқырауын көз жасы боп тасымақ.  
Құбылаға күншығыстан ер кетті  
Күннің отты шапағы боп шашырап.

Көз жасы ғой – сіркіреп бір жауса күн,  
Қап-қара бұлт елестетіп жау сапын.  
Күншығыстан атар таңды қарсы ап ел,  
Құнбатысқа көздің майын тауысатын.

Алагеуім шақта аңыздап ессе жел,  
Көр-батыстан түнді көріп сескенер.  
Көңілсіз көп таңды көрсе тәубе айтып,  
Қыстан шыға қыр жайлауға көшкен ел.

Көтерем боп қыстан шыққан секілді ел,  
Көн боп қатқан етін көр, не бетін көр.  
Ел дегенің елесіндей өткеннің –  
Жесірлер мен жетімдер.



Көкіректе көңілсіздеу күй-өрік,  
Жетім-жесір бір-біріне сүйенбек.  
Көшкен елдің қатарында қапалы,  
Омаш та жүр «қашан жауға тием!» деп.  
Жасы жетпей, жаны жасып, күйер көп.

Көңілсіз көш – жадау жайлау жол түбі,  
Жан жасыды, жанарда жас толқыды.  
Омкең атаң «жау қайдалап» жайнап ед,  
Комиссардан повестка кеп сол күні.

Жайлауды аңсап, кешпеді де көгалды,  
Орта жолда ырдуанын доғарды.  
Сол күні-ақ сұрапылға аттанып,  
Үш жылдан соң «герой» болып оралды.

Омаш атаң сүйегі асыл ер еді,  
Жеткен сәтте-ақ комиссардың дерегі,  
Айдалаға көшін тастап ойланбай,  
Отан үшін откешуге жөнеді».

Сол әжем де бақиға артты сапарын,  
Омкең шал да жерге алмасқан шапанын.  
Елге келіп көшін Күнге тірепті,  
Жел аймалап күміс күлте сақалын.

Бейбіт күнде көрсем түйір қорғасын,  
Омкең атам елестетем бор басын.  
Боз селеу боп желбірейді сақалы:  
«Ей, жүгермек, көшің жолда қалмасын!»

Жүрген шақта көшім тізер жон қарап,  
Баталы жұрт аңдатар деп оң қабак.  
Жосалының баурайынан кеткенмін  
Парыз атты талай жүгім жолда қап.

Жерге бітсе мұзарт шыңды шалған бұлт,  
Адасады алдын білмей сан мөңгүрт.  
Отан тұрмақ отау тіге алмай жүр  
Бейбіт күнде көші жолда қалған жұрт.

Сұрапыл жоқ,  
Бейбіт тірлік – жарасым,  
Ерлік даңқы – аспан сүйген дара шың!  
Атам көші Күнге барып тірелді,  
Менің көшім, қайда маңып барасың?!



## КЕРТОЛҒАУ

*«Солай да, солай, қарағым...»*  
**Мұқағали.**

Жаздың да соңғы Күні үшты көкке  
салыңқы салқын жымнып.  
Тақалды уайым-қылыш жүрекке,  
қолқада толқын түр ұйып.

Күзбенен бірге жүрек те суып,  
берішін бездей бекітті.  
Тіресе жүріп, түнекке сініп,  
жас дәурен өтіп кетіпті!

Самайға әнтек боз қырау қонды,  
сезімге селкеу түскелі.  
Ойынды уайым тоздырар болды,  
шала-мұң бықсып іштегі.

Бір отты үрлеп сөндіріп алған  
жүректі жеңді кеңірдек.  
Тірлікте мына ендігі қалған  
не тындырады екем елім деп?!

Махаббат та емес, парасат та емес,  
саясат қамап сананы.  
Ағадан қарыз-алашақ кеңес  
арзандап және барады.

Елеуреп жүріп, алаулап жүріп,  
өртеппіз талай төбені.  
Сол өткен күнге алаңдап жүріп,  
өр жаққа бұрдым кемеңі.



Өрт өшкен іште, өзегімде айла,  
санамда сартап сыңсу, мұз.  
Кешегі асқан кезеңім қайда,  
кезегім қайда, мұңшыл күз?

Жастық жалынның ұшқыны түскен,  
өрт алған кезең бос екен.  
Ыңырсып шығар ышқынып іштен –  
кертолғау деген осы екен.  
Кертолғау деген осы екен!..



## ЕЛЕС

Кеше түнде айрылмас бір дос таптым:  
Аты – Елес,  
заты – Сендік сағыныш.  
Мұнартады мұңлы түсті коштап түн,  
Біз бейбақта – бағыныс.

Мен әуелде-ақ жауласқан ем сезіммен:  
Оты – Елес,  
зады – мені мазақтау.  
Бірақ, неге ыршыған жас көзімнен  
Бар күлкіден гажаптау?!

Біз бұрыннан бетке тұтқан бағдар ғой:  
Аты – Елес,  
заты – Үміт ғаламат.  
Сенен мүлде талақ болып қалған ғой,  
Мені тапса сағалап.

Досым, бірақ түнде ғана келеді,  
Қаймыға сәл, қара түнді жамыла.  
Сынық сыңсып құшағыма енеді,  
Күрсінеді қамыға.

Одан артық дос жоқ енді мен үшін,  
Жабықтырмас, жалғыздықта жүдетпес.  
Іңір түсе, күтем жұмбақ келісін,  
Түн тылсымын тілеп кеш.

Ертең Сен де дос табарсың дәл сондай,  
Аты – Елес,  
затын байқап, көр қалпын.  
Қамықтырма құшақ жайып қарсы алмай,  
Мен болармын ол, бәлкім...



Бектаудың анау бөктерін гүлді  
 бөкпе түн басып барады.  
 Қайтейін, мына өкпе құрғырды  
 алқынған кезбей даланы.

Көзінің алдын көк шыбын көміп,  
 Күн сөніп барад жырақта.  
 Мен тұрмын үнсіз өксігім келіп,  
 көзімде жас жоқ бірақ та.

Түнек боп өсіп құндақтап алды  
 тұлғамнан туған көлеңкем.  
 Мендік бір құштар қыр жақта қалды –  
 соны іздеп кетем мен ертең.

Адыра қылып ақық сырларды,  
 бозала таңда қоштасам,  
 Дәл мендей бақсыз, бақытсыз жанды  
 көрмейді ешкім, ешқашан.

Балай ма бейуақ тылсымға ел мұны –  
 Мен жоқтың жалнақ жалғанда,  
 Сендегі жүрек күрсінген күні  
 түсіңе енермін, таңғалма.

Бектаудың белін бөктеріп көктем  
 салғанда сырлы әуенге.  
 От болып келіп, жоқ болып кеткен,  
 Мен емес жалғыз әлемде.  
 Мен емес...

## ШЫЛЫМ. ШЫЛБЫР ӨЗЕНІ.

Талқан ғып ойды тірлік елені,  
Қос қолда тұрмыс кісені.  
Бегазы...  
Шылым...  
Шылбыр өзені –  
Есіме жиі түседі.

Көкжиек – қатпар-қатпарлы қырат,  
Жақпарлы кезең, құба тау.  
Тіршілік – бара жатқан зымырап,  
Арғымақ сынды шу асау.

Тұлпарлар сынды таулар да мына,  
Заулаған оқтай тізіліп.  
Шабандоз уақыт аңғармады ма,  
Шылбырын қалған үзіліп?!

Ада боп бойдан уайым-зымыстан,  
Заулармын мен де бір күні.  
Қу тіршіліктің мойынды қысқан,  
Шешілсе болды шылбыры...



## ТАУ СУРЕТІ

Қызылқұмар құс-көңілі жасып құр,  
Қыран тауды томаға бұлт басып тұр.  
Анда-санда саңқ етеді шамданып,  
Қырау қатқан ақ иығын қомданып.  
Аңшы дала қамшы басып атына,  
Жай ойнады аспан жүзі шатынап.  
Жел жүгіріп таудан төмен жанықты,  
Торғын тұман балақбауын ағытты.  
Жаңғырық дос дабыл қағып сай жақтан,  
Түлкі құды айдап шықты жай жатқан.  
Қырдан қашып түлкі-құйын құтырды,  
Дауыл қолы томағаны сыпырды.  
Қаршыға-шың көкке атылды шаңқылдап,  
Жапалақ тал жар басында жалпылдап,  
“Түлкі бикеш, тез, тоғайға кір” дейді.  
(Тапал байгүс биіктерді күңдейді).  
Түлкі болса бұл кеңесті құп көріп,  
Аман қалды тоғайға еніп жып беріп.  
Жапалақ мөз, жар басында жалпылдап,  
Қарға күлер қошеметтеп қарқылдап.  
Жел күрсінсе көкірегі шемен де,  
Шың қалады сорғаламай төменге.  
Шаңқ етед те інген үнсіз тынады,  
Тек жаңғырық дабыл қағып жүр өлі...

*«...бұлт қой анау жылаған».*  
**Есенғали.**

Қабарды аспан батыстан бұлтын шұбыртып,  
 Имантай молда созады даусын құбылтып.  
 Бұл кеше ғана «К-700» айдап жүруші еді,  
 Тағдыр шебер-ай, қойғанын қара жүгінтіп.

Жайғасты-ау апам, үй сыртын таңдап шөп басқан,  
 Имантай молда.  
 Сонында шалдар топтасқан.  
 Күркіреген көкке күңіренген дауыс үн қосып,  
 Біздің орданың төбесіне кеп шөкті аспан.

Шөкті аспан, бұлттар төбеден төмен төнді кеп,  
 Ақтық сапарға жазылғансыды жол жүдеп.  
 Қалиакпар көкем автобусын әкеп тосады,  
 Мінеді оған апам алғаш рет, анық соңғы рет.

Ауыр-ау жүгі қайқайған сынды жон-сауыр,  
 (Бұл жүрер жолдың маған да жүгі сонша ауыр).  
 Ауылдың анау күншығыс беті көп бейіт,  
 Күтеді бізді көрші ауыл, осы қоңсы ауыл.  
 Атам бар онда, апамды күткен қанша жыл.

Атам бар онда апаммен қалар қауышып,  
 Апам да қалар – топыраққа демі ауысып.  
 Имантай молда созады даусын құбылта,  
 Көктегі бұлттың шыдамын мүлде тауысып.

Үзілді әуен, тарқады көктің шері бар,  
Үзілді өмір.  
Топырақтың жұтқан демі – зар.

Аспанның бұлты сейіліп келед біртіндеп,  
Шегініп келед шер-шемен барша ел ұғар.

...Тірліктің сазы әуенін созып қыдыртып,  
Тек алға ғана ұмтылады екен ғұмыр-құт.  
Алдымнан талай көлденең көлік тартылды,  
Бү қалай-ау деп қараймын оған шын үркіп.  
Имантай молда созады даусын құбылтып...

## ОНДЫҚ ШАМ

### 1.

Тұсыма кеп бекітерде түн ірге,  
Ондық шам боп сығаладым іңірге.  
Батқан күннің барша нұрын сіміріп,  
Жалыныммен көр ызғарын бір ұрып,  
Лапылдадым – қан атқандай білтемнен,  
Бірақ, кейін серпілмеді түн төнген.

### 2.

Шұғыладай бір жалт етер Сібірде,  
Ондық шам боп арайландым іңірде.  
Жарығыммен жылытпақ боп бар маңды,  
Өзегімнен өрбіттім сан арманды.  
Бірақ, ешкім қосылмады үніме –  
Шам жарығы түспейді екен түбіне.

### 3.

Ырғақ қосып дүниелік дірілге,  
Ондық шам боп бой көтердім іңірде.  
Түнек болып тұмшалай ма мені ертең,  
Жүрегіме жасырынған көлеңке?!  
Сол көлеңке түнінен таққан тұмардай,  
Мәпелеймін қуысынан шығармай.

### 4.

О, Жаратқан, құлақ салшы бір үнге,  
Ондық шам боп дірілдеген іңірде.  
Жарық күннің қызуы бар бойымда,  
Табыт түннің көшірмесі қойында.  
Білте гүмыр лаулатқанмен жүректі,  
Жүрегімнің түбіндегі түнекті  
калай қуам?  
Жауап берші бір-ақ, шын.  
Өзегіме өрт сыйлаған Шырақшым!



## АҚТОҒАЙ

Тағдыр ләмі тізілетін тақтадай  
Жадыма өкеп жазып берген Нақ-талай.  
Жүректегі жырларымның ұйқасын,  
Сенен табам, сенен алам, Ақтоғай!

Көк пүлішке салған уыс мақтадай,  
Көктен саған арбалады аппақ Ай,  
Жерде жүріп сенен алыс кеткенмен,  
Аңсарымды жүрегімде сақтағай!

О, Ақтоғай!  
Арай-нұрлы Ақтоғай!  
Уақыт деген зулайды екен тоқтамай,  
Сол баяғы сәл мұңдылау қалпымда,  
Саған келіп тұрмын бүгін, Ақтоғай.

Аппақ нұрың – тірліктегі жарығым,  
Ардың өзін Ақтоғай деп таныдым.  
Ақ қайың боп жапырағым жайқалып,  
Тоқырауын боп тоқыраған тамырым!

Бөгазыдай жұмбақ едім бұл елге,  
Ақсорандай сұңғақ едім дүр елге.  
Жыр-жасын мен кара өлеңмін біреуге,  
Құмға сіңген көрі өзенмін біреуге.

Ару қызға алғаш айтқан сөзім де,  
Арлы жүрек арқалаған төзім де,  
Ақ өмірге аяқ басқан кезім де,  
Сенен жүкқан жұпары күт сезім де,  
Көне күндер керуені көзімде –  
Мені қосқан тірлік деген бәйгеңнің,  
Сөресі де, мәресі де өзінде!  
О, туған жер!!!



## БІЗДІҢ АУЫЛ (Д.А-ға)

*«Есіктің алды тал-қайың,  
Басыңда тұрмас жаз дәйім...»  
Халық әні*

Біздің ауыл баурында Жыландының,  
Сонда өткен құлын-күн, құнан-күнім.  
Бөйге-өмірдің мәресі елде ме екен?!  
Білмеймін, күмәндімін...

Біздің ауыл сол таудың еңісінде,  
Құлын-тағдыр тізілген желісінде.  
Шылбыр үзіп, шұрқырап кеткем кейін,  
Күреңбайдай сыншы жоқ ел ішінде.

Біздің ауыл... тар-қапас қала қазір,  
Біздік тағдыр – бөйгеге балама жыр.  
Менің тәнім – қаланың қуыршағы,  
Жаным болса дүбірлі далада жүр.

Біздің ауыл қалды артта күр бұйығып,  
Қалаға еніп кетіппін жылжи ығып.  
Алынбаған ауылда қамау терден,  
Көкірегіме у-зәһар жүр құйылып.

Біздің ауыл астында сағым, қырдың,  
Біздік жүрек астында шағым-зілдің.  
Қимайы нісін қимастан қу қаланың,  
Тайғанақтап кете алмай лағып жүрмін.

Біздің ауыл баурында ед Жыландының,  
Мұнарлы мұң сол елде, тұмарлы күн.  
Лби жылжып жетем бе сол еліме?!  
Білмеймін, күмәндімін...

## МІСКІН

Шайқы-бұрқы дуана боп кетерміз,  
Күйкі тірлік күйреткенде бізді әбден.  
Шірік жапырақ шашуымен төпер күз,  
Жүрегінде соңғы жырың қызғанмен.

Ақтарсаң да мұз боп түсер, ол да өлім,  
Сосын күз кеп қымтай салар төніңді.  
Күтеміз ғой бізді әлдекім көмгенін,  
Ал көмбесе түн сорады жаныңды.

Төнің сосын көрге жетер еңбектеп,  
Ең соңғы рет күрсінерміз, а, жалған!  
Мүңкір-нәңкүр өурелесе тергеп көп,  
Жалығармыз мазасыз бұл ажалдан.

Сосын тағы көрден қашып шығармыз,  
Шұбатылған ақ кебінге қымтанып.  
Тірлікке де қосыла алмай жылармыз,  
Тозаққа да бізсіз кетіп бір табыт.

Құдайға да құлдық ұрмай қамығып,  
Көктем-күзде кезерміз жер-жаһанды.  
Сұлулық пен жауыздыққа табынып,  
Әзәзілге айнарлармыз қаһарлы.

Мәңгі өмірге жол ашармыз солай біз,  
Пенделер де, перғауын да бас ұрар.  
Ал оғанша талай-талай, талай күз,  
Бізді ажалдың ақ көзінен жасырар...



## ШАТЫРША

*«Жата алмас ем, топырағыңда тебіренбей,  
Ақын болмай тасың болсам мен егер...»*

**Қасым.**

*«Шатырша айға салады айдалада...»*

**Ақсұрқарұлы.**

Шатырша...

Жапан түзде жауын қырған батырша,  
Қажып-талып, мұнартып тұр, қайтейін,  
соны көрген жүрегімді, аһ ұрса.

Шатырша...

Қаламсабы сынып қалған ақынша,  
Шөге түсіп, томсырайып жатады,  
Селк етерміз бір күні ол ақырса.

Шатырша...

Жанартау боп жүрегіміз атылса,  
Сен туралы аңыз айта алмаспыз,  
Ойран болған ойымызды сапырса?!

Шатырша...

Шалғайыңды Тоқырауыңға матырса,  
Дір-дір қағып тонады ма екенсің,  
Қаңтар ұрып, қабағыңды қатырса?

Шатырша...

Жаным жылар түйір тасың сатылса,  
Тірлігімді төмәм қылып ақынша,  
Тасың болып жатар ма едім  
...шақырса?!

## КҮМІС ӨЗЕН

Міне, жылжып кетті көлік,  
Шаң жармасып баурына.  
Жанарға жас кеп тіреліп,  
Қош бол дедім аулыма.

Қош бол дедім құба талға,  
Қимайсың-ау, көкешім.  
Бір жан таппай жұбатарға,  
Күнде сынсы ма екенсің?

Күміс толқын, қош бол сен де,  
Лайламаймын арнаңды.  
Мені қанша дос көрсен де,  
Түземессің жалғанды.

Түземессің,  
Кірге көміп,  
жүрегімді шер емген.  
Саған енді түнде келіп,  
Сыр айтпаймын өлеңмен.

Күміс өзен, күміс өзен,  
Айдан аппақ дидарын.  
Мен жаза алмай дұрыс өлең,  
Жүрегімді қинадым.

Қолым создым басқа арманға,  
Алдымда жол кең-жарқын.  
Күміс қырау басты алғанда,  
Оралармын мен бәлкім.



Сен де күміс, мен де күміс,  
Бойымызга дарып күт.  
Тарқап кетіп шерлеріміз,  
Қоштасармыз талықсып.

Күміс өзен, күміс өзен,  
Күміс өзен, жарықтық...



## АҒАМ АЙТҚАН...

Ол кезде сен де он бесте, мен де он бесте,  
Құлын боп қосылып ек елден көшке.  
Құлдыраң құлыншақ кез ұмыт қалып,  
Өкініп түседі екен өлгенде еске.

Ол кезде сен – құлыншақ, мен – құлыншақ,  
Кейін ғой бөлек кетіп шерге ұрынсақ.  
Дырау мұң дар айырып жон арқамды,  
Қу тағдыр тепеңдетті-ай терлігін сап.

Ол кезде көктем күткен шулап алдан,  
Бел асып кетті алдырмай қуған арман.  
Не пайда енді соны еске салып,  
Бауырға ап ер-тоқымды тулағаннан!

Құлын ем юяс-юырсық, қылығы – жын,  
Лайланды-ау көңілімнің тұнығы мың.  
Шарт етіп шалма түсті қыл мойынға,  
Қайтейін, күйкі өмірдің құрығы ұзын.

Ол кезде сен де он бесте, мен де он бесте,  
Құлын-күн түседі екен өлгенде еске.  
Ілбіген жауыр мәстек қырдан асты,  
Жырақта жылауық күн сөнген кеште.

Ол кезде сен де он бесте, мен де он бесте...



## АБАҚТЫ. ДЕКАБРИСТ.

Құбыла бетті қан жапты –  
Күн екен сөнген өртеніп,  
Көктегі анау шаңдақты  
қызыл нұр барад көмкеріп.

Қалжырап келіп құладым  
Жалп етіп өшкен жалындай.  
Жарқ еткен мен бір – нұр-ағын  
Полярдың шұғыла таңындай.

Ыңырысып ымырт теңселіп,  
Төрт құлақты жер түн сүйді.  
Жамылып күлді, мен шөгіп,  
Кеудемде бір күй сыңсиды.

Шығыстан шырай келместей,  
Алып түн мынау, табыт түн.  
Тұтасып көкте сең көшпей,  
Жанары жабық жарықтың.

Құбыла бетті жапты қан,  
Өртеніп өшті Күн ғаріп.  
Абдырап несін аптығам,  
Боз таңды күтем сұрланып...



## БАЛҚАШ БАЛЛАДАСЫ

Жағаға келіп толқындар сүйіп кемерді,  
Лықсиды кейін бұдан да таппай бір ләззат.  
Құмдауыт жерді жек көріп кетеді ол енді,  
Жаралы жанын жайсыздау мұңы тырналап.

Толқиды теңіз, толқыңды сезім әурелеп,  
Ей, менің мұңым секілді бұ да бұрқанып.  
Тыншиды сосын тербелгенге де тәубе деп,  
Көздерін жұма, көбікті көрпе қымтанып.

Ұйқыға шомса, ұйыған тәнін түн жаншып,  
Көктегі жұлдыз қонақтап мұңлы көркіне.  
Салқындап бойы сабырға келіп, тынғансып,  
Табыттай түннен тапқандай дауа дертіне.

Күрсініп қойып, кеудесін кере дем алмай,  
Дел-сал боп жатар (өйтпеске шара жоқ тағы).  
Беймарал күйге біржола бөгіп ене алмай,  
Күйзелген жаны күндізгі мұңға ноқталы.

Талықсып талып, түн ауа әбден қалжырап,  
Тұяқ та серіпшей ұйқыға шома бергенде.  
Оянар Ай-қыз аппақ нұр оңи албырап,  
Перделі көлге пері-зат қыздар келгенде.

Бір аунап түсіп, әлденені айтып күбірмен,  
Ашылған тәні Ай сәулесімен боялып,  
Жеті түндегі жел мініп жеткен дүбірден,  
Селк ете қалып, кетеді кенет оянып.



Көтеріп басын, толқындар сосын жосылып,  
Жағалау жаққа күрсіне басып жөнейді. -  
Пері-зат қыздар шу ете қалар шошынып,  
Түнгі думанға тұрақ болмайды көл енді.

Перілер сосын қайтады көкке – жұртына,  
Перделі көлге қайтадан тілсіз түнек кеп.  
Тып-тыныш қана шомады ол да ұйқыға,  
Түсіме менің перілер неге кіред деп.

Пейіштей түннің жағасын ақ таң тартып қап,  
Толқын-бұлт көміп, сөнеді жылтыр жұлдыз көп.  
Джинсы шалбарлы періште қызды қолтықтап,  
Пендеге айналып жүреміз ылғи күндіз кеп...



## ҚАРАҒАШ

Толғана алатын,  
Таңғала алатын менен гөрі  
Қарағаш Аллаға жақын.  
Өйткені, ол бұтағын көкке жайып,  
Жалбарынып, сағынар көктем айын.  
Көктем келе болмысы бүрлегенде,  
Толады да өзегі нұрлы өлеңге.  
Жапырағы сыбдырлап сыр таратып,  
Айналар тіл-көмейге.  
Қарағаш...  
Бұтағына қарғалар ұя салып,  
қарқылдағанмен  
Аспанның киесі ауып,  
Қаламсап боп кетеді қауырсынды,  
Қара жер – сия-сауыт.  
Қаралы ел – сия-сауыт...  
Қара шалдар күн көрген бие сауып,  
Солар маған саумалын құя салып,  
Бозартқан соң кеудемнің ақ парағын,  
Мен ақтарамын...  
Қауырсын қалам іздеп.  
Сарғаймын кеудеме нала, күз кеп.  
Жапырақ боп құлаймын атырапқа,  
Айналып қара топыраққа  
шіріп кетсем  
тамырына жетермін қарағаштың.  
Басымды өстіп өмірден ала қаштым.  
Қара өлеңнің ақ тәпсірін құраған,  
Қара шалдар құлаған  
Басында қабірдің...



Соңғы барар мекенінде төніңнің,  
Бұта бүрлеп, бұтағына жан бітіп,  
Саясында уақытты қалғытып  
тұрады.  
«Елең қағып Жастығымның құлағы»,  
Қарағаш көкке қолын жайған кара шалдай-тын,  
Жаза алмаған жырларымды жалғайтын  
Колында тек Құраны  
Ол өлеңнің сарқылмайтын сиясы,  
Қарағаш – кара шалдың ұясы,  
Қадаған қарға қанатын,  
Менен гөрі солар Аллаға жақын...



**«ГҮЛДЕР» ШАҒЫН АУДАНЫ**  
(Ж.Ә.-ға)

*«Бұлбұл құс туған жерден гүл іздейді...»*  
**Бәкір ТӘЖІБАЕВ.**

Гүлі қайда?  
Мына маңды тас басқан,  
Аспанымен тас қабырға астасқан.  
Біреу бұған ат қойыпты «Гүлдер» деп,  
Жан ба екен даламенен қастасқан?!

Мен бұл маңға жиі келем көктемде,  
Көз салғым кеп гүл жайнаған бөктерге.  
Гүл орнына күл уыстап қайтамын,  
Әлде олар да тасқа айналып кеткен бе?!

Бетон үйдің безергенде бет-өңі,  
Жүрегімді аяз қарып кетеді.  
Маған арман – даладағы дарқан күй,  
Маған арман – қырмызы қыр етегі.

Сағынғанмен, аңсағанмен даланы,  
Қалай қнып тастап кетем қаланы!  
Тас көшеде тайғанақтап табаным,  
Жүрегім де тасқа айналып барады...



## БІР КІСІ

Құйрығын бүтқа тығып ап,  
Маңқ етіп үрді қырт төбет.  
Зарланып қайда ұлымақ –  
Ұлығанды ұғар жұрт керек.

Ымырттан туған қара кіс,  
Түн мынау мылқау түнексіп.  
Үзілермен боп тарамыс,  
Сыңқ етті іштен бір өксіп.

Қырқаға қарай сырғыды,  
Дәрмені қашып санадан,  
Күркенің күшік тұрғыны  
Қалтырай қорқып даладан.

Түнекке көзін қарытты,  
Алыстан аңдап ауылды.  
Ақтық рет сүйіп жарықты,  
Арс етті – жүрек жарылды!

Қажыған жүрек қалт тынып,  
Сылқ етті жерге талақ төн.  
Түн жатыр көзін тарс жұмып,  
О-дағы өз мұңын шала ұққан.

Неге кеп өмір, неге өтті?!  
Алдың – тар, жалған, артың – зар.  
Осылай өлмек керек-ті,  
Жұртта қап кеткен қаңқулар...



## ӨМІР-ЕРТЕГІ

— Цикл —

### 1. МИФ-ЭЛЕГИЯ

Ағараңдап елес кезді Ай астын,  
Ақсораннан құлады алып көлеңке.  
Ақ қайыңға асылады жел ерке,  
Елжіреп тұр, елбіреп тұр иен өлке.

Қараң-күраң жынға толы сай іші.  
Бегазының бетін өпті түн ерні —  
Қызғаныштан қарағай-қыз түнерді,  
Сықылықтап самал күліп жіберді.

Пері қызы су бетінде сырғанап,  
Тоқырауын тынып жатты елжіреп.  
Көрпетайдың көрпе түні көл-жібек,  
Сап түзейді «отыз жеті ержүрек».

Ай бетінде кәрі мыстан қалғыды,  
Жыландының кер жыланы керіліп,  
Айдалада жоқтау айтты бөрі ұлып,  
Егізқойтас тұрды көкке емініп.

Жер тәңірі күрсінді де кенеттен,  
Құйын елес, кер жыландар жосылды,  
Жын айғайлап, пері сұлу шошынды,  
Тоқырауын толқын төсін көшірді.



Көк айғыры кісінеді, түн іріп,  
Жайдың оғы жайпап өтті күйінды,  
Балқаш әже әжім жүзін жиырды,  
Бектауата Тәңіріне сыйынды.

Құбылаға бетін түзеп сырғыды Ай,  
Кәрі мыстан жүнін түтіп, жіп есіп,  
Ақсораң мен Қызылсеңгір тіресіп,  
Батыс жаққа көшті түнге ілесіп.

Ал Шығыста күліп атты апақ таң,  
Шуағымен шомылдырды Күн иіп,  
Жанарына жанға жайлы нұр ұйып,  
Күнікей қыз көзін қысты жымнып...

## **2. АЛТЫН САҚА (БІРІНШІ КӨРІНІС)**

Қоңіл шертер әрбір күйдің үні ерек,  
Тым көп тыңдап шаршадың-ау сілелеп,  
Мен халіңді сұрамаппын бір елеп.  
Қалжырадың, қажып мүлде кеш қалдың,  
Мені әбден әлсіз күйде еске алдың.  
Тәлтіректен күн өткіздің тірі жан,  
Түртінектен түнек кездің сірі жан.  
Әлдебір кеш шама-шарқың құрыған  
Әлдеқайдан үн естідің құмыққан.  
Сол үн сені тарта берді өзіне,



Жақын маңай әлсін-әлсін көзіне  
жарық болып елес бере енді ептеп.  
Сен келесің қыбыр-қыбыр еңбектеп.  
Құба дала, қаңбақ, құйын билеген,  
Құмыққан үн құлағыңнан сүйреген  
Сорқұдыққа өкеледі бейбағым,  
Сорлы тағдыр...  
Сорқұдық...  
Сыр – беймәлім...  
Қауға тастап, су тартасың талпынып,  
Жыртық қауға – жарым күдік, жарты үміт.  
Тартып алдың, қауға ішінде қызыл қан,  
шикі өкпе.  
Көріп түрің бұзылған.  
Көз қанталап, тілің мүлде байланды,  
Өкпе кенет мыстан кемпірге айналды.  
“Зәрең кетті-ау зәр түбіне, батырым,  
Батыр емес, бөтір болдың, пақырым!  
Қалтаңда алтын сақаны әкел, өйтпесе...”  
Қоян байғұс, қашар едің, тәйт, десе.  
Сақалыңнан жас дірдектеп,  
“Сауға – жан”  
жансауғалап, қалтаңды аштың жалма-жан.  
Бейшара жан...  
Бейпіл кемпір қаһарлы,  
Беріп кеттің менің алтын сақамды.  
Бірақ, мен де күн кешпеймін пендеше,  
Ездер ғана сенбейді ғой, сенбесе!  
Алтын сақа-ақылымды жоғалтып,  
Жалған намыс, сатып кеттің сен, кеше!..

## АЛТЫН САҒА (ЕКІНШІ КӨРІНІС)


Мен безіндім күйкі-күйбең тұрмыстан,  
Қуды мені қарға тұмсық бір мыстан.  
Құйғытады жабы көңіл көкдөнен,  
Жалмауыз-мұң, тоспа мені кермеден.  
Жаным жылап жайдары жаз жұрты үшін,  
Сүрінтем деп жер тосады қыртысын,  
Мыстан кемпір жұлып алды бір тісін.  
Лақтырады ол арам күшін дәп шақтай,  
Жылап келед жадау жүрек-ақсақ тай.  
Тағы бір тіс – кеуіл, кеуде қайғы алды,  
Тұлпар сезім қосаяққа айналды.  
Күн күрсінер, жене алмайды мені мұң,  
Түн түршігер, үзілмейді өмірім.  
Құтқарар тек бәйтерек-өр сенімім.  
Байтерегім, менің тағдыр жазуым,  
Тамырыңа мыстан басты азуым.  
Торықпашы, түсірмеші еңсенді,  
Бізді дәйім жалмаймын деп көр сенді  
Бар ғұмырым қайғы толған керсен-ді,  
Арам күштен сенімім де теңселді.  
Кеше бізді тербеп еді ел бесік,  
Бүгін, міне, мұң мен мыстан тербесіп,  
Жадымызды жаңылдырып құлатпақ,  
Бақыт біздің басымыздан бір аттап,  
Күш-жігерді бірге әкетпек өзімен.  
Мұның бәрін жан-тәніммен сезінем.  
Сезінем де қапаланбай көз ілем –  
Ертең көкте Күн тағы нұр жаяды,



Өрі барша ертегінің аяғы  
Білемін ғой жақсылықпен бітерін,  
Білемін де қапаланбай күтемін.

### 3. МЫҢ ЕКІНШІ ТҮН

Қап-қара түнді жапты бүркеніп ел,  
Аппақ Айдан көмескі мұң төгілер.  
Жетім үшқын жамырап су бетіне,  
Айналды кеп аспанның суретіне.  
Шатыршаға Төңір шал қонды-дағы,  
Шертіп қалды сиқырлы домбыраны.  
Сол-ақ екен жұлдыздар жымың қағып,  
Бағандарға жайғасты нұрын жағып.  
“Күс жолы” боп тартылып Тоқырауын,  
Балықшы қарт мез болды тоқып ауын.  
Түн көрпесін жапқанда бүркеніп ел,  
Үшып келді қаптаған жын-перілер.  
Тоғай ішін шулатып тінтеді жел –  
Тал-қайыңды тентек жел жұлмалайды,  
Шу-дүрмекке таңырқап түн қарайды.  
Шаң қоршаса жұлдызды, нұрлы арайды,  
Жөргектегі сәби жын іңгәләйді.  
Түн тербейді бесікті жаны ашып бір,  
Пері сұлу мас болып адасып жүр.  
Сай-саланы басқанда қараңғы анық,  
Жосалының баурына алау жағып,  
жарқыратып, құрмақ боп сәнді арай бақ,  
Мас сайтандар қаптады қалбағайлап.  
Дио бұлттар аспаннан андағайлап,  
ақ семсерін майысқақ талға байлап,



билеп кетті олар да жыңға аралас.  
Сауық-сайран түнінен құр қала алмас.  
Тау баурайын жағалап байғыз күліп,  
Жарқанат қыз ұшып жүр тыр-жалаңаш...  
Кемеріне жеткенде дүбір-дүрмек,  
Көкжиекті қан қылды қызыл нұр кеп.  
Су бетіне шуағын бүркіп арай  
шашқанында,  
барша жын тым-тырағай  
қаша кетті,  
бос қалып жынды жұмақ.  
Тек Жосалы тау ғана тұрды жылап.  
Ол да қызып қалған-ау шарап ішіп,  
Ал батыста түн менен таң алысып,  
Арқасына Ай-қызды мінгізіп ап,  
Дию-бұлттар аспанға барады ұшып...

#### 4. МЫСТАН КЕМПІРДІҢ НЕМЕРЕСІ

Кіндігіңе таққаның күміс сырға,  
Шешілерге жақындау түр ышқыр да.  
Әлдекіммен беймезгіл жұлыстың ба,  
Бейона бір бәдікпен ұрыстың ба,  
Жанарыңа жат бопты нұр ұшқын да.  
Кіндігіңе таққаның күміс сырға...

Құлағыңа ілгенің қара ала сым,  
Сайтан әуен санаңды сабаласын.



Сұлулықтың шығарып жаназасын,  
Биге елітіп отырсың қара басың –  
Жын жайлаған жапан тұз даладасың,  
Құлағыңа ілгенің қара ала сым...

Мойыныңа оралған шұбар жылан,  
Бұралқы сөз, бейпіл ой, бұраң-бұраң.  
Сырт айналып суысып, сыралғы жан,  
Жүрегіңді күні-түні жын аңдыған.  
Қойыныңа қос тіккен құмар жылан,  
Мойыныңа оралған шұбар жылан...

Аяғыңа кигенің темір етік,  
Жезден қаққан өкшесін берік етіп.  
Алға басқан адымың кері кетіп,  
Жаныңа тек шайтанды серік етіп,  
Өмір өтіп барады еңіретіп,  
Аяғыңа кигенің темір етік...

Осындай бір қыз көрдім...  
Сенесің бе?  
Сайтан салған сурет бар денесінде.  
Менің баксыз халқымның ертегісі,  
Қалмаған сор жыл еді ел есінде.  
Сенесің бе?  
Көресің бе?..



Балқаш, Балқаш, көл кеудеңе мұз қатты,  
 Суық күз кеп, сынық тісін сыздатты.  
 Шағалалар шарқ ұрады төсінде,  
 Қара талдар қалтырады кешінде.  
 Түн-көзіңе жаңбыр жасың іркілді,  
 Жылауық жел бұза берді шырқынды.  
 Қамыс жалың жығылып тұр біртүрлі,  
 Мұнар белде мұң ұлып тұр біртүрлі,  
 Бектауата бетін бұрып батысқа,  
 Көк аспаның құбылып тұр біртүрлі.  
 Сезем бәрін – сезімінде жоқ күтім,  
 Кенді қырлар жамыла алмай шоқпытын,  
 Қара күзде қаша береді көп құтын.  
 Құстар ұшқан құба белге қол бұлғап,  
 Қош-қош айтты көлбеңдеген көк түтін.  
 Балқаш, Балқаш, тербелмейді төсін-дүр,  
 Сәби сазға айта алмадың бесік жыр.  
 Ымырттағы іңгөлаған іңкөр үн  
 Қыр-адырда құм боран боп көшіп жүр.  
 Балқаш, Балқаш, кеудеңе мұң қамалып,  
 Қалыңдап тұр қара аспаның қабарып.  
 Қайтқан құсқа мен де ілесіп кетейін,  
 Көктем келсе кездесерміз жаңарып.  
 Балқаш, Балқаш...

«Жазам деген жыр ма еді азнама?!»

*Ғалым Жайлыбай.*

1.

Құба белде қалмағанда гүл-ажар,  
көрден қашып Қорқыт ата пірөдар  
тұрақ таппай кезген еді жалғанды,  
тек алдынан шыға берген көр мәңгі.  
Жер жұтатын асқақ асыл арманды,  
жел жұтатып қалың қара орманды,  
Қара жердің қабырғасын сөктіріп,  
Қаралы елдің зәбір-жасын төктіріп,  
Кімді алмаған, кімді алмаған сұм ажал!

2.

Гүл-өңірдің төгілгенде жасы көп,  
Сұм жалғаннан Асан қайғы қашып ед.  
Жерұйығын арта алмай нарына,  
көр-ірім жұтты оны тағы да.  
Түншығар ел тағдыр толқындарына,  
Бер тірлігі қалып артында адыра.  
Қалың аспан қабак түйіп қабарған,  
қалың қайғы қан ақтарып жанардан,  
Кім зарламас, кім зарламас қасірет!

3.

Нұр-өлемнің сарқылғанда бұлағы,  
құба белдің қырқылғанда құрағы,  
қара жерді көктің сеңі жасырып,  
сіз де кетіп қалдыңыз-ау асығып.  
Көкірегін қыздырса да жас үміт,  
Қойнына мұң, мойнына ажал асылып,  
мәңгілікке әкеткенін аңғардым,  
бірақ аршыл, ақ жүректі жандардың,  
тек пейіште, тек пейіште тұрағы!!!

## ҮШЕУ

Бір-бір үйдің бір-бір жалғыз ұлы едік,  
Дос-жақынын бауыр қылған тағдыры.  
Бір әлемнің жалқы жалқын Күні едік,  
Кеңістігін кестелеген таң нұры.

Үшеуіміз де бір ғасырдың төлі едік,  
Бірге естідік өткен күннің сызды үнін.  
Көппен бірге сан думанға бөледік,  
Жалғыздықтың жиырмасыншы жүз жылын.

Жалғызбыз деп айтпадық біз бірақ та,  
Көпшіл досқа қоңсы қонған көршіміз.  
Үшеуімізге ортақ арман-мұрат та,  
Үшеуіміздің бөлінбеген еншіміз.

Үшеу едік...  
Екеу-ақпыз бүгінде,  
Өр ғасырдан өтпей қалды сол жалғыз.  
Көбейеміз, көбейеміз түбінде,  
Болашаққа топпен сәлем жолдармыз.

Үшеу, екеу, жалғыздың да жан жырын,  
Түсінеді-ау дос таба алмай жүрген ер.  
Жалқы туып, көппен көрген тағдырым,  
Жалғыздықтың көзін құртар күн келер!

Дәл сол күнге – түбі, ақыры бір келмек,  
Әзірленем әспетті әсем дәмемен.  
Сұраймысыз «сол үшеуі кімдер?» деп,  
Мен айтайын –  
Атам, Әкем және мен...



## БЕЙБАРЫСТЫҢ ЕЛГЕ ОРАЛУЫ

Жолына басты тігіп Һақ Тәңірдің,  
Боз таңда мақпал қара атқа міндім.  
Бозаңға боз жусандай бұрлығы өсіп,  
Көктемде көк Ніл болып ақтарылдым.

Ей, Жалған, тыңда мендей шермендені,  
Елес боп еске түспес ел мен жері.  
Құл тірлік несіп екен өлмеген сон,  
Дүние – бесік екен тербелмелі.

Дүние – зеңгір көктей нұр саулаған.  
Сұм тағдыр, құл талқысы құрсаулаған.  
Өткен күн – өткелегі өкініштің,  
Қара үңгір қапас екен күн шалмаған.

Боз жусан, бозаңға өскен бір білерім,  
Кеудемді кер намыс боп тілгіледің.  
Сұлтандық ұлтандықты ұлтарақ қып,  
Беріш боп қатып кеткен сұм жүрегім.

Беріш-мұң көкірекке шемен байлап,  
Егілсем, еңсе кермес емен-қайрат.  
Көзіме боз жусан боп елестейді  
Боз таңда шық тұнатын ежелгі аймақ.

Кеудеме кер намыстың өрті құлап,  
Белесте бел шешпенің беркініп ап.  
Боз жусан, сенен сезіп далам иісін,  
Денеме дәрмен кірді, дерт ыдырап.

Қарт тәңнің дерті ыдырап, шері кеміп,  
Туған жер!  
Саған келдім тебіреніп.



Шық тұнған боз жусанды бір ніскейін,  
Анамның көзі гой деп еміреніп.

Ей, Жалған, тыңда мендей шермендені,  
Пеңдеңнің тынар сапар-сергелдені.  
Жусанға басым төсеп көз жұмайын,  
Дүние – бесік екен тербелмелі.

Ей, Жалған, тыңда мендей шермендені!..



## КҮНПАЯКҮН

Қатпар-қатпар қара түн,  
Ақ қар жапқан түл дала.  
Қарға-құзғын қанатын  
Қанға малған, былғаған.

Сары сайтан сақ-сақ күл,  
Сабыры қашқан құдайдың.  
Жанымды жаншып бақ-сатқын,  
Жадағай көңіл жылаймын.

Моланың есігі шикылдап,  
Азалы күй бітіп барады.  
Өмірі үзілді күй тұрмақ,  
Беймаза, бетпақ даланың.

Жамылды дала кебінін,  
Құдайды қарғап қызыл гүл.  
Тонап ап дүлей өмірін,  
Шөпжелке-тағдыр үзілді.

Болмыссыз баз кешін бар жалған,  
Уақытсыз түнек бас алып.  
Құдайдың өзіне арналған,  
Бір табыт жатыр жасалып!



Ойымнан кетпей нұрлы жанарыңыз,  
 Ерекше мұңға толып барады күз.  
 Кездейсоқ ұшырасып қалғаннан соң,  
 Ойлаудан жоқ-ау басқа амалымыз.

Соншалық сиқыр сазды есіміңіз,  
 Сүйінсем сыртыңыздан, кешіріңіз.  
 Мендегі бар сезімді әлдилеген,  
 Кеудемнің күймесінің көшірі – күз.

Түп-тұнық жанарыңыз түнмен егіз,  
 Жайдары жамалыңыз гүлмен егіз.  
 Түн кешіп, гүлге ынтығып келе берсем,  
 Ерігіп, елес қуып жүр демеңіз.

Жап-жарық нұрлы күндей дидарыңыз,  
 Мен Сізді жиі ойлаймын, иланыңыз.  
 Сезімді көктемеде ұмытқан соң,  
 Жүрекке төтенше мұң сыйлады күз.

Мұңлы күз,  
 Жүрекке жыр құйылған күз.  
 Қосылмас, жақындамас қиырлармыз.  
 Сағына жыр жазғаннан басқа амал жоқ,  
 Бағына басқа жанның бұйырған қыз...

## КҮШПРАК

*«Тот кто умер в этом году,  
избавлен смерти в следующем...»  
У.Шекспир.*

Сен өлген күні –  
Жек көрер жұрттың күн-түні теңелген күні –  
Ақтамақ ару отырар алқымнан алып,  
Қыпша бір белін қынаған кемер белдігі.

Сен кеткен күні –  
Сел болып сол бір бейбақты шерлі еткен мұңы.  
Ақтамақ жаңбыр құяды-ай төпелеп тұрып  
Күн санап күтіп жүргендей ел көптен мұңы.

Жүрегің қанап,  
жылар шын ел де (пендеге бір өлім бар – ақ!)  
Қамкөңіл досың күрсінер,  
«Жері де жұмсақ,  
өзі секілді» деп қойып, күрегін қадап.

**Жылайды** аспан, жылайды-ай өксіп, өкіріп.  
**Жай ойнап** кетіп, көк жүзін тепсіне тіліп.  
Дамылдай алмай дауылдап жатады дала,  
Көкке ұшып рухың кеткенде шексіз өкініп.

Ып-ыстық болып сендік бұл өмір бір күнгі,  
Қара бұлт бүркеп Ай сүйген көгілдір түнді.  
Зарлайды аспан еш маңға сыйдыра алмай  
Мазасыз, бақсыз, шарасыз сенің рухыңды.

Жазасы бардай,  
Сен кетсең тағы толассыз қаза шығардай.  
Күңіренер ғалам, одан да тыныш жүрсеңші,  
Байтақ, кең анау аспанның мазасын алмай!..

## МЕТАМОРФОЗА

Мен жыладым,  
Жаңгырық та аһ ұрды,  
Тау қойнауын тасқын сезім сапырды.  
Мен күрсіндім – ішін тартып кара үңгір,  
уылжыды үілдеген самал бір.  
Сыңсығанда сылдыр етіп көк бұлақ,  
Тыншығанда сыбдыр етіп шөп-құрақ.  
Еркеледім – емен жайды етегін,  
Күркіреп ем, көбең қайғы  
көк өрім гүл көзінен аунап түсті мөлт етіп,  
Мен жамылған жасыл шалғын – көрпе-құт  
сарғайды ол да, сағынғанда мен сізді.  
Ессіз дала сол күндері елсіз-ді,  
Момын мұңды көк мүйізбен жел сүзді.  
Мені сүзді бір арам күш оңдырмай,  
Көңіліме көбіктей мұң қондырмай жүр едіңіз.  
Іс жасадым тым артық,  
Сағым құсап сезім кетті мұнартып,  
Шағым жасап сөкпедіңіз кінә артып,  
Тек ренішті тағып жүрсіз тұмар қып...  
Содан бастап айналамды күз басты,  
Шың-қабақтар сыртын беріп сыздасты.  
Нәзік гүлдер күлмей маған қылымсып,  
Қобыз-қурай күй төгеді ыңырысып.  
Сізде жүрген белгісіндей өкпенің –  
Күз боп менің күңіренуде көктемім.  
Күңіреніп кеп көрсем кеше сол маңды,  
Мені танып дімкәс дөңдер долданды:  
Табиғат та тағылықтан шаршаған,  
Аңырап құр қаңырап түр барша маң.  
Көл кемерін сор жалапты аямай,  
Сіз екеуіміз сейіл құрар саяжай  
сұрқы қашып, сүлгі басып, мұң жайлап,  
Өрмекші-өсек торлап апты аямай...



\*\*\*

Сары арқа, салқар сағым далам-ай,  
Толқын да толқын көзді арбар.  
Көлге бас қойып дамылдағандай,  
Жезкиік қырлар, жез таулар.

Балқашты көлдің бал құрағындай,  
Балбырауындай балдәурен.  
Жағаңнан тапқан жан құмарымды-ай,  
Шағалаң болдым самғаумен.

Ғаламдық сонар сапарда құрбан,  
Ақбөкен арман – шер бүкқан.  
Саф алтын мысың жаһанға ағылған  
Жезкиіктер ме еді жер жүтқан?!

Желбезегіне жебе қадалған,  
Алабұгадай арманым.  
Батыр бабамның төбеде қалған,  
Мұраты – мирас, жалғарым.

**Шағала** құмға салған ұяның,  
**Аламанай** – өні, ары – дем.  
**Пөйізі** шалқар ел дарияның,  
**Қаракөз** атты балығы ем.

**Қаракөз** халық, қаракөз балық –  
Ақ толқын сүйген ардағым.  
Анталап аңдыр алакөз-қауіп,  
Қаптырмасыншы қармағын.

Жезкиік қырлар, кенді бөктерлер  
Төрі атансын деп ғаламның.  
Толқыны болайын елжіреп тербер  
Балқаштай қалқа-қаламның!..

\*Қаракөз балық – орысша вобла. Балқаш бассейнін мекендейтін алабұға тұқымдас балық

## ЕРТЕҢ

Адыр-адыр, дөң-белес, қырқа-қырат,  
Ертең қардан құтылып гүл тағынад.  
Ертең анау аспанның кемерінен  
шұбатылып, шұбырып бұлт ағылад.

Ертең менің көктемім көрден тұрып,  
Емен-жарқын көңілмен елге ұмтылып,  
Қауышады-ай, сондағы сезімімді,  
Енді өлтіріп алмашы, енді өлтіріп.

Ертең қатал ақпанның туы құлап,  
Мөлдір, балғын бұлақтан бу ыдырап.  
Көктемім-ай, көк белден күлімдейді  
Сағыныштың жасына жуынып ап.

Жалт-жалт етіп жанары, ерні үлбіреп,  
Ән төгеді – әуені торғын жібек.  
Шаттанады сал самал, сұлу самал,  
Шабыттанып сыз сорған солғын жүрек.

Шаттанады шапақты таң сібірлеп,  
Теңіз көкті толқытар тамшы нұр кеп.  
Қайран көктем енеді құшағыма,  
Менің оған айтпаған жан сырым көп.

Менің оған шертпеген күйім қанша,  
Төгем соны тірлігім тыйылғанша.  
Өкпем де жоқ кешікті деп сөгетін,  
Күзді құштық ондай бақ бұйырғанша.

Адыр-адыр, дөң-белес, қырқа-қырат,  
Ертең қардан құтылып гүл тағынад.  
Ертең анау аспанның кемерінен  
Шұбатылып, шұбырып бұлт ағылад...



• • •

Сені күттім – нені күттім?!  
Көңілге алаң кірді.  
Жетегінде жел-үміттің  
жан – жадау, жанар – мұңлы.

Сен келмедің,  
Шермендемін –  
жүрегім сызға оранып.  
Соңғы үмітім сөнген менің,  
Кеудеме күз қамалып...

Түн алмасты, күн алмасты,  
Еңсемді езіп түрлі ой.  
Кеудемді зіл мұнар басты –  
Уайым боп кезіктің ғой.

Ерке күнім – серке күнім  
басымнан кетті-ау ұшып.  
Елесіндей ертегінің  
көркем күн көкке ауысып.

Үзілді үміт.  
Түңілдіріп,  
сырт беріп, сырғығансың.  
Өзгелермен күліп жүріп,  
маған кеп бір жыларсың!

Сені күттім...



## КҮЗГІ ХАТ

Жапырағын қайыңның жел ұрлайды,  
Күздің өңі өзгеше:  
Өмір. Қайғы.  
Жас қайыңнан жұлынған жапырақ кеп,  
Көк теректің ығына дамылдайды.

Жел тінтеді тоғайдың етек-төсін,  
Жеткізердей сызданып жат өкпесін.  
Жас қайыңнан жұлынған жапырақты,  
Жел қуалап аулаққа өкетпесін.

Жапырақ-жыр жазып ем саған арнап,  
Қайыңмын деп көктейтін далаға орнап.  
(Далаға орнап күз жатыр нала қамдап).  
Өзегімнен үзілген жапырақ-жыр  
Саған кетті, ұшырмай көр амалдап.

Мен қайың деп, ал сені көк терек деп,  
Теңеп көрдім өзімше ептеп-ептеп.  
Жапырақ – жыр, сезімің жел шығар деп,  
Өлеңімді лақтырмашы өкпелеп кеп...



## ШАЙТАН АҒАШ

“Қара да беріш қайың боп” қаттым,  
нала-сырды еміп желегім.  
Сазды жер сор боп, уайым-батпақтың  
жағасында өніп келемін.

Сары да жалқын жалғыз Күн қақтап,  
Аңқа кептірген аңызак,  
Сабырдан сарай салғыздың, батпақ,  
Бізге енді достың бәрі жат.

Түнек те түл түн жұтап, тарыға,  
қап-қара өңі жерге еніп,  
өксісе – сидаң бұтақтарыма  
түнейді перілер келіп.

Төріне көшсе тірі ұлыс көрдің,  
Сор түртсе сесіне кіріп,  
Іргесін қымтап ібілістердің,  
Мен келем өсіп – өкініп...

## КҮЗ

Күз келді, міне, қалаға,  
Сағыныш түсті сары қымыз толмай сабаға,  
Найқалған көштің нараду соңы шұбалып,  
Боздап келеді сіңірі үзілген нар-аға.

Кез келді қажып жығылар,  
Боздап келеді сыңар өркешті ұлы нар.  
Қалаға қарай бұрылды мына көш неге,  
Қалада менің қай аталарымның құны бар?!

Түсінбен –  
Даланы аңсап, бір мұң аңқиды ішімнен.  
Шаһарға көштің соңғы түйесі енгенде-ақ  
Түншыға өксіп, шошып оянам түсімнен.

Түнімен тыншу таба алмай,  
Жұмақтан Жерге қуылып келген Адамдай –  
Адасып кетем көшені кезіп – көшті іздеп,  
Жолықса кенет керуенбасын сабардай.

Сағымды салқар белді ойлап,  
Аласұрамын тау жақтан аққан желдей нақ.  
Керуен соғып, көшеде қалам қамалып  
Қалаға келіп қаңғырып жүрген мен бейбақ.

Көш те жоқ,  
Құмырсқа илеуінде салыққан менде ес те жоқ,  
Жүректі қарып, тамады ыстық тамшы боп  
Көзімде селмен, көмейде шермен өшкен от.



Жындана –  
Күңіренеді жұлдызды жұтқан түн ғана.  
Теңіз даланың иірімі екен жалмауыз  
Сені де жұтқан, мені де жұтқан сұм қала.

Күз келді тағы қалаға.  
Адасқан көшті аңсаған бала таба ма?  
Киіз үйімнен қалған құрымды күйдіріп,  
Басамын қарып қаны тиылмас жарама!

Күз келді...




## ТАҒЫ ДА САҒАН

Сен неткен әдемі едің?!  
Аппақ гүлім, ақ қанат көбелегім!  
Жанарыңда, жаныңда бейкүнәлік,  
Сені бәрі періште дейтіні анық.  
“Пері” деп ең сен мені.  
Есінде ме?  
Сері емеспін, перімін.  
Кешір, неге?  
Мен ғой періштелікті сенен көрем,  
Ал сен артық санайсың мені өңгеден.  
Сен – періште.  
Мен – пері.  
Пеңде емеспіз,  
Бір-ақ жанбыз екеуіміз, бөгде емеспіз.  
Мендегі бар сезімнің сенде бәрі,  
Сезгіш көңіл мұны да аңғарады.  
Пәктік сенде.  
Емес ол жараланған,  
Жүрегіңде – нұр-үміт, алау-арман.  
Менің жаным сыр мен күй тола қалған,  
Соның бәрін тек сенен, сенен алғам.  
Ол кеше-тін...  
Ал қазір сен де жалғыз,  
Мен де жалғыз.  
Көңілде – саржағал күз.  
Талай таңың мені ойлап атқан шығар,  
Шық боп тұнып кірпікке пәк тамшылар.  
Мен де солай, тамаққа тас кентеліп,  
Мәлтек мұңдар жанарға жас боп келіп,  
Жас боп кетіп...



Өзгермей күндегі рай,  
Сағат санап сарғайып жүргенім-ай!  
Күндерім-ай, өзіңсіз жалғыз өткен,  
Түндерім-ай, сені аңсап таң күзеткен.  
Сені ғана тілейді жан дүнием,  
Сенің өртің-дертіңе мәңгі күйем.  
Түн қойнынан түнжырап қарасыңнан,  
Менің жаным жай таппай аласұрған.  
Сенің, сенің сыңғырлап бір күлгенің,  
Жүрегімнің лүпілі бұл күндері...



Алмасып жарық күн мен қараңғы түн,  
Тұлғаммен ертеңге еніп барам бүтін.  
Түпсізге қайырылмасқа аттанбаққа,  
Түбі бір кесіледі адамға үкім.

Сол күні кетер ара шын алшақтап,  
Құм басып жоғалады-ау мынау соқпақ.  
Достық бар, одан өзге ештеңе жоқ,  
Біздегі бар белгіні тұрар сақтап.

Достық бар, одан өзге ештеңе жоқ,  
(Болмаса, болмашыдан сескенер ек).  
Сезімнің секем салар бәрі алдамшы,  
Ертең – сау, түсте – дертті, кеште – медет.

Білмеймін менің сырым кімге аянын,  
Күн сайын үміт қашып, ұлғаямын.  
Санама саңылаудан сөуле салған,  
Жалғыз дос – жанға дауа жырды аядым.

Жалғыз дос жанға дауа жыр ғана ма,  
Есілген есіл жігер құм қалада.  
Тәңірім, тәспік ұстар медет берші,  
Жүрегі жырым-жырым бір балаға...

## ҚЫС. СЕЗІМ.

### 1.

Қара жерді ақ мамық қар жабады,  
Сенің ізің жазды алғаш жарнаманы.  
Ақ қағазды алдыма мен де жайып,  
Жыр жазам деп өзіңе ең ғажайып,  
Ойға батып отырдым тағы армандап,  
Менің кеудем – ақ қарға оранған бақ.

### 2.

Тереземді қырау гүл өрнектеді,  
Өмір сондай керемет келбетті еді.  
Қырау қатса күрсаулап жүрегімді,  
Гүлді өрнекпен салам деп нұр-өңінді,  
Дидарыңды аймалап қиялыммен,  
Кеудеме сыр-сезімді құямын мен.

### 3.

Үй сыртында ақ боран аласұрды,  
Менің кеудем секілді нала-сырлы.  
Көктемді іздеп қыс борап бүлінгендей,  
Сен жайлы ойлар маған еш тыным бермей.  
Қаламыннан алапат жыр борады,  
Бұлдыр уақыт, ақсүтек сырғанады.

### 4.

Нұрлы Күннің сәулесін аяз қарып,  
Қалтырайды қайың-тал қаязданып.  
Қалтыраумен өтетін бар ғұмыры,  
Табиғаттың қатал қыс – заңдылығы.  
Өмір-боран, тұрса да қамап ызғар,  
Жалын сезім лауласын арамызда...



## СӘУІР

Көкше теңіз, жағаңа көктем кеп тұр,  
Көктем кеп тұр – аспаны көкпеңбек нұр.

Жиырма үшінші көктемім бүрін жарып,  
Қыс қылтадан қырқылып, қыбым қанып.  
Көк теңіздің отырмын жағасында  
Ерік беріп сезімге – шығынданып.

Теңіз жатыр көктемі күле кірмей,  
Жылап еріп, көк тоңы бір егілмей.  
Бү да бір бейдауа дерт жамаған ба  
Мысалы, менің жүдеу жүрегімдей?!

Жыр төгіп, жыламай ма, жылынбай ма,  
Мүз қылып шаға ала ма мұңын қайла?!  
Шарқ ұрған шағалаға шалқып ерер,  
Біздерге қайта оралғыш гүмыр қайда!

Өтеді, кетеді өмір өкіндіріп,  
Сен неге егілмейсің етің жібіп?  
Мен неге мелшиемін мешеу құлдай?  
Толқының тебіренсе ғой бетімді ұрып.

Келші енді, көтерілші,  
Таста мұзды,  
Бар әлем байыта алмас басқа бізді.  
Көктем ғой, көкешім-ау, көркейсеңші,  
Ертең-ақ кешеміз ғой қасқа күзді.

Кел енді, қауышайық, Көкше теңіз,  
Мен – жастық, сен – мұнайған кексе теңіз.  
Табысып, тебіренсек дүр әлемге,  
Кешегі өткен күнін көксетеміз.

Көкше теңіз, жағаңа көктем кеп тұр...

## ЖАҢААРҚА

Көгінен бұлтын түріп сан жасыны,  
Тарихтың тасқа көшкен таңба сыры,  
Көнеден көктей өткен көктің тінін,  
Бұл ғасыр – Жаңаарқаның өн ғасыры!

Бұл ғасыр – Жаңаарқаның күй ғасыры,  
Ықылас толғар мұңның бұйда сыры.  
Баласын күймен жоқтар Сары Тоқадай,  
Ғасырдың кемеріне сыймас үні.

Ашылмай шыққыр көздің шел-басыры,  
Бетпаққа беріш байлап, жер жасыды.  
Құмығып құмға батқан құмарымдай,  
Жезкиік – Сары арқаның шер ғасыры!

Басылып құба қырдың құм дауылы,  
Басталар ұланыңның жыр дәуірі!  
Жаңаарқа – Жаңаарқа ғой жалғандағы,  
Қазақтың елжіреген бір бауыры!

Сырғасы сипап көкте жүзген Айды,  
Боз үйдің жабығынан қыз қарайды.  
Ауылы серілердің сертін сүйсе,  
Бауыры сары даланың сыздамайды!

Құмында ізі қалса бабалардың,  
Жырынан жүзін көрдім даналардың.  
Жонында Сары арқаның өн боп үшты,  
Кекілін кербестінің тараған күні!

Ақтоғайдан ақ қайың-ару көрдім,  
 Жасыл желек жастығы пәк күнөдан.  
 Ай көркіне ғашық боп тағы үлгердім,  
 Сыршыл сезім қамытын тақты маған.

Жел өгіне желегін жұлмалатпай,  
 Нұр дидарын ну жыныс қымтап алды.  
 Тұнжырай қап жанарым түнгі алаптай,  
 Шатыршадай басыма бұлт оралды.

Ақсораңдай арманым мұзды күшты,  
 Ай астынан жарқ етіп сен көрінбей.  
 Жетімшоқы-көңліме күз жылысты,  
 Тоқырауын күм жұтып өлгеніндей.

Ақтоғайдың гүл жазын дауыл алып,  
 Салқыны алып кеудемді күзгі лептің.  
 Қайтқан құсқа қош-қош деп ауық-ауық,  
 Жырын жаттап отырмын «Қыз Жібектің».

Жалпаққайың, тұлғаң-ай жеке, заңғар,  
 Ақ қайың-қыз қалтырап тұр ма, көкем?  
 Қособаның тұсында Бекежан бар,  
 Жосалы адыр тұсында кім бар екен?

Жоса кетер, жас сезім өлер ерше,  
 Ақ жүрекке сұр жебе дарыған соң.  
 Алты қазбен тілдескен Төлегенше,  
 Алты шумақ жыр жаздым.  
 Налыған соң...

## МЕНИҢ ДЕМОНЫМ

Сіздің өмір айт пен той, дырду-думан,  
Біздің тірлік сымбатты сырдан ада.  
Сен зымыра, сұр мұзда сырғана да,  
Ал мен шырақ жағамын бір молада.

Менің әлсіз шырағым өшпек емес,  
Сен білмейсің не екенін от пен Күннің,  
Сенің Күнің — көк аяз көктеңбіл күн,  
Сенің отың — туысы шөккен күлдің.

Менің молам — өз молам, күмбезі көк,  
Қоңыр топырақ, әлсіз шам діріл қағад.  
Сен адассаң зәуазаттан зырылдап-ақ,  
Сенің көрің жымысқы жылым болад.

Мен өкірем, өкірсем өз көрімде,  
Сен тіл қатпай, қатасың, түншығасың.  
Маған берсе кебін ғып Күн шұғасын,  
Саған суда жағады кім шырасын!  
Мен аруақ боп Ай жақтан аян берсем,  
Су бетіне сен қалқып бір шығасың...

## ИТ ЖЫЛҒЫ ОҚИҒА

(Өзіл)

Жер — батпақ, көк қымтанып ыс-шапанмен,  
Жылап құр қоштасуда қыс шаһармен.  
Көктемде Һақ Тағала Махаббатты,  
Балқашқа аттандырды іс-сапармен.

Жеті қат көкте бұйрық ғапыл қалмай,  
Періште Жерге аттанды — шақырғандай.  
Жеті мұржа астыңда қала жатыр,  
Мыс емес, бұлт өндіріп отырғандай.

Мастарды тәй-тәйлетіп кешкі барлар,  
Жастарға той тойлатып ресторандар.  
Еш пенде қарсы алған жоқ Махаббатты,  
Тіпті оны менсінбеді ескі вокзал.

Таң ата қайнап кетті қазан-базар,  
Періште бір мұсылман адамға зар.  
Саудакеш, арбакешке жетіп барад,  
Ал базар аудармады оған назар.

Әр пенде таба алмаса өз мұратын,  
Базарда бос жүргенді жазғыратын.  
Махаббат миы қатып, жан таппады,  
Келді деп куәлікке жаздыратын.

«Құдай-ау, мұнда неткен көп ед кәпір?!»  
Періште бола қалды кенет пақыр.  
Мешітке Алла үйі деп жетіп барса,  
Тарс жабық есігі, ол да ремонтта тұр.



Жан таппай бір шаһардан жүректі, арлы,  
Әкімге кірсем бе деп бір оқталды.  
Ақыры қолын бұлғап Алла жаққа,  
Махаббат «Аладдинге»\* түнеп қалды.

Махаббат, пәк күндерің қайда, күргыр?!  
Махаббат енді дейді ел жайға дүлдүл.  
Шапағат сол маңайдан жүға ма деп,  
Қыз біткен «Аладдинді» айналып жүр.

Аспан болса тып-тыныш...

\* «Аладдин» — Балқаштағы қонақүй кешені.



## ЖЕЗҚАЗҒАН. 1997.

Қош енді, қала, көшеңді кезем соңғы рет,  
Қара тас тұғыр-көсемді көрем соңғы рет.  
Жанары жаздың тамшыға тұнар мөлдіреп,  
Қолында достың бал-сыра тұрар мөлдіреп.  
Тілегін соңғы тауысып, аһ ұрар ол жүдеп.

Қош енді, қала, кеселді-кесір көктем бұл,  
Көшейін елге қауышып қамшыл көппен-дүр.  
Кеудемді кезіп көксеу, мұң, кешу, кептер-жыр,  
Кеңгірдің ерке толқыны сынды көктембіл,  
Жанымды менің жатсынбай ұғар тек Кеңгір.

Қош енді, қала, көк түтін туың желкілдеп,  
Шығарып салдың ұлынның емдеп дертін көп.  
Жұртына қарап жылағым келеді еңкілдеп,  
Өксімесен де серіңді сертшіл сен тілдеп,  
Жоқтарсың ертең кеткенде Кеңгір көл кірлеп.

Қош енді, қала, ортайды жастық қырманы,  
Еңкейді от Күн, төбемде ұзақ тұрмады.  
Қызарып батқан Күнді орап түннің күндағы,  
Жездінің көгін жезтырнақ-ымырт тырнады.  
Қош енді, қала, өкініш екен бұл-дағы...



## ЭКСПРОМТ

Ей, акеділ ақындары Қарағандының!  
Қайсыңды табам қарбалас қаладан бүгін?  
Кеудеңе тығып жүрмісің елге көрсетпей  
Алланың көктен ерекше тараған нұрын!

Тараған нұрын — жақсының қалаған жырын,  
Қағазға салмай қамығып қалар әр күнің,  
Басыңды неге қоспайды төбеге жиып,  
Қазақтың сөзін тергеуге жараған білім?!

Ей, ақсемсер ақындары Қарағандының,  
Жырға жерік боп қажып жүр әр адам бүгін.  
Үкімет құсап кеттік-ау күніне өзгеріп,  
Патшаның күтіп күйбендер жаңа жарлығын.

Мәдиді қуып түрмеге қамаған күнін,  
Поштабай сырбаз Біржанды сабаған күнін  
Есіне ал әркез көкбөрі ұлиды-ау деймін  
Абадандары танытпай абадандығын.

Кім келіп қазір ұқтырар маған Ар құнын,  
Кім беріп уын, жанымды жазалар бүгін?  
Аласұрамын жалғыз қап топтың ішінде  
Жүрегім менің — көп қорқау қамаған құлын.

Ай, жеке шапқан батырлары-ай Қарағандының...



## ЖИДЕБАЙ БАТЫР ЕСКЕРТКІШІ

(Р.Ж.-ға)

Армысың, арман арын сүйдірген,  
Жүректе жанған оты – бақ.  
Батыр бабамның қанын сіңірген  
Қанкүрең туган топырақ!

Ұшырған баптап бала қыранды,  
Осы ауыл алғаш самғар бел.  
Ақынның ары болады мәңгі –  
Батырдың қаны тамған жер.

Найзаның ұшы намысы болған,  
Қаһары – кайқы қылышы.  
Жағаласқанның жанын шығарған,  
Жидекемнің бұл ұлысы!

Бастау болады дастанға тағы  
Тоқырауынның тұнбасы.  
Елдің еңсесін аспандатады  
Батырдың асқақ тұлғасы.

Бабаның сертін ұрпағы жалғап,  
Тұғырға қонса һас тұлға –  
Тарихта адасып жүр тағы қалмақ,  
Тұлпарлар тұяғы астында.

Ерлердің ізі жатыр жалғаса,  
Ұлыстың ұстап тізгінін.  
Бабалар жаугер батыр болмаса,  
Кім болар едік біз бүгін?!

Оралбайды асып оралар ма едік,  
Туған жер, саған жол қанша.  
Тарихтан тұл боп тоналар ма едік,  
Жоғалар ма едік Жоңғарша?!

Бабалар жаудан күзетер белін,  
Шарласын шалқып жыр-құсым,  
Түлкі-заманды түзетер ме еді,  
Киңе қойса бір мүсін?!

Найзамен серпіп түнекті тылсым,  
Ер қонар аттың жалына.  
Тәңірім түкті жүрек бітірсін  
Батырдың ұрпақтарына!



## КӨКТЕМГІ ЖЕЛ

...Сыңғырлап бір күлдіңіз,  
Еріп кетті көңілдегі сүңгі мұз.  
Айтыңызшы, бұған дейін көрінбей,  
Қай көшемен, қалай тыныш жүрдіңіз?

Қазір көктем.  
Қырда қызу құтты шақ,  
Сыз басар тек кер кеудені дық қысап.  
Балқаш жатыр қыртыстанып мұз төсі  
Кілегейі алынбаған сүт құсап.

Сықшыты осы мұз көлдің,  
Сұрғылт тастар жағалауға тізген мұң.  
Бүр бітпеген бұталарды менсінбей,  
Шықпайды жел маңымыздан біздердің.

Бүрсіз бұта сағынады жыл құсын,  
Қыртыстанып мұз боп жатыр күллі ішім.  
Сүттей аппақ аңғал күнін аңсайды,  
Іртік-іртік іріп кеткен тұрмысым.

Ал, сіз күліп тұрдыңыз.  
Көптен күткен көктем болар құрбыңыз.  
Айтыңызшы, бұған дейін көрінбей,  
Қай көшемен, қалай тыныш жүрдіңіз?..



## ӨРТ

Жел жоғалды аспанға, дала тыныш.  
Жадау тартты жабырқау жаратылыс.  
Момын қырлар күйдірсе күнге арқасын,  
салқын ауа сағалап шың-жартасын,  
ауып кеткен.

Ал дала жаңбыр тілеп  
сусап жатыр.

Көмектес, тау жұрты кеп.

Тым құрыса, бір шөкім көлеңке бер,  
Құтқармасаң аптаптан жер өртенер.  
Тыңдамайды маңғаз тау керіп төсін,  
(Ол да маған жаңғырады еріккесін).  
Күн аптабын жалтыр тас тайғанатып,  
Асқақ төсін самалға аймалатып,  
тұра берген.

Ал дала ғажап атын  
ұмытты да, жақты кеп тозақ отын.  
Лаула, тозақ, менің де құтым қашты,  
Сай-саланы тымырсық түтін басты.  
Ібіліс-жын деміндей тозақтағы,  
Тұмшалап ап бар маңды, азаптады.  
Жанталасты қара жер бір аянбай,  
Тау да кенет лап етті шыдай алмай...

Күндер кетіп басымнан ерке кілен,  
Мен де кеше осылай өртеніп ем.  
Сен ғой сонда менсінбей асқақтаған,  
Тым биіктен көзіңді тастап маған  
сырт беріп ең.

Мен жүрдім отқа оранып,  
өзегімді өрт жеді-ау қап-қара ғып.  
Бықсық кеуде жан едің, жоқ пейілің.  
Бықсып-бықсып бір ұшар көкке күлің.



Шемен кетті, шөл қанып, шер тарады.  
Жатырмай маған да ел қарады.  
Тек, ұмытна, өртенсе жер танабы,  
Дала түгіл, тауды да өрт алады...



Жайнаған жаз, қош бол енді, кеттім мен,  
 Күз келіп тұр жүзін желге өгтірген.  
 Дариядан өтейін мен кайық сап,  
 Емен-жарқын еркелеген екпінмен.

Қош бол енді, маған бұлай қарама,  
 Мені күткен күздің де оңі сары ала.  
 Көк толқынның көшіне еріп жетейін,  
 Арманымдай алыс арғы жағаға.

Өкпелеме, дәмдес болдық кемді күн,  
 Шерте берсең түгесілмес шер-мұның.  
 Маған да ауыр ана жақта сен жоқта,  
 Жұбатады мені сендей енді кім?!

Мойыл көзі, кірпігіне мұң құлап,  
 Мөлдір жасын тұр өзі өзер іркіп-ақ.  
 Өмір деген — ақша бұлт қой жаңбырлы,  
 Бір селден соң бар сағыныш ұмтылад.

Қиналмашы, қиналмашы, білемін,  
 Сүйер едім, ұмыт, бірақ, тілегім.  
 Кетейін мен.  
 Сендегі үлкен сезімді,  
 Жарылады көтере алмай жүрегім...



## КОНТУЗИЯ. ҚАЗАҚ. БІЗ.

*Тарихқа «Ұлы Отан соғысы» боп енгізілген II Жаһан соғысынан Кенесары, Кейкі, Махамбет туған елдің ерлері аяқ-қолсыз мүгедек, миы шайқалған – «контуженный» атанып оралды.*

*Жергілікті газеттен.*

Жүрегіме қырау тұрып кей түні,  
Есіме алам басы кеткен Кейкіні.  
Елдің басын кесіп кетер шерді ойлап,  
Бассыз күйде... екі ғасыр борбайлап,  
Күн батыста қан кешіп ем сор қайнап.

Жүрегіме шер жамалып кенеттен,  
Сығалаған сайтан көрем сенектен.  
Иманымды түншықтырып шер-жүрек,  
Көкіректі ура-ұран кергілеп,  
Дүние-дүбір – дүрсілдеген зеңбірек.

Жүрегімнен шық төгіліп мөлдіреп,  
Бассыз тәннен қанды жалау желбіреп,  
Отқа оранып аман келгем елге мен,  
Оң аяқты Еуропада жерлегем.  
Жүрегімде жасқа бөккен шерлі өлең!

Жүрегімнен сынсығанда қыр әні,  
Замананың оқылғанда «Құраны»  
Құмыққанда майдандардың ұраны,  
Бас көтеріп екі дүние сұрағы –  
Бассыз тәннен қазақ қарап тұрады!



Бассыз тәннің миы қалай шайқалмақ?!  
Ессіз күннің емі неден байқалмақ?!  
Жүрегінде намысыңды дүрелеп,  
Томар тәннен атаң қарап, күлер ед:  
Аяғы мен қолы да жоқ – мүгедек!

Бүгінгі ұрпақ – аталарға шөбере,  
Аяқ-қолы бүтін, шығар төбеге.  
Бабалардың басын іздеу парыз-ды,  
Атасынан қалған балдақ – аңыз-ды:  
Аяқ-қолсыз, бассыз елден жаны ізгі.  
Жүрегі жоқ ұрпақ туған тәрізді!

Кешір мені, ер Кейкінің ұрпағы,  
Сол соғыстан конгузия жұрт әлі!!!



## БАТЫСҚА КӨШКЕН БАУЫРЛАР

*"Адамның басы — Алланың добы"*

Күдірет күш құмсағатын төңкерді,  
Күнбатыстан қалың мұжық ағылып.  
Көк аспанды қанатымен көмкерді,  
Ресейлік екібасты самұрық.

Ақ патшадан қарашекпен ұл туды,  
Сары даланы күрең тумен отқа орап.  
От-тозаққа айналдырды жұртымды,  
Қызыл орыс, сары неміс, ақ казак.

Тың тыңдай кеп Сібір ауған қашқыны  
Тың игерді.  
Жатты дала теңіз боп.  
Отау тікті "халықтардың достығы",  
Иман-Иван, Жағорлар да егіз боп.

Күн қауысты, заман өңі құбылып,  
Көк байрақта, көк аспанда алтын Күн.  
Қыран казак томағасын сыпырып,  
Хас мұраты хасыл болды халқымның.

Тағы өзгеріс, төңкерілді жер мен көк,  
Күн астынан азынаған жел тұрды.  
Көш соңында қаңбақ-тағдыр телмендеп,  
Күнбатысқа жаңа қосын жөңкілді.

Қош-қош дерміз, үйірінді ізде, адассан,  
Бас аманда, бауыр етің бүтінде.  
Жолың болсын, көкжиектен әрі ассаң,  
Тек су ішкен құдығыңа түкірме!

Күллі әлемге сыймасаң да өрліктен,  
Біздің Отан өшірілмес картадан.  
Түрлі-түсті ұрпақтарын өрбіткен,  
Қазақстан, Қазақстан, қарт анаң!

## ҒАЛАМТОРЛЫҚ ҒАШЫҚ ҚЫЗ...

Еш тараптан табылмады дерегі,  
Еш тарапта жазылмады дерегі...  
Жеті түнде Сені іздедім желіден,  
Жеті тәулік хабарсызсың, себебі.

Іздеу салып жариялау – тым ерсі,  
Білерсің, рас бұл жайымды, күлерсің...  
Жеті түнде жел жылатқан желіден,  
Бір хабарың жіберші!

Жіпсіз торға шырмап қойған санамды,  
Түпсіз түнге жанарды.  
Жалқы жүрек шарлап келіп ғаламды,  
Саған тағы телміреді, Қараңғы.

Бір көрініп ғайып болған елестей,  
Бәрі-бәрі, бәрі ақиқат еместей.  
Көкте жұлдыз өліп... өшіп барады,  
Санадан тек сен өшпей.

Санадан да сарғайған түн сырт өңі,  
Үмітімнің үкі үлбірі үркеді.  
Құс жолындай көкке сіңіп барады,  
Ай аялдар ғаламтор мен түн торы.

Ай аялдар... түнгі аспанға асықпыз,  
Жыртығында жұлдыз жүзген лашықпыз...  
Қашан қайта Құс жолынан көремін,  
Ғаламтордан ғайып болған ғашық қыз?!.



Ботақанды өлтірген хан Абылай,  
 Боздағанда бас ием саған ұдай.  
 Ботасынан айырылған біз бір інген,  
 Іргесіне орданың сыз жүгірген.  
 Заманым-ай,  
 таусылған амалым-ай!  
 Хан Абылай, ей, қайран, хан Абылай!

Ботақан көрге тірі түскен күні,  
 Алаштың ақтарылған іштен мұңы.  
 Ақорданың үстіне қол келгенде,  
 Басыңды иген ер едің шерменде елге.  
 Заманым-ай,  
 Қан аққан жанарым-ай,  
 Қазақ әлі қапалы баяғыдай!

Ботақан жоқ, қазулы көрі қалды,  
 Маңдайында сол күннің мөрі қалды!  
 Таңдайында Көтештің өші қалды,  
 Дат дер едің, тіліңді кесіп алды.

Қара бұлт басыма төнгесін көп,  
 Кім айтады қазақты өлмесін деп?  
 Ботадайын боздаған қалың елді,  
 Зауал заман түсірер көрге сүйреп!

«Абылай, күйіп кетті салған қалаң...»  
 Сол заман – енді әркімге арман заман.  
 Ақорда түр түсінде көрген жерде,  
 Бақ орната алсам деп шерменде елге.

Ғалам енді шыға ма мына көрден?  
 (Әулие емес басымыз Құлагерден!)  
 Артық емес басымыз Ботақаннан,

Тіл – кесілген, мұрат – тұл, опат – арман!  
Елдігіңнен айырса жаһандану,  
Енді кімнен сұралар ердің құны?

Ай, Абылай! Аруақты хан Абылай,  
Түсіңе кірген осы заманым-ай!

Қайғымыз не, қазақтан талақ қайғы,  
Көрге түссе ұлыстың таңы атпайды!  
Көрген түстің жоруы тура болса,  
Аруағың біздерді неге атпайды?!

Ай, Абылай, аруақты хан Абылай!..



## ТАС КІТАП

(М.Б.-ға)

*Достарым қайтыс болған таныс-жақындарының  
басына қоятын тасқа өлең шығарып беруімді жиі өтінеді.  
Айына төрт-бес көктасқа жазатын болдық өлеңді...*

Бір адам өткен күні бұл өмірден,  
Бір жұлдыз аққан күні түн өңірден.  
Қайғының сызы есіп іреңімнен,  
Мен-дағы «жыр жазамын жүрегімнен!»

Бір мола орнағанда жоталанып,  
Жыр жазып отырамын қапаланып.  
Баспада шықпай жатқан кітапты ойлап,  
Жылағым келеді ылғи жата қалып!

Қайтерміз, шығар кітап – бір шығады,  
Жүректе тек көктесін жыр шынары.  
Өлеңі де шәйірдің таусылмайды-ау,  
Қайғы деген сұм қашан түншығады!

Сол қайғымен шулатса мола жақты ел,  
Шер емген жүрегімді аралап көр.  
Модалы сай-саланы саралап кел.  
Төсінде сары даланың қалың қорым,  
Зарлы жырды танысаң, маған ап кел.

Маған ап кел, салмағын бағалап бер,  
Шабыт деген шайқыны шамалап көр.  
Менің шерлі жүрегім жұлым-жұлым,  
Қазанама тізетін қара дәптер.



Қара дәптер, қаралы өн, қаралы жыр,  
Қоршал-қамап тастаған даланы бұл.  
Таспен бірге жүрекке жара қашап,  
Мұңға көміп жылыстап барады жыл.

Қаралы жыр молаға достай болған,  
Тоныкөктей шер шерткен жастай жалған.  
Мола бағып жапаңда тұрсыңдар-ау,  
Қайран менің жырларым тасқа айналған!  
Қайран менің жырларым тасқа айналған...



Күрсінді көл, көк толқыны көлгірсіп,  
 Жағалауда иленеді құм-батпақ.  
 Қамыс жалын кері тарап жел қырсық,  
 Көл төсінде құйын жүрді бұлғақтап.

Күн астында желбіресе көк түтін,  
 Қала қайнап, ысталады көшелер.  
 Кенді қырлар жамыла алмай шоқпытын,  
 Тас көрпесін бауырына төсенер.

Бура-бұлттар маң-маң басып ыргалар,  
 Бота-тайлақ жантақ күйсеп, кемсеңдеп.  
 Еңкейе алмай емініп құр мұржалар,  
 Күн батқанша көкті кезіп теңселмек.

Ащы түтін айналаны жайлап ап,  
 Тұмшалаған бұйра бұрым, кекілді.  
 Көзді баса, самай, саға сайды орап,  
 Балқаш әже тартқан шәлі секілді.

Тұман тұнып, көзге түртсе көргісіз,  
 Түн түнегі көлге еліткен секілді.  
 Мұнар тұнып ақ аспанға бергісіз,  
 Көктегі бұлт жерге біткен секілді.

Шағалалар адасқан боп шарқ ұрып,  
 Көл көңілін көтеретін секілді.  
 Кемелердің көмейіне шаң тұрып,  
 Гудок беріп жөтелетін секілді...

## ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУҒА БАС ИЮ

Қара жерге қан сінді,  
Қара төнім жаншылды,  
Ғақтың тезі зар сынды,  
Қақса бөлді камшымды,  
Қара қаннан гүл өнген,  
Қара таудан түн өрген,  
Түнек дүние түнерген,  
Ер шейіт һәм үл өлген,  
Қайқы қылыш, сүр жебе,  
Көр аршыған іргеде,  
Қозы маңырақ, қой маңырақ,  
Қайғы енеге ой жамырап,  
Қара түнге айналмақ,  
Қара жұрттан тайған бақ,  
Бұлдыр заман, бұл заман,  
Бесік ада «інгөдан»,  
Босаға – қан, төр – қаран,  
Шемен ғалам, шер ғалам,  
Ел айырылған кер заман!  
Заман зарын толғаған –  
Төңірінің үмбеті,  
Үмбетейдей ер бабам –  
Көмейінен шер төккен,  
Өлеңімен өрт өпкен,  
Ел сенімін серт еткен,  
Жыры тұнған ел шері,  
Көриянің кемсеңі,  
Желкенінің теңселі,  
Жалауымның шалқуы,  
Алауымның шарпуы,  
Жанарымның жарқылы –  
Қылышымның қынабы,  
Ұлысымның ұраны!  
Уа, Үмбетейдей ер бабам!



Ер қазасын естіртер,  
Ел назасын естіртер –  
Жырау тапнас заманда,  
Дырау сойған теріце,  
Сылау жағып сипалап,  
Қырау қатпас заманда,  
Жырыңа келіп бас қойдық  
Нас тұлғанды тасқа ойдық,  
Уа, Үмбетейдей нар бабам!..

## СЕРТ

Сері гұмыр кешермін, пері гұмыр,  
Жас жүректің басылмай желігі бір.  
Өмірі гүл, ақынмын, жерігі жыр,  
Көкірегім де сезімнің көрігі бұл.  
Періште қыз кезіксе жұмағымда,  
Албасты-жын жанасса құба қырда,  
Пейішке енсем пенделер тұрағында,  
Пірәдардай шалқысам пырағымда,  
Тағдыр, сенің талқыңнан көрем бөріні!  
Дерт-пиғылды емдемей өлең-дәрім,  
өкіп жүрсем пенделік пешенемен,  
өкінішке айналса өсек-өлең,  
Жан досым боп жұбатар кәрлі ібіліс.  
Қар көші боп күркіреп бар құбылыс,  
Тозақ-тұрақ төрінде барлық ұлыс  
сан-сапалақ сайқалдық салтын құрып,  
ақ кеудені айғай-шу алқындырып,  
астамшылық алса да аспан астын,  
Қалам, сені бөрібір тастамаспын:  
шемен-дертін жазам деп шер ішкеннің,  
ерен көркін жазам деп өр істердің,  
өлеңге өртін жағам деп өрісті елдің,  
ақ пейілі адалмен әдіптелген  
ақ канатты аяулы періштемнің  
өр қадамын алаулы жыр етем деп,  
мен Тәңірдің өзімен келіскенмін!



Ақ кенептің төсіне бояу жақтым,  
 бұйра бояу.  
 Бұл бояу кімге керек?  
 Ақ қағазға тұр салып, ой аунаттым,  
 Ой салмасам көңілі кірлеп өлед.

Ақ санамды айғыздап өлара кез,  
 Қиялидың қисынсыз түсін көрдім.  
 Басқаларға болса да керек емес,  
 Сенің сұлу көркіңді мүсіндермін.

Аппақ түнде алаңдап ояу жаттым,  
 Түңлігін түрмеді түн керемет.  
 Ақ кенептің төсіне бояу жақтым,  
 бұйра бояу.  
 Бұл бояу кімге керек?..

## Мазмұны

Құс қайтару .....	3
Уа, дарига... ..	5
Жауырыншы.....	6
Бұлттар .....	7
Халық әні .....	8
Теңіз, өлең, сосын... Мен .....	9
Қараша, желтоқсанмен... ..	10
Соқыр аккордеоншы .....	11
Кісікиік.....	13
Бұғылыға барғанда .....	14
Жазу .....	16
Алтуайт.....	18
«Мен жолдамын, өмір бойы жолдамын» .....	19
Қазақ.....	20
Сексеуіл .....	21
Ескі жұртта .....	24
«Арман-ай!..» .....	25
Үшпаған .....	26
1943. 29 Қыркүйек. ....	27
«Жаным, менің жүрегімнің дертін ұқ» .....	33
Жезқазған. Қола дәуірі. ....	34
Домбырам сынған .....	35
Күн мен түн .....	36
Қаладағы кентавр.....	37
«Сезім жоқ».....	38
XX ғасырдың үрейлі түсі.....	39
Бір арудың атынан .....	41
Ерейментау.....	42
«...Мен қысты күтем» .....	43

«Қыр басында Ай қалғыды» .....	45
Қызыл көшен. Қасым құдығы.....	46
Тақуа.....	48
Ыстамбұл. «Түркістан» рестораны .....	49
«Өлім – қара силуэт».....	50
Сіз бен біз .....	51
«Шөлши» өзені .....	52
Паранжы.....	53
Тоқсаныншы жылдар. “Тасқора” сыраханасы ..	54
Ән аңсау .....	55
Ұлытау .....	56
Арқар .....	57
Балалықтың соңғы күні туралы баллада .....	58
Бұқпа өзені .....	60
Ағыбай батыр мүсіні.....	61
Саябақта.....	64
Қызылтас .....	65
Өмір .....	67
Асқар Төлеухановқа хат.....	69
Врубельдің бір картинасы .....	70
Шарасыздық.....	71
Қырқыншы жылдар. Арқаның қысы.....	72
Қосын .....	73
Абыл мен қабыл оқиғасы. Қазіргі нұсқа. ....	74
«Көзінде күлкі жоқ төгілген» .....	76
Жамшыға барғанда.....	78
Жамшыға барғанда. Екінші өлең .....	79
Бұрындық хан .....	80
Он жеті... ..	81
Ұрыңқай тауы.....	82
Қайыршы .....	84

Тасарал. Нәукен аға.....	85
«Елді көрдім».....	86
«Уа, қайсар ақын, Махамбет Өтемісұлы!».....	87
Көктемді сағыну.....	88
Түнгі көл суреті.....	89
«Мен бұлтпын үнсіз сырғыған».....	90
«Сен мені жек көргеннен не шығады?!».....	91
Тоқырауын балқашқа құймады.....	92
Біздің қазақ.....	94
Мәліксай. Мәди моласы басындағы ой.....	95
Көне жырдың сілемі.....	97
Қазақстан.....	99
Ауыл кеші.....	101
Қырық жыл өткен соң оқылатын өлең.....	102
Фәни-құс.....	103
Көш.....	105
Кертолғау.....	108
Елес.....	110
Шылым. Шылбыр өзені.....	112
Тау суреті.....	113
«Қабарды аспан батыстан бұлтын шұбыртып».....	114
Оңдық шам.....	116
Ақтоғай.....	117
Біздің ауыл.....	118
Міскін.....	119
Шатырша.....	120
Күміс өзен.....	121
Ағам айтқан.....	123
Абақты. Декабрист.....	124
Балқаш балладасы.....	125

Қарағаш.....	127
«Гүлдер» шағын ауданы .....	129
Бір кісі.....	130
Өмір-ертегі .....	131
«Балқаш, Балқаш, көл кеудеңе мұз қатты».....	138
«Құба белде қалмағанда гүл-ажар» .....	139
Үшеу.....	140
Бейбарыстың елге оралуы.....	141
Күнпаякүн.....	143
«Ойымнан кетпей нұрлы жанарыңыз» .....	144
Күшірлік.....	145
Метаморфоза .....	146
«Сары арқа, салқар сағым далам-ай» .....	147
Ертең.....	148
«Сені күттім — нені күттім?!» .....	149
Күзгі хат .....	150
Шайтан ағаш .....	151
Күз.....	152
Тағы да саған .....	154
«Алмасып жарық күн мен қараңғы түн».....	156
Қыс. Сезім.....	157
Сәуір .....	158
Жаңаарқа .....	159
«Ақтоғайдан ақ қайың-ару көрдім» .....	160
Менің демоным .....	161
Ит жылғы оқиға .....	162
Жезқазған. 1997.....	164
Экспромт.....	165
Жидебай батыр ескерткіші.....	166
Көктемгі жел.....	168
Өрт .....	169

«Жайнаған жаз, қош бол енді, кеттім мен».....	171
Контузия. Қазақ. Біз. ....	172
Батысқа көшкен бауырлар .....	174
Ғаламторлық ғашық қыз... ..	175
«Ботақанды өлтірген хан Абылай» .....	176
Тас кітап .....	178
«Күрсінді көл, көк толқыны көлгірсіп» .....	180
Үмбетей жырауға бас ию .....	181
Серт.....	183
«Ақ кенептің төсіне бояу жақтым» .....	184

**Серік САҒЫНТАЙ**

## **ҚҰС ҚАЙТАРУ**

Редакторы **Мақпал ҚҰРМАНБЕК**  
Корректоры **Назерке КӘКЕН**  
Көркемдеуші **Бақытжан АҚЫШЕВ**  
Техникалық редакторы **Нүркен СҮЙЕУБЕКҰЛЫ**

ISSN 978-601-03-0357-7



**ИБ № 147**

Басуға 15.04.2015 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі "Times New Roman".  
Көлем 10,0 шартты баспа табақ.  
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 147/300.

«ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы



**Серік САҒЫНТАЙ** – 1976 жылы 11 желтоқсанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген.

1992 жылы Қоңырат ауылында Қазыбек Нұржанов атындағы орта мектепті тәмамдап, Жезқазғандағы О.Байқоңыров атындағы университеттің тарих-шет тілдер факультетіне түседі. 1997 жылы университетті бітірген соң, Ақтоғай аудандық “Арқа еңбеккері” газетіне әдеби қызметкер болып орналасқан. 2000 жылдан Балқаш қалалық “Балқаш өңірі” газеті редакторының орынбасары, облыстық “Орталық Қазақстан” газетінің әдеби қызметкері, облыстық “Балқантау” газетінің Бас редакторы, республикалық

«Айқын», “Алаш айнасы” газеттерінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі қызметтерін атқарған. Қазір республикалық «Қасым» әдеби-қоғамдық журналының Бас редакторы.

“Шабыт” Халықаралық фестивалінің лауреаты. Бірнеше республикалық жыр мұшәйраларының жүлдегері. “Жазу”,

“Фәни-күс” атты жыр жинастары, “Қарға” атты өңгімелер жинағы жарық көрген. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.